

Ж.Қ. Балтабаева, Е.О. Арын, Г.Ы. Әбдіраман

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің
қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы
10-сыныбына арналған оқулық

10

Қазақстан Республикасының Вілім және ғылым
министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2019

ФОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-92
Б 22

Оқулық жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттагы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған мазмұндагы үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

Шартты белгілер:

-  ТЫНДАЛЫМ
-  АЙТЫЛЫМ
-  ОҚЫЛЫМ
-  ЖАЗЫЛЫМ

Балтабаева Ж.Қ. т.б.

Б22 Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттагы 10-сыныбына арналған оқулык/ Ж.Қ. Балтабаева, Е.О. Арын, Г.Ы. Әбдіраман. – Алматы: Атамұра, 2019. – 144 бет.

ISBN 978-601-331-533-1

ISBN 978-601-331-533-1

© Балтабаева Ж.Қ., Арын Е.О.,
Әбдіраман Г.Ы., 2019
© «Атамұра», 2019



Құрметті оқушылар!

Қазір тәуелсіз қазақ елі өлемдік деңгейде өзін жан-жақты танытып отырғаны мәлім. Осындай Мәңгілік ел даңғылына түскен озық елді сендер де қоғамның белсенді мүшесі ретінде болашақта өрге сүйрейтін тұлға боласындар.

Ол үшін сендер білімдерінді жыл сайын тереңдетіп, дамытуға күш салуарың керек.

Осы кезге дейін сендер берілген тақырыптар бойынша сейлесім өрекетінің түрлерін жетілдіріп келдіңдер. Өз ойларынды ауызша да, жазбаша да сауатты, көркем, өсерлі жеткізуге дағдыландындар.

Сендер 10-сыныпта Алаш қайраткерлерінің үлтжандылық идеяларымен, қоғамдағы құндылықтар, өлемдік мәдениет пен өркениет, экономикалық интеграция, білім мен ғылым саласындағы озық идеялар, сөүлет өнері, сез мәдениеті мен шешендік өнердің сырларымен танысып, білімдерінді шындаі түсетін боласындар.

Оқулықта ауызша да, жазбаша да сез мәдениетін жетілдіретін тапсырмалар мол қамтылған. Білімдерінді бүгінгі өмірмен кециңен байланыстырып, даму мен өзгеруге бейім шығармашыл, кемел білім иесі болуға дағдылана түсесіндер.

Басты мақсатымыз – сендердің ақыл-ой, ізденіс пен шығармашылық қабілеттерінді жан-жақты үштау, үлттық құндылықтар тұнығынан сузындаі беруге жол ашу.

Іске сөт, жас достар!

Авторлар



I
БӨЛІМТІЛ ЖӘНЕ АЛАШ ИДЕЯСЫ
Сөз мәдениеті

1-сабак

ТІЛ ИДЕЯСЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, тілдің маңызы туралы ой бөлісіндер. Төмендегі сұрақтар бойынша өз білімдеріңе сүйеніп, тақырыпты жалғастырып айтыңдар.

1. Алаш қайраткерлерінен кімдерді білесіндер?
2. Олардың тіл туралы қандай еңбектері бар?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіннің стильдік элементтеріне қарап, жанрын анықтаңдар. Бас әріппен жазылған сөздерге түсінік беріңдер.

Мектепте оқып жүргенде орысша «русский язык», «родная речь», «чистописание» пәндеріне жарыстырып, «қазақ тілі», «ана тілі», «көркем жазу», «тіл дамыту» дейтін сабактар оқып, қарадай көңілінді үздіктірер бірінен-бірі өткен әсем атауларына таңғалушы едік...

Сейтсек, енді түсініп отырмыз, оларды жазғандар мен қазақшалағандар, негізінен, Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бекейханов, Міржақып Дулатов, Мұхаметжан Тынышбаев, Тұрар Рыскұлов, Халел Досмұхамедов, Құдайберген Жұбанов, Әлімхан Ермеков, Нәзір Төреқұлов, Жұсінбек Аймайтұров, Санжар Асфендияров, Жақып Ақбаев сынды үлт кесемдерінің алдын көріп, дәрісін тыңдаң өскен өнегелі үрпақтың өкілдері екен гой! Бірақ олар іштерінен имандай сенген елді дамыту үшін оқуды, оны дамыту үшін тілді дамыту керек дейтін түзік қагиданы «тілін құрту арқылы елін де құртуға болады» дейтін қаскей бұзық қагида біржолата белден басып, типылдаң таптап кете жаздағаны мәлім. Сондай кесапаттың беті бір қайтарылса, енді қайтарыла ма деп отырған қазіргідей кезеңде «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде!» деген ұрымтал да ұғымтал ұран тасталуы естір құлак-қа да, айттар ауызға да аса қонымды, аса сүйінішті.

*Әбіш Кекілбайұлы,
«Тіл және тәуелсіздік» әсесінен*



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Қазақстаниң болашагы – қазақ тілінде!» де-ген пікірге өз көзқарастарыңды білдіріп, эссе («келісу, келіспеу») жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орына керекті сөз және сөз тіркестерін тауып қойыңдар. Сөздердің орфографиялық нормага сай жазылуына назар аударыңдар.

- | | |
|----------------------------------|------------------------------------|
| 1) Ананың ... – бал, | 6) Бал тамған тілден ... та- |
| Баланың ... – бал. | мар. |
| 2) Тіл – адам ойының | 7) Айтылған сөз – |
| 3) Аңдамай сейлекен | 8) Көп сөз – күміс, аз сөз – |
| 4) Ойнап сейлесең де, | 9) Таза сейлеу – биік |
| 5) Тисе терекке, тимесе | 10) Көнілсіз ... – ойга олақ. |



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. БАҚ, энциклопедиялық, гылыми-көпшілік деректерді пайдалана отырып, Алаш қайраткерлерінің тіл туралы идеясын жинақтап, таныстырылым жасаңдар.

2-сабак

ТІЛ – ӨНЕР



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, негізгі ойды анықтандар және галамдық мәселелермен байланыстырып айтыңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жоспар құрыңдар. Орфографиялық нормага сай жазылған зат есім сөздерге мысал келтіріңдер.

Сөзден әдемілеп әңгіме шыгару өнері үй салу өнеріне үқсас. Үй салуга, мәселен, түрлі зат керек. Ол керек зат – топырақ болса, оны біріктіріп илейді, илеген балшықтан кірпіш құяды. Кірпішті қалап, неше түрлі үй қылып шығарады. Үйдің жақсы-жаман болып шығуы балшығынан да, кірпішинен де болады. Бірақ көбінесе кірпіштерінің қалауынан болады. Кірпіш қандай жерде қалай қаланып,

қандай үй болып шығуы жасаған жобага қарай болады. Негұрлым жоба жасайтын сәулет өнерпазы қиялға бай болса, соғұрлым салған үй сәулетті, әдемі болып шықпақ.

Сөзден құрастырып пікірлі әңгіме шығару үшін жұмсалатын зат – сөздер. Топырактан иленіп кірпіш жасалған сияқты, дыбыстап құралып сез жасалған. Кірпіштен қалап түрлі үй жасау сияқты, сөзден бірігіп, түрлі әңгімелер айтылады. Үйдің түрлі болып шығуы балшығынан, кірпішінен, өсіреке қалауынан болатыны сияқты, әңгіменің түрлі болып шығатыны тілдің дыбысынан, сөзінен, өсіреке сөздің тізілуінен. Балшық жаман болса, кірпіші жақсы болмайды, кірпіш жақсы болмаса, үй жақсы болып шықпайды. Бұл, рас. Бірақ кірпіш жақсы болса да, қалауы жаман болса, онан жақсы үй шықпайды. Сол сияқты тілдің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, сез құлаққа жағымды болып шықпайтыны да рас. Бірақ тізуі жаман болса, дыбысы жақсы сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Сондықтан мәнісінің зоры кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің әдемі болып шығуы – сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде.

Ахмет Байтұрсынұлы, «Әдебиет танытқыш» еңбегінен



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Алаш арыстарының қанатты сөздерін пайдалаңып, «Алаш идеясы» тақырыбында эссе жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойындар. Мәтінді дұрыс жүйелеп, логикалық түзетулер енгізіп, көшіріп жазындар.

Сондықтан мәнісінің ... кірпіштің қалауында, жобаның жасауында болған сияқты, әңгіменің ... болып шығуы – сөздің тізілуі мен әңгіме айтушының пікірлеуінде.

Бірақ тізуі ... болса, дыбысы ... сөздерден де жақсы әңгіме шықпайды. Сол сияқты тілдің дыбысы жаман болса, дыбыстың қосылуы жақсы болмаса, ... құлаққа жағымды болып шықпайтыны рас.

Бұл, рас. Бірақ ... жақсы болса да, қалауы жаман болса, онан жақсы үй шықпайды.





АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндерде берілген ақпараттарға сүйеніп, бір-неше сұрақ дайындаңдар. Сабакта өз пікірлерінді қорытып, ой белсіндер.

Ойбөліске қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- берілген уақыттан асырмаяу;
- сөз әдебін сақтау;
- тіл сауаттылығы;
- мақал-мәтеддер мен дәйек сөздерді қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.

3-сабак

«АЛАШТЫҢ» ТІЛДІК МУРАСЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, онда көтерілген идеяларға бүгінгі күн түргышынан ой қосындар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, онда көтерілген мәселені сыныпта талқылаңдар.

«Мұсылман сиезі» қараган закон жобасында жазылған екен, рухани мекемелерде қағаз татарша тілмен жазылсын деп. Бұл біздің қазақ жүртynыңыз екені көзге көрініп түр. Түрік затты халықта біздің қазақтай бір жерде тізе қосып қалың отырған іргелі ел жоқ.

Біздің қазақ осы тілін тастап татарға мінгескені адасқандық болар, біз – қазақ, татар тіліне шорқақпыш, татар тілі деген тіл тағы біреу емес. Кавказ, Қырым ауылындағы татарды Қазан татарымен сейлестірсе, бірін-бірі ұға ма, жүртқа ыңғайлы болу үшін рухани мекеме қағазы һәр облыста, һәр жүрттың өз тілімен жазылсын дедік Жаһаншаш екеуіміз.

Біз қазақ тілі законға жазылсын деп қарыса алмадық, бүктемеде қалатын болған соң. Жығылатын болған соң, «турік» дегеннің ішіне кірдік қой деп тоқтадық. Тубінде біздің қазақ тілі, бізben тіл түқымы бір, өзге мұсылманды ба-йытпаса, бір-бірімізге қоңсы қонбаймыз ғой. Фұмыр жүзінде

біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мир Якуб, Шанкерім һәм өзгелерден бұл көрініп түр ғой.

Әлихан Бекейханов, «Мұсылман сиезі» мақаласынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Үзіндідегі қарамен берілген сөздерге қазіргі әдеби тіл нормасына сай түзету енгізіп жазындар.

Біз қазақ тілі законға жазылсын деп қарыса алмадық, бүктемеде қалатын болған соң. **Жығылатын** болған соң, «турік» дегеннің ішіне кірдік қой деп тоқтадық. Түбінде біздің қазақ тілі, бізben тіл тұқымы бір, өзге мұсылманды ба-йытпаса, бір-бірімізге қоңсы қонбаймыз ғой. **Ғұмыр** жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мир Якуб, Шанкерім һәм өзгелерден бұл көрініп түр ғой.

Әлихан Бекейханов, «Мұсылман сиезі» мақаласынан



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінге қойылған тыныс белгілеріне назар аударындар.

Қазақ тілінің әліпбіін, емлесін жасаумен, ішкі заңдылықтарын ғылыми дәйектеумен бірге Алаш зияллылары тіліміздің тазалығы, мәдениеті үшін де күресті. Х. Досмұхамедовтың «Қазақ-қыргыз тіліндегі сингармонизм заңы», М. Дулатовтың «Қазақ тілінің мұңы», Н. Төреқұловтың «Еуропа сөздері» т.б. еңбектерде тіліміздің орфоэпиялық, орфографиялық нормаларының сақталуы, басқа тілдердің әсері, тіл табиғатының бұзылмауы, сөзжасам т.с.с. мәселелер айтылып, қазақ тілінің табиғи болмысын сақтау, тіл тазалығы, сөз мәдениеті тақырыбында бүгінде өзектілігін жоймаган ойлар өрістетілді.

Ербол Шаймерден, «Алаш зияллыларының тілдік мұрасы: арналы бастау, өміршең дәстүр» мақаласынан



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Төменде берілген мәтінді БАҚ және энциклопедиялық («Сен білесің бе?», Үлттық энциклопедия т.б.) мәліметтермен толықтырып жазындар.

Қазақтың жазба көркем әдебиеті Абай дәуірінде дүниеге келді десек, осы жаңа әдебиеттің қалыптасуы Алаш қозга-



лысы кезеңімен байланысты. А. Байтұрсынұлының «Қырық мысалы» мен «Масасы», М. Дулатовтың «Оян, қазагы!», Ф. Қараштың «Бала тұлпары», М. Жұмабаевтың «Шолпаны», С. Торайғыровтың поэзиясы мен прозасы, Ж. Аймауытовтың прозасы мен драматургиясы, М. Әуезовтің алғашқы әңгімелері мен повестері, Б. Қулеевтің поэзиясы тағы да басқа алашшыл қаламгерлердің көркем туындылары жазба әдебиетіміздің қалыптасуында шешуші рөл атқарды.

Ербол Шаймерден,

*«Алаш зияллыларының тілдік мұрасы:
арналы бастау, өміршең дәстүр» мақаласынан*

4-сабак

АНА ТІЛІМ – АРДАҒЫМ



ТЫНДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тындандар. Ана тілін дамытуға қосатын өз үлестерің жайында ойларыңды дәлелдендер.

1. «Ана тілін білмей тұрып, ешбір білім-өнерді тарату мүмкін емес» деген пікірді бүгінгі күнмен байланыстырып, ойталқы үйымдастырыңдар.
2. «Өдебиеті жоқ үлттың өнері де өршімейді» деген пікірді қалай түсіндіңдер?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, қарамен берілген автор тұжырымын дәлелдендер.

Қазақ-қыргыз жұрты оянғаннан бері мәдениет бейесінде ілгері кеткен жұртқа жетудің қамын қылып жатыр. Мәдениеттің негізі – білім. Білімге тіл арқылы жетеді. Білімді жүрттардың тілі бай болады.

Түрік тілі – жалғамалы тіл. Жалғамалы тілдегі сөздердің түбірі өзгермейді. Сөз аяғына жалғанған қосымшалар арқылы өзгереді. Қазақ-қыргыз тілі – түрік тілінің бір тарауы. Сондықтан қазақ-қыргыз сөздері де түбін өзгертпей, аяғына қосылған жалғауменен өзгереді. Бұл заң «Тіл – құралдан» белгілі.

Қазақ-қыргыз сөзінің түбірі не соламайымен жуан айтылады, не соламайымен жіңішке айтылады...

Біздің айтайын дегеніміз мынау: бөтенше жақсы сөйлеймін деп мақтану керек емес, ойлаңқырау керек.

Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш. Бұл оқығандардың һәм оқушылардың есінен шықпауы керек.

Халел Досмұхамедов, «Қазақ-қыргызы тіліндегі сингармонизм заңы» мақаласынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Төменде берілген мәліметтерді жүйелеп, логикалық және стильдік түзету енгізіп жазыңдар.

1-нұсқа.

«Қара қарын ел бұзады» деп жат рулардың адамдарын арасына өте сақтықпен кіргізгеніндей, шет сөздерді де сынап, тергең, тексеріп, екшеп, өзгертіп, өз тілінің әдетіне лайықтап кіргізеді.

Қара халық өте сақ болады. Тұрмысына, салтына, елдігіне зиянды нәрселерді қабылдамайды.

2-нұсқа.

Мектеп пен баспада қолданған тіл шатақсан тіл болса, ол ел – сорлы ел, мұндай елдің тілі бұзылмай қалмайды.

Мектеп пен баспаның тілі дұрыс тіл болса, елдің тілін көркейтіп, байытып, гүлдендіреді.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, төменде берілген кестені толтырыңдар.

| «✓» | «—» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|---------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымда қайшы, керегар | Мен үшін жаңа ақпарат | Білгім келеді |



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Ана тілін жақсы біліп тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – сүйініш; ана тілін білмей тұрып, бөтенше жақсы сөйлесең, бұл – күйініш» деген Х. Досмұхамедовтің ойын дамыттып, «келісу, келіспеу» эссең жазыңдар.



5-сабак**АЛАШ УРАНЫ****ТЫНДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ**

1-тапсырма. Өлеңді тыңдалап, негізгі ойды бүгінгі күн тұргысынан бағаландар. Өз көзқарастарыңды білдіріп, сұрақтар құрастырындар.

**ОҚЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінді оқып, терминдер мен тілдік оралымдары арқылы мәтіннің стилін анықтаңдар.

Қазақ қоғамы және Алаш қозғалысы

Ә. Бекейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған белігі «Қазақ» газетін шығарып, соның тәңірегіне топтасып, кейін Алаш партиясының үйіткес болса, М. Сералин бастағандары «Айқап» журналының тәңірегіне топтасты. Осы екі ұлттық басылым арқылы олар халықтың ойсанасын оятып, отаршылдық саясатқа қарсы қоғамдық пікір қалыптастыруды ұлан-ғайыр жұмыс атқарды.

Қазақ зиялышыры отарлық езгінің зиянды зардаптарын әшкереleуде, халықтың қалың бұқарасын тұған өлкені қайта құрып, түрлендіру ісіне жұмылдыруды ұлттық газеттер мен журналдар, поэзиялық жинақтар мен көпшілікке арналған әр алуан тақырыптар бойынша кітапшалар шыгарудың маңызын жақсы түсінді. Олардың «Айқап» журналы мен «Қазақстан» және «Қазақ» газеттерінің беттерінде жарияланған көптеген мақалаларында қазақ қоғамының өмірін реформалау, жалпыұлттық саяси партия құру мәселелері көтеріліп, Қазақстанның патшалық Ресейдің отарына айналуының салдарлары сынға алынды. Міржақып Дулатовтың әйгілі «Оян, қазагынан», А. Байтұрсыновтың «Масасынан» басталған халықтың жер мен суынан айрылуына байланысты наразылық білдіру, сол арқылы отарлық езгіге қарсы оның өзіндік санаасын оятып, жігерін қайрау ісін енді жалпыұлттық басылым – «Қазақ» газеті жалғастырды.

Кеңес Нурпейіс, «Қазақ қоғамы және Алаш қозғалысы» мақаласынан

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Келесі бетте берілген сөздерді пайдаланып, мәтінде айтылған ойды дамытындар.

Алаш, азаттық, республика, тәуелсіздік, жасампаз, аумак, оқу-білім.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі сөйлемдердің тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазыңдар.

Сез дұрыстығы әр сөздің әр сөйлемнің дұрыс күйінде жұмсалуы Ол үшін сез мағынасын тұлғасын өзгертетін жалғау жұрнақтарды дұрыс тұтыну керек сөйлем ішінде сөздерді дұрыс септеп дұрыс көптеп дұрыс ымыраластыру керек сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып дұрыс құрмаластыру дұрыс орналастыру керек

Ахмет Байтұрсынұлы, «Әдебиет танытқыш» еңбегінен



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Қазақ тілінің байлалығы мен өсемдігі жөніндегі пікірлерді іріктеп, таныстырылым дайындаңдар.

6-сабак

АЛАШ МУРАСЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, айтылған ойга үн қосып, өз болжамдарыңмен жалгастырыңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшелігі мен идеясын табыңдар.

Өлекен (Әлихан Бекейханов – *ред.*) ұлт тағдырына байланысты басқа ұстанымда. Ол білімнің, білімге сүйенген тәрбиенің құдіретіне сенеді. Нарыз білім, осы жолдағы ағартушылық қызмет, мақсатты және жүйелі тәрбие халықты өзгертеді.

Өлекенің пікірінше, қазынаның басы мал және басқа материалдық байлық емес, оқу, білім арқылы келетін «адам ақылы, адам қолы, адам жаһиды¹». Адам баласының атқарып жүрген ісі алдымен ақыл-ой болып құрылады, соңан соң ол толғагы піскен сезге айналады, яғни сез болып ауыздан шығады, ең ақыры жасампаз іске үласады. Өмірдегі өрекетіміз, міне, осы үш сатыдан тұрмақ: ақыл, сез, іс.

¹Жаһид – ниет, ынта.



Өлекең сөз бен істің ара үйлесімдігіне көңіл аударып: «Ал сөз сейленді, сөз жазылды, бұл іс бола қоя ма?» – деген сауал тастап, ойын одан ары сабактап: «Адам баласы сөзін жазып, тасқа басып сақтағаннан бері түзулік, әділдік, жақсылық жол айтқан кітаптар жазылған, көні, бұл кітаптардың сөзі іс бола қойғаны?! Бұл кітаптар шкафта шаң болып жатқан жоқ па?» – деген тұжырыммен түйіндейді.

Қазаққа білім мына арпалысқан, әркім өз мүддесін түген-деген дүниеде біреудің жетегінде кетіп, оның мүддесіне жем болмау үшін, басқаша айтқанда, азаттығынды, ұлт ретінде еркін өсіп-өнуінді қамтамасыз ете алатын жол табу үшін қажет.

Мәмбет Қойғелді, «Әлихан Бекейхан: таласып-тармыспаган кісіге де, халыққа да... Бәйге жоқ» мақаласынан



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Үлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген пікір төңірегінде пікірталас өткізіндер.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Алаш қайраткерлерін атап, олардың тіл туралы айтқан ойларын жүйелеп жазындар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін бойынша сауалнама сұрақтарын дайындаңдар. Орфографиялық норманың сақталуына мен беріңдер.

7-сабак

ҮЛТТЫ СҮЮ ТІЛДЕН БАСТАЛАДЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Ана тілінің бүгінгі мәртебесі жайында өз ойларыңмен бөлісіңдер.

1. Мәтінді тыңдап, бүгінгі күнмен байланыстырыңдар.

2. «Өлі де үшбақы¹ болғыр Абайга өкпем жоқ» деген сөйлемді дамытып айтыңдар.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. БАҚ және энциклопедия материалдарын пайдаланып, Ж. Аймауытовтың өмірі мен шыгармашылығы жайында ой толғаңдар.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқып, қай стильде жазылғанын анықтаңдар. Тақырып қойыңдар. Орфографиялық нормага сай жазылған етістік сөздерге мысал келтіріңдер.

Үлтyn шын сүйіп, аянбай қызмет қылған азаматы көп жұрт күшті, өнерлі, білімді жұрт болып, күресте тең түсіп, басқаларға өзін елеңтіп отыр.

Үлтyn үшін құрмет құлмай, бас қамын ойлап жүрген азаматтардың елі артта қалып отыр. Үлтшыл жүрттар, әне, Германия, Жапония, Англия, Түркиялар, олардың баласы жасынан «үлттың» деп өседі. Есейген соң бар білімін, күшін өз жүртіңдер күшеюіне жұмсайды. Олардың әр адамы – мемлекеттің керегі, қызметкери.

Ақтүғында айтпағым: оқығандар өзін-өзі тәрбие қылу керек. Қара халықтан жиренбей, жақын жүріп, сырласып, мұң-мұқтажымен таныс болып, өзі үлтyn суюге, халыққа өзін сүйгізуге жиһат² қылуы керек. Естеріңізде болсын: қара халықтың мәдениетті болуынан мәдениетті кісінің қазақ болуы қынын, баласына осы бастан ұлт рухын сіңіріп, қазақ өміріне жақындастып тәрбиелеу керек...

Оқығандар! Бұл уақыт – жан тыныштық іздептін, қызық қуатын уақыт емес, қызмет қылатын, еңбек сіңіретін уақыт. Ойланыздар: халық біз үшін емес, біз халық үшін тұганбыз, олай болса, мойнымызда халықтың зор борышы, ауыр жүргі жатыр.

*Жүсінбек Аймауытов,
«Үлттың сую» мақаласынан*



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Келесі бетте берілген қайраткердің сезін логикалық жағынан дамытып, өз дәйектерімен толықтырып, шагын мәтін дайындаңдар.

¹Ушбақы – иманды.

²Жиһат – бұл жерде: рухтанып, күресе білу.



Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жүрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нөрсениң ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жүрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жүртты қосамын дегендер өуелі сол жүрттың тілін аздыруға тырысады.

Ахмет Байтұрсынұлы,
«Қазақ» газетінен мақаласынан



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтінге сүйеніп, қазақ тілінің бүгінгі ахуалына таныстырылым дайындаңдар.

8-сабак

ТІЛ – ҰЛТТЫҢ ЖАНЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, өз білімдеріңе сүйеніп, ойды жалғастырыңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, автордың пікірін негізге ала отырып, ой бөлісіндер.

Өзін бақылау деген сөз – адамның бір уақытта екі іс істеуі, әрі бақылаушы, әрі бақыланатын зат болуы. Адамның өзін-өзі тексеруі – оның жан түрмисының өркендеуіне бірінші шарт, өз қатесін көре білген адам келешекте сол қатені істемеуге үмтүлады. Адамның өзін-өзі, яғни өз қатесін өзі көре білуі оның жанының идеалға, қасиетті қиялға үмтүлатын мінезі барлығын көрсетеді. Адам өзін тексермесе, ілгері баса алмайды.

Магжан Жұмабаев, «Педагогика» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Жоғарыдағы пікірге сүйеніп, топта өздеріңе арнап нұсқаулық дайындаңдар.



ОҚЫЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Келесі беттегі тіл туралы нақыл сөздерді оқыңдар. Алаш қайраткерлерінің нақыл сөздерін жинап, орфографиялық нормалардың сақталуына мән беріңдер.

Тіл – жүрттың жаны. Өз тілін өзі білмеген ел – ел болмайды.

Халел Досмұхамедов

Үлттың тілі – сол үлттың жаны, жан дүниесі. Ол жүректі соқтырып тұрған қан тамыры сияқты. Егер де қан тамыры жабылып қалса, жүрек те соғуын тоқтатпай ма?

Мұхтар Әуезов

Тіл болмаса, үлт та болмайды. Яғни ол үлт бүтіндей өлген, жоғалған үлт болады.

Ғұмар Қарааш



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Суреттер бойынша сыныпта пікірталас үйымдастырыңдар.



9-сабак

ТІЛ – АДАМ ЖАНЫНЫҢ ТІЛМАШЫ



ТЫНДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде айтылған пікірге қатысты сыныпта пікірталас үйымдастырыңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселеге бага беріңдер.

Осы күнгі түрік тілдерінің ішінде қазақ тілінен бай, орамды, терең тіл жоқ. Түрік тілімен сөйлеймін деген түрік балалары күндердің бір күні айналып қазақ тіліне келмекші. Қазақ тілін қолданбақшы. Осы күнде-ақ айналып келе жатыр.



Татардың әдебиет тілі жыл-жыл сайын қазақ тіліне жақындаған келеді. Құндердің бір күні түрік балаларының тілі біріксе, ол біріккен тілдің негізі қазақ тілі болса, сөз жоқ, түрік елінің келешек тарихында қазақ ұлты тәрден орын алмақшы. Келешектің осылай болуына біздің иманымыз берік.

Магжан Жұмабаев, «Тілдің адам өмірінде ھәм цит өмірінде алатын орны» мақаласынан



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Тілдің қызметі жайында кластер түзіңдер.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Қазақ тілі ғылым тілі бола алады» деген тақырыпта сабакта пікірталас үйимдастырындар.

Пікірталасқа қойылатын талаптар:

- тақырыптан ауытқымау;
- негізгі ойды ұсыну;
- дерек пен дәлелдерді ұтымды қолдану;
- әдеби тіл нормаларын сақтау;
- қайраткерлердің нақыл сөздерін қолдану;
- өзіндік ойы мен көзқарастарын жүйелі жеткізу.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Үзіндіге керекті тыныс белгілерін қойып, көшіріп жазыңдар.

Бұдан бұрынғы екі күндік жолда үлкендер жылдам жүрмей баланың шыдамын әбден тауысқан ды Ол сондықтан бүгін ауылға жететін күні үлкендерді еріксіз қатты жүргізудің айласын тапқанына дән ырза Күні бойы осылай етуге байлаған

Бала деген қорқар болар еді. Ес бар ма өзінде пәруәрдігер деп Байтас бабын таба алмай басын шайқайды

Жұмабай әбден болмаған соң

Қап мынаның баласы Мен бөрінің бөлтірігімін деп келеді ау Қой не де болса қалмайық енді Байтас жүр деп шаба жөнелді Екеуі де жарыса бастады

Мұхтар Әуезов, «Абай жолы», 1-том





ТЫНДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, берілген ойды бағалаңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, автор көзқарасын БАҚ, энциклопедиялық мәліметтермен толықтырыңдар.

Алаштың бас шыгармасы

Алаш қайраткерлері ішінде коммунистік террордан тірі қалған жалғыз қазақ Мұхтар Әуезов еді. Ол – ұлы толқынның рухани аманатын көркем әдебиетте толық қалдырган бірден-бір қаламгер. Бұл идея ең алдымен оның басты шыгармасы «Абай жолы» романында жүзеге асты.

Төрт томды әпопеялық қөлемді роман қазақ қоғамының жарты гасырлық әлеуметтік, түрмистық, отбасылық ғұмырын мейлінше дәл, айқын, адал бейнелейді. Оқигалар жыл маусымдарының төрт мезгілінде бірдей, тәуліктің әртүрлі сөттерінде, күн демей, түн демей толассыз өтіп жатады.

Жазушы бір рулы ел жайлаган ортаны бейнелеу арқылы қазақ тұрмысын, тұтас алғанда көшпелілер мәдениетін түгел көрсетіп беретін биік деңгейге көтеріледі.

Жарты гасыр уақыттың қамтитын кең тынысты, сан арналы ұлы шығарманың барлық тарау, белімдерінде көшпелі қазақ тұрмысына етене көрініс, сурет, тарыстағармен астарлас жалпы адам баласына тән қайшылық күрес, қасиеттер мол қамтылып, кең қөлемде терең де сенімді бейнеленген.

*Рымгали Нұргали,
«Алаштың бас шыгармасы» мақаласынан*



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Төменде берілген пікірлерді сипаттап түсіндіріңдер.

Ақылды сөз қылмақ қын, ақылды сөзді іс қылмақ одан да қын.

Елдің тұрмысын, тілін, мінезін білмеген кісі көш басын да алып жүре алмайды.

Әлихан Бекейханов



**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Бөлімде танысқан Алаш қайраткерлерінің тіл туралы пікірлері мен нақыл сөздерін пайдаланып, жинақы мәтін күрастырындар.

| Алаш қайраткерлері | Тіл туралы пікірлері мен нақыл сөздері |
|-----------------------|---|
| Әлихан Бекейханов | |
| Ахмет Байтұрсынұлы | |
| Магжан Жұмабаев | |
| Тұрар Рысқұлов | |
| Халел Досмұхамедов | |
| Міржақып Дулатов | |
| Жүсіпбек Аймауытов | |

**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді жазып, «Шыгу парагын» толтырындар.

- Маган ... қызын болды.
- Мен ... тапсырмаларын орындадым.
- Мен ... екендігін түсіндім.
- Мен ... үйрендім.
- Мені ... таңғалдырды.

II
бөлім

**ӘЛЕМ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ:
ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ**
Сөз мәдениеті

1-сабак

ӘНШІ МАЙРА



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. М. Мұхамедқызының орындаудың «Агажай, Алтай» халық әнін тыңдалап, астарлы ойды анықтаңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Жанрлық ерекшеліктеріне талдау жасандар.

Майра Мұхамедқызы



Майра Мұхамедқызы 1969 жылы 5 қырғызекте ҚХР-да дүниеге келген. Қазір «Астана Опера» театрының әншісі, ҚР еңбек сіңірген әртісі, «Тарлан» сыйлығының лауреаты, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Париждегі «Гранд-Операның» Қазақстаннан шыққан тұнғыш әншісі.

M. Мұхамедқызы – Майра Керей) шығармашылық өміріндегі айтулы кезеңі Францияның «Гранд-Опера» театрымен келісімшарт жасаудың басталды. Әлем опера аренасына Пуччинидің «Богемасындағы» Мюзетта рөлімен дебют жасап, опера жүлдемдердің тенор Роберто Аланья, Марсело Альварес қатарлас әншілермен бірге ән салды. Гаэтано Доницеттидің «Махаббат шәрбаты» атты комедиялық операсында Адина рөлімен әлем сахналарында өнерін көрсетті. Классикалық операның үздік үлгілерін жетекші партияларды орындаған, Еуропадағы опера карьерасын бүгінге дейін жалғастырып келеді.

2005 жылы Майра Мұхамедқызы әйгілі әлем опера жүлдеми Пласидо Домингоның шақыруымен АҚШ-тың опера сахнасына көтерілді. Вашингтон Үлттық Опера театрында

П.И. Чайковскийдің «Орлеан Бикешінен» Агнесс Сорель партиясын орындады, аты азызға айналған опера жүлдызы Мирелла Френимен бір сахнада өн салды.

Alashainasy.kz сайтынан



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. М. Мұхамедқызының әлем сахналарында орындаған өнер туындыларына шолу жасап айтындар.

| Шыгарма атауы | Сенің пікірің |
|---------------|---------------|
| | |
| | |
| | |
| | |
| | |



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Агажай, Алтай» әнінің мазмұнын конспектілеп жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Өнді сүйсен, менше сүй» тақырыбында эссе жазындар.

Эссеge қойылатын талаптар:

- өнер тақырыбында нақты бір тұлғаның шыгармашылығына тоқталу;
- өнерпаз шыгармашылығынан 3 дәйек келтіру;
- сөз таңдау мен сөз қолданысына ерекше мән беру;
- көркем түжірим жасау.

2-сабак

ӨНЕР ДҮЛДҮУЛИ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Дайдидау» әнін Д. Құдайбергеннің орындаудың тыңдалып, әлемдік деңгейдегі өнер жүлдіздарымен салыстырындар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Өз мәліметтеріңмен мәтінде айтылған ойды толықтырындар.

Қазақ бәйге атын көкпарга салмайды



Д. Құдайберген

«Егер менің жүргегімді ашып көрсөніздер, музыканы көрер едіңіздер. Миымды ашсаңыздар да, музыканы көресіздер. Мен музыкадан жарапғанмын. Мен жайғана еңбекқор адаммын», – деді бір сұхбатында Димаш Құдайберген. Оның осы ойын қостагандай, «Адам мүмкіндігінен тыс техниканы игерген бір-ақ адам бар, ол – Димаш», – деп зор баға беріпті «Bayan уапі» атты түрік журналы. «Поп музыкада да, өзге жанрда да өзін мойындаған әншілер бар. Десек те, бүгінде әншілігінен жалғандығы басым, фонограммамен күн көріп, дұрыс нотадабілмейтіндер заманында Димаш бұләлемге айтулы құбылыш алып келді. Ол аса қасиетті, киелі ән өнерінің қандай болатынын көрсетті. Димаштың дауыс диапазоны 6 октаваны үстай алады. Бір сөтте бірнеше кісінің дауысын салады. Оның дауысы шекіз», – деп түрік журналындағы әріптес бауырлар оның шығармашылығына баға беріпті.

«Алматы ақшамы» газеті, №33–34, 21 наурыз, 2018 жыл



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Төменде берілген өнерпаздың сезіндегі астарлы ойды анықтаңдар.

«Егер менің жүргегімді ашып көрсөніздер, музыканы көрер едіңіздер. Миымды ашсаңыздар да, музыканы көресіздер. Мен музыкадан жарапғанмын. Мен жайғана еңбекқор адаммын».



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Димаш Құдайбергенге оның өнері жайында өз пікірлерінді білдіріп, хат жазыңдар. Хат мәтінінде орфографиялық нормалардың сақталуына мән беріңдер.





ОҚЫЛЫМ

5-тапсырма. Танымдық оқылым стратегиясын пайдаланып, Димаш Құдайберген туралы ақпарат жинаңдар. Сыныпта әлем енерпаздарының Димаш туралы пікірін топтастырып, таныстырылым өткізіндер.

З-сабак**ӨНЕРДІҢ ӨРЕН ЖҮЙЕРІКТЕРИ**

АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Өздерің үнатқан бір фильм туралы шагын мәтін үсініңдар.




ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, зерделік стратегиясы арқылы талданыңдар.

«Анаға апаар жол»**Орталық Азияда үздік фильм атанды**

«Шекен Айманов атында-ры «Қазақфильм» АҚ «Новый мир» ЖШС-інің қатысуымен түсірілген «Анаға апаар жол» фильмі Бішкекте өткен «Ақ Ілбіріс» атты VI үлттыхқ киножүлдесінде Орталық Азияның үздік фильмі атанды», – деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі «Қазақфильм» АҚ баспасөз қызметіне сілтеме жасап.



Бас продюсер Әлия Назарбаева мен режиссер Ақан Сатаевтың бірлесіп шыгарған «Анаға апаар жол» атты туындысы үш номинация бойынша, атап айтсақ, «Орталық Азияның үздік фильмі», «Орталық Азияның үздік актері» (актер Әділ Ахметов – үміткер), «Орталық Азияның үздік актрисасы» (актриса Алтынай Негербек – үміткер) номинациялары бойынша қатысты.

«Түсіру тобын осы жеңіспен құттықтаймын. «Анаға апаар жол» – Орталық Азияның үздік фильмі», – деп жазды ре-


жиссер Ақан Сатаев өзінің Instagram парақшасында. Фильм өмірдің ауыртпалығына төтеп берген, қызын-қыстау күндері сұрапыл соғыстың мекнатын көрген басты кейіпкердің тағдырын баяндайды. Бұл кинотуынды ананың перзентіне деген шексіз махаббаты туралы, перзентінің Отанына деген адалдығы жайлы. Аталған кинотуынды 38-Халықаралық Мәскеу кинофестиваліне және «Еуразиялық кепір» атты фестивальге қатысып, Бас жүлдені, сонымен қатар актриса Алтынай Негербек «Үздік әйел адам рөлі» номинациясында жеңіске жетті. Одан бөлек, бұл туынды биыл Қазақстан киносыншылар ассоциациясы үйымдастырған «Сыншылар таңдауы» жүлдесінде үш бірдей жүлдені иемденді. Атап айтсақ, «Ең үздік актриса» – Алтынай Негербек және «Екінші пландағы үздік актриса» Аружан Жазылбекова деп танылды.

Kaz.tengrinews.kz сайтынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша кластер түзіндер.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Анага апаар жол» фильмі бойынша сыныптастарыңа сауалнама өзірлендер.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Мен сүйеттің өнер» тақырыбында дискуссияті эссе жазыңдар.



4-сабак

ДӘСТҮРЛІ ӨН ДАРАБОЗЫ

ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Біржан салдың бір өнін тыңдаپ, алған әсерлерің мен бөлісіндер.

1. Қазақтың дәстүрлі ән өнеріндегі өнерпаздарынан кімдерді білесіндер?
2. Дәстүрлі әндер мен қазіргі орындалып жүрген әндердің қандай ерекшеліктері бар деп ойлайсыңдар?

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, автордың сөз қолданысы мен тілдік оралымдарына талдау жасаңдар.

...Жайлайындағы ең әнші, ең өнерлі жастарды жиып әкең, соларға бар бейілін беріп отыр. Осындаі ойын-сауық жиынының ортасында ең қадірлі бір топ қонақ бар. Шеттен келген қонақ. Бұл – қазір төрдің тап ортасында, жағалай, көрпе устінде, үлкен ақ жастықтарды шынтаған сал, серілер. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынга қадірлі, сүйіктісі – мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызыгылт жүзді, кең ақ мандайлы, нұрлы жігіт. Ол – Арқаға аты шыққан, бүкіл Орта жүзді асыл саз, әсем өнімен үйитқан Біржан сал.

Тобықты ішіне сонау алыс Көкшетаудан келген сирек сыйлы қонақ. Өзі ақын, өзі әнші, өзі сері Біржан. Устінде қара мақпал, кең, жеңіл шапаны бар. Омырауы ағытылған, «сері жаға» ақ көйлектің сыртынан киген сарғылт түсті қытайы жібек қамзолы бар. Оқалы тақиясының жібек шоғы ыргала түседі. Құйқылжыған өніне қалың жиын қыбыр етпей үйип, мұлгіп отырғанда, кербез әнші өзі де, жүзіне жылтыр майда рең бітіп, нұрлана құбылады...

Ерекше әсері бар күй менен аса ұнаған ән тыңдаған уақытта Абай сол сарын сөзбен қатар өзге бір дүниені жарыса ойлап кететін. Өмір, қиял суреттерін, уақыга тасқындарын, жаратылыс, құбылыс толқындарын көріп, соған шомып кетеді.

*Мұхтар Әуезов,
«Абай жолы», 2-том*

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін бойынша кестені толықтырып айтындар.

| Сөз таңдау | Сөз қолданысы | Сөз әрлеу (көріктеуіш құралдар) |
|------------|---------------|------------------------------------|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Біржанның бейнесін ашатын сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазындар.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Абай жолы» романы бойынша Біржан салдың Абай ауылдан келуін сипаттайтын сахналық көріністің сценарийін жазындар.

5-сабак ОНЕРЛІГЕ ӨРІС КЕҢТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Рахат-би Өбдісагин шығармашылығынан бір туындысын тыңдалап, алған әсерлерің туралы сұрақтар құрастырып, пікірлеріңмен бөлісіңдер.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Автордың сөз таңдауы мен сөз қолданысын талданындар.

Қазақ Моцарты

Рахат-би Өбдісагинде музика өлеміндегі «Қазақ Моцарты» деп те атайды. Ол – он жасында кемеліне келген көп композитор арман ететіндей музика жазған бірегей дарын! Ол – бірнеше халықаралық конкурстың жеңімпазы, 100-ден аса музикалық шығарманың авторы.



Өуенниң жас перісі дыбыс сиқыры арқылы Фалам-Гарыштың ішкі құпияларымен байланысқа үмтүлған жүйрік ой-қиялдының қанаттарын өршелене қағуын елестете алуы, музықадағы аралық үзіліс тылсымы мен аса нәзік дыбыс сырына мұқият, сергек, сақтықпен қарауы, уақыт және кеңістікті еркін де өткір сезінуі – бәрі-бәрі Рахат-биді қазіргі әлемдік және отандық өнердің жүлдәзді өкілдері қатарына көтерді.

Рахат-би музыкасы барлық Еуропа және бірқатар Азия мен Америка елдерінің ірі концерт залдарында сахна репертуарынан түрақты орын алған. Оларды белгілі солистер, камералық ансамбльдер мен симфониялық оркестрлер орындайды. Оның шығармаларының әлемдік деңгейдегі премьералары Лос-Анджелесте, Прагада, Лондонда, Венада, Парижде, Берлинде, Сеулде, Анкарада, Мәскеуде, Томскіде, Каирде, Астана мен Алматыда т.б. шетелдік 12 қалада табысты өтті. Қөп ретте өзінің симфониялық шығармаларындағы жеке (сольдік) фортепиано партияларын өзі орындайды, сондай-ақ классиктер мен қазіргі көрнекті шеберлердің шығармаларын ойнап, жеке концерттер берді.

Шетелдік сарапшылар мен музыка сыншылары Рахат-биді: «Нарыз қазақ кереметі, қолдары талуды білмейтін қайратты, бітімі ірі, көркем мінезінің зиялды маңғаздығында табиғи өрлік бар», – деп бағалайды.

*Аяғул Миразова,
«Алматы ақшамы» газеті, №56–57, 19 мамыр, 2018 жыл*



АЙТЫЛЫМ

З-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ақпаратты ғаламдық деңгейдегі өнер шеберлерінің жетістіктерімен салыстыра отырып, баға беріңдер.

Рахат-би үнемі өзін-өзі шығармашылық ізденіспен жетілдіріп келеді. Оның білім, ғылым, шығармашылық табыстары өз алдына бір тәбе. Өзі қасиетті санайтын қазақ тілімен қатар, орыс, ағылшын, итальян, испан тілдерін еркін меңгерген, бүгінде неміс тілін білуге дең қойран.



Rахат-би Әбдісагин

Тұма дарындылық, аса жоғары интеллект, тоқтаусыз жаңа танымдарға үмтүліс, қайтпас күш-жігер мен қайталанбас еңбек-қорлық, өзіне деген үлкен талап пен жауапкершілік, үлкен азаматтық ой-сана – Рахат-би табыстарының алғышарттары. Осынау қасиеттер мен табыстар Рахат-би Әбдісагиннің «Қазақстанның жүз жаңа есімі» атты аса беделді, аса өзекті, аса бағалы республикалық жобада жеңімпаз атануына негіз болды.

Аягүл Миразова,

«Алматы ақшамы» газеті, №56–57, 19 мамыр, 2018 жыл



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Өнерліге өріс кең» деген тақырыпта мақала жазыңдар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Р. Әбдісагиннен шыгармашылығына қатысты алынатын интервью сұрақтарын дайындаңдар.

6-сабак

ЕЛ ШШІ – ӨНЕР КЕҢІШІ



ТЫНДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, берілген мәлімет бойынша өз білімдеріңе сүйене отырып, тақырыпты болжаңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, БАҚ, энциклопедиялық, ғылыми-көпшілік деректермен толықтырыңдар. Мәліметтер алынған ақпарат көздеріне сілтеме жасандар.

Қазақ бейнелеу өнері

Қазақ бейнелеу өнері өзінің бастауын көне тас, қола, темір дәуірлеріндегі жартас суреттерінен, одан қалды сақ-скиф, ғұндар және Түрік қағанаты заманынан алады. Ал нағыз кескіндемелік профессионалдық бейнелеу өнері XIX ғасырдағы ұлы бабамыз – ғалым Ш. Ұәлихановтан басталады. Одан бері бейнелеу өнерінің негізін қалаған классик суретшілеріміз: Ә. Қастеев, Н. Хлудов, О. Таңсықбаевтарды



атауға болады. Бұлардан кейінгі суретшілер қазақ өнерін әлем танитындей биікке көтерді.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырда қазақ бейнелеу өнері өзінің жаңа қырынан көрінді.

«Өнер тарихы» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Жапсирмада берілген №1 суреттегі Жұмақын Қайранбайдың «Көкпар» картинасы бойынша дискуссиявті эссе жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі тілдік бірліктерді орфографиялық нормага сай жазыңдар.

... суретші ел тұрмысын тарихи кезеңдерді (Түркісіб, Амангелді сарбаздары Жас Абай ескі және жаңа тұрмыс үйдің ішкі көрінісі) бейнелейтін туындылар жазды. Оның көптеген еңбектері қазақтың ұлттық болмысын салт-дәстүрін көрсетуге арналды Соның ішінде суретшінің шеберлігін шындағы білген атақты туындылары Шалқөде жайлауы Бие сауу Медеу мұзайдыны т.б. суреттері.

«Өнер тарихы» кітабынан

7-сабак

ҰЛТТЫҚ ӨНЕРДІ ҰЛЫҚТАЙЫҚ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдандар. Терминдер мен тілдік оралым үлгілерін талдандар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Оқылымның зерделік стратегиясын пайдаланып талдандар.

Париж. Ұлттық домбыра күні қарсаңында Қазақстанның Франциядағы елшілігі «Қорқыт» қазақ мәдениет орталығымен бірлесіп, концерт үйимдастыруды.

Концерт Қазақстанның Франциядағы елшілігінің ғимаратында өтті. Қеремендердің алдына қазақстандық дипломаттар мен олардың отбасы мүшелері, «Қорқыт» қазақ

мәдениет орталығы, сонымен қатар диаспора өкілдері мен француз азаматтары асырап алған балалар шығып, сез сейледі. Өзінің кіріспе сезінде Қазақстанның Франциядағы елшісі Жан Фалиев Франция жерін домбырамен көп нәрсе байланыстыратынын айтты. «Домбыра алғаш рет Парижде 1925 жылы ЭКСПО көрмесінде көрсетілген. Қазақ музика өнерінің майталманы Әміре Қашаубаев ойнаған домбыраның күмбірлеген дауысына тәнті болған француздар ол туралы бұқарапалық ақпарат құралдарында жазды», – деді дипломат. 2014 жылы ЮНЕСКО-ның штаб-петерінде қазақтың домбырада күй тарту дәстүрі адамзаттың мәдени мұрасының тізіміне енді. Ж. Фалиев Үлттық домбыра күніне орай Қазақстан елшілігінде қазақ тілін және үлттық аспаптарда ойнауды үйренем (домбыра, қобyz, жетіген) деушілерге арнайы орталық ашылғандырын айтты. Концерттік бағдарламаны Қазақ мәдениеті орталығының жас төлімгері Маэль Декамп ашып, фортецианода Абайдың «Кезімнің қарасы» әнін орындаады. Домбырашылар онда Әбдімомын Желдібаевтың «Ерке сылқым», Күрмангазының «Адай», Секен Тұрысбековтің «Кеңіл толқыны» және композитор Әлшекей Бектібайұлының «Тепеңкөгі» сияқты туындыларды орындаады.

Kazinform.kz сайтынан



ОҚЫЛЫМ.

3-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, тәменде берілген кестені толтырыңдар.

| «✓» | «—» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|---------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлаганымда қайшы, керегар | Мен үшін жаңа ақпарат | Білгім келеді |



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Қазақ өнерінің болашагы» деген тақырыпта сыйыптастарыңа әңгімелеп беріңдер.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінде берілген орфографиялық нормага сай жазылған деректі зат есімдерді теріп жазыңдар.



ТЫНДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Құрмангазының «Адай» күйін оркестрдің және «Ұлытау» тобының орындауда тындалап, салыстырындар.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндерді оқып, жанрлық ерекшеліктерін анықтаңдар. Өнер тақырыбындағы өздерің білетін ақыз-әңгімелер туралы мәлімет жинаңдар.

«Ұшардың ұлуы»

Бір жесір кемпірдің жұрт аузына іліккен жалғыз баласы болыпты. Ол кездегі жақсының әдеті – жүйрік мініп, ит жүгіртіп, құс салатын. Кемпірдің баласының да бір жүйрік аты, Ұшар деген құмай тазысы бар еken. Өсірепе Ұшары қара жерден із кесетін аңсақ, иесіне адал, қағілез, қанжығаның қанын құргатпайтын жолды ит болса керек. Астындағы аты, соңындағы тазысы келіскең соң, жігіт жиі-жиі аңға шығып, саятшылық құрады еken.

Күндердің бір күнінде жалғыз жігіт тосын дертке шалдығып, дүние салады. Ел аза тұтып, арулап қояды. Соңан соң бұрын-соңғы дәстүр бойынша жүрттты ауыстырып, ауыл қонысын өзгертеді.

Жаңа жүртқа келген соң, кемпір «жалғызымның көзі той» деп, тазыны іздейді. Содан көңілі алаң болып, ескі жүртқа келсе, Ұшар жас қабірдің басында иесін қимай, ұлып отыр еken. Ұшкір тұмсығын көкке қаратып, иесін жоқтап ұлыған Ұшардың дауысын естіген кемпір:

– Жалғызымнан айырылдым,

Қанатымнан қайырылдым!

Ұшар, Ұшар, кә-кә! –

деп дауыс қойып, ақырап қоя береді. Ескі жүртта жалғызынан айырылған сорлы ана мен иесінен айырылған жетім тазы қосыла күніренеді.

Осы бір қайғылы халді Қорқыт қобызына күй етіп шалған еken.

Ақселеу Сейдімбек, «Қазақтың күй өнері» кітабынан

«Сарыжайлау»

Тоқаның «Сарыжайлауының» дүниеге келуіне қатысты ел ішінде екі-үш түрлі әңгіме айтылады.

Алатаудың қыргыз-қазақ болып тең жайлаған апайтес алқымында Шәбденнің асы беріліп, оған қазақтың жеті уезінен игі жақсылар шақырылады. Арқаның Ақтау дуанынан Сайдалы Сары Тоқа бастаған бір топ адам келеді. Тоқа құр қол келмейді, Шәбденнің асының жән-жоралғысы деп елу менсіз қара жылқы айдал келеді. Бұган қоса әнші-күйшісін, сұңғыла шежірешін, жауырыны жер иіскемес балуанын, үкілеген бәйге атын, қысқасы, тамақсау мешкейіне дейін жанына ертеді. Содан Алатауды теңсeltкендей айтулы ас беріледі. Аста Тоқаның Тайқасқа деген аты аламан бәйгеден бірінші келіп, Бақа деген балуаны белдескенін жығып, өзі қыргыз-қазақ домбырашыларын аузына қаратып, үш бірдей жеңіске ие болады. Сол жеңістердің жүлдесі ретінде мың сом ақша, үкілеп кілем жабылған жеті аргымак, жеті тайтұяқ алтын Тоқаның алдына тартылады. Сонда Тоқа: «Бұл дүние мені пейішке енгізер деймісің, салдым ошаққа, жеті уезд елінің басы бүйтіп құнде қосыла бермес, қылдай етіп бөліп беріңдер!» – деген екен.

Содан Шәбденнің асы тарқап, абыройы аспандаган Тоқа серіктерімен елге қайтып келе жатқанда: «О, шіркін, біздің Арқа елі осы кезде бой жазып, жайлауга шашырап қонып жатыр-ау!» – деп туған жеріне деген сағыныш сазындаі бір күйді ат үстінде шертеді. Тоқаның әйтілі «Сарыжайлау» осылай шығып еді дейді. Бұл дерек бойынша «Сарыжайлау» күйінің алғашқы тыңдаушылары Жетісу жүрті болған.

Ақселеу Сейдімбек, «Қазақтың құй өнері» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. «Қазақ күйшілері» тақырыбында кластер түзіндер.





АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген даналық сөздерді пайдаланып, пікірталас үйымдастырыңдар.

1. Ата өнері – балаға мұра.
2. Адамға ақыл көптік қылмайды,
Азаматқа өнер көптік қылмайды.
3. Жігітке жеті өнер де аз,
Жетпіс өнер көп емес.
4. Өнерсізден қашып жүр,
Өнермен үлгі шашып жүр.
5. Өнерді көп білетін дана болар,
Өнерсіздің ісі шала болар.
6. Өнерлінің өнерін үйрен,
Жақпаса мінезінен жирен.
7. Өнерлі өрде озар,
Өнерсіз жігіт жер согар.
8. Өнерлі өрге жүзер.
9. Ақыл көпке жеткізер,
Өнер көкке жеткізер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша ...»

Екінші сөйлем. «Себебі, мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысал-дармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

III
бөлім

ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ: МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ

Тілдік жүйе және норма

1-сабак ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖҮЙЕСІТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұғалімнің түсіндіруімен тыңдаңдар. Терминдер мен тілдік оралымдарды дөптерге түсіріңдер.

1. Қазіргі қоғам құндылықтарына нелер жатады?
2. «Мәдениет», «өркениет» терминдерін қалай түсінесіңдер?

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Интервью мәтінімен танысып, тілдік оралымдарга талдау жасаңдар.

Ка мырза Каннан оралды

– Асанәлі ага, Францияда өтіп жатқан халықаралық кинофестивальден қандай эсер алып қайттыңыз?

– Әсер, әрине, жақсы. Жалпы фестивальдің атмосферасы үнады. Канн фестивалі – әлемдік кино нарығындағы ең ауқымды шара ғой. Біраз мемлекеттер шатыр тіккен. Биыл фестивальге өзбек елінің делегациясы да қатысты. Қердім.

Әлемдік деңгейдегі мұндай кинофестивальдер халықтар арасындағы рухани байланысты нығайтуға септігін тигізеді. Мұны үлттар мәдениетінің ортақ мерекесі деуге болады. Кино – кез келген мемлекеттің мәдениет айнасы.

– Канн фестивалінде сіз ойнаган кинокартиналар қойылды ма?

– Жас режиссер Қуат Ахметов түсірген «Аруақ» атты картина кинофестивальдің көрмесіне қойылып, көрсетілді. Бұл фильмде басты рөлді сомдаймын. Сондай-ақ көрмеге Болат Қалымбетовтың «Талан», Ермек Тұрсыновтың «Киномеханик», Джек Веспаның «Өміре» және басқа да фильмдері қойылды.

– Бұл сіздің Канн фестиваліне алғаш қатысуыңыз ба?

— Бұл менің Канн фестиваліне бірінші келуім емес. Баяғыда көрермен ретінде барғаным бар. Ал жалпы біздің ел де Канн фестиваліне алғаш рет қатысып отырган жоқ. Былтыр осы фестивальдің 70 жылдық мерейтойы құрметіне қазақстанның павильон ашылған болатын. Бұл дегеніміз – Францияның төрінде Қазақстанның өз үйі бар деген сез.

«Алматы ақшамы» газеті, №56–57, 19 мамыр, 2018 жыл



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Төмендегі мәтіндерден ғылыми терминдерді тауып айтыңдар. Қай ғылымға төн екенін ажыратыңдар. Мәтіндердің стильдік ерекшеліктерін талдаңдар.

1-мәтін

Көркем әдебиеттің адам өміріндегі мәнін сөз еткенде, бір белігі – дүниеге көзқарасына, бір белігі – мінезіне, бір белігі – талғамына ықпал жасайды деп беталды бұтарлау – қате. Әдеби шыгарма адамның күллі ой-қиялын, сырсезімін түгел барайды: қуантады, сүйіндіреді, таңдантады, күйіндіреді, жылатады, күлдіреді... Қысқасы, адамның көңіл күйінде сан-сапа құбылыстар турызып, із қалдырады. Бұл – әдеби шыгарманың эстетикалық өсері, оның таным, тәрбие тарапындағы мәні де осыған негізделген.

Зейнолла Қабдолов, «Сөз өнері» кітабынан

2-мәтін

Алдымен ескертіп алайық, адам өмірінде кездесетін жағдайлар мыналарға бөлінеді: артынан мадақтауға және жазғыруға болмайтын жағдайлар; мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайлар.

Артынан (не) мадақтауға немесе жазғыруға болатын жағдайларда адам бақытқа жете алмайды. Нәтижесінде әрі мадақтауға, әрі жазғыруға болатын жағдайлардың жиынтығы қосыла келгенде ол адам бақытқа жетеді.

Әрі мадақтауға, әрі жазғыруға соқтыратын мұндай жағдайлар үшеу. 1. Бұл – әрекеттер адам өзінің дене мүшелерін пайдалану үшін керекті, мысалы, орнынан тұру, отыру, көлікке мініп журу, көру, есту үшін керекті әрекеттер. 2. Жан аффектілері. Мысалы, құштарлық, рақат, қуаныш, ашу, қорқыныш, жабырқау, қүйіну, қызғаныш және сол



сияқтылар. 3. Ақыл-парасат. Бұл үшіншісі адамның бүкіл өмір бойында болады немесе кейде болып, кейде болмайды.

*Обу Насыр эл-Фараби,
«Мәдениет және адамгершілік» еңбегінен*

3-мәтін

Көсібі сөздер. Арнаулы сөздердің бір түрі – көсібі сөздерге жалпы халыққа бірдей түсінкті бола бермейтін, белгілі көсіп я шаруашылық саласымен шұғылданып жүрген адамдардың арасындаған айтылатын, соларға түсінкті сөздер мен сөз тіркестері жатады. Мысалы, балықшаруашылығына байланысты қабадан ау (талдан ііп жасалған аудың бір түрі), ақаншы (қызыл балық аулаушы адам), инелік (ау тоқытын ағаш ине), азына (адам отыру үшін қайыққа салынған көлденең тақтай) т.б. сөздер осы көсіппен айналыспаған басқа жердің адамдарына түсінкісіз. Бұл жағынан көсіби сөздер термин сөздерге жақын. Термин сөздерді белгілі бір ғылым, техника саласындағы мамандарған болмаса, басқа көшпілік қолданбайды. Бірақ ол екеуінің жасалуында тубірлі айырмашылық бар.

*Әсем Болғанбайұлы, Фабдолла Қалиұлы,
«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы»*

| Мәтін түрлері | Стильдік ерекшеліктері |
|---------------|------------------------|
| | |



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі терминдерді пайдаланып, интервью сұрақтарын дайындаңдар.

2-сабак

ҮЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, үлттық құндылықтар туралы әңгімелеп беріңдер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндерді мәнерлеп, *кідіріс*, *қарқын*, *темп*, *тембр*, *интонация* қойып оқындар. Қазақ халқына тән үлттық ерекшеліктерді зерделендер.



Қазақты үлт ретінде сақтау – түрікті сақтау деген сөз. Өйткені ең таза түрік – қазақтар. Қазақ тілі де – ең таза түркі тілі. Түркі тегінің тамыры да осында. Түркиядагы мұсылмандылық – Ясауи уағыздаган мұсылмандылық. Мен американалық түрікпін. Жүргегімнің бір түкпірінде қазақ түр...

Камел Карнат

Қазақ халқында қарттарды құрметтеу, ұлкендерді сыйлау, балаларға жанашырылық, жастарға қамқорлық ету, атапананы ардақтау, әйелдерді аялау ізгі дәстүрге айналған. «Қасқа қатал, досқа адад болу» – қазақ халқының негізгі мінез-құлқы. Қазақ халқында тым ертеден келе жатқан көптеген әдет-ғұрыптар бар. Бұл әдет-ғұрыптар қазақ өмірінде жазбага түсken заң сияқты терең тамыр тартқан.

Нығмет Мыңжани

«Азияда көшіп-қонып жүретін түркілердің ішінде қазақтар, басқаларға қарағанда, мәдениетті халық. Сондықтан болашағы мол. Олардың саны күннен-күнге артып келеді. Бұл халық жағалықты бойына тез сіциреді екен. Қазақтың мәдениеттілігін тілінің сипатынан, өз ойын дұрыс жеткізу жөніндегі қабілетінен және сейлеу формасынан, халық әдебиетінің байлығынан және мәдениетінің даму деңгейінен аңғаруға болады...».

А. Седельников

Сейіт Кенжеахметұлы, «Қазақтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

З-тапсырма. Берілген сездерді сілтеме ретінде алып, қайраткерлердің тілдік оралымдарына талдау жасандар.

Мәдениетіміздің негізі – білім. Білімге тіл арқылы же тіледі. Білімді жүрттардың тілі бай болады.

Халел Досмұхамедов

Адамның жасына қарап емес, мәдениеттілігі мен біліміне қарай бағалауымыз керек.

Уинстон Черчилль

Фылым мен мәдениет барлық дүниенің алтын алқасы болып отыр.

Мұхтар Әуезов

ТІЛДІК БАҒДАР

Пауза (кідіріс) – сөйлеу үстінде болатын кідіріс, үзіліс.

Сөйлеу қарқыны – белгілі уақыт мөлшерінде сөздің (сөйлемнің) айтылу қарқынының шапшаң не баяу болып келуі.

Сөйлеу темпі – сөйлеу элементтерін (дыбыс, буын, сөз) айту жылдамдығы.

Тембр – дыбыс дірілімен байланысты негізгі тон мен көмекші тонның көтеріңкілігі және күші жағынан өзара қарым-қатынасынан туатын дыбыс сапасы.

Интонация – сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ыргағы, сөйлеудің ритм-мелодиялық бейнесі.

ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. БАҚ және энциклопедиялық мәліметтерді пайдаланып, үлттық құндылықтар жөнінде шығармашылық жұмыстар (өлец, хат, әңгіме, шығарма) ұсыныңдар.





ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде берілген мәліметтерді вздерің туратын өңір тарихымен байланыстырып айтыңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіндегі термин сөздерді тауып, қолданысын түсіндіріңдер.

Еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа жіктелді:

1. *Ерекше бағаланатын табиги мұра ескерткіштері.*

Ел аудында киелі аталып кеткен, кейбіреуі қазірдің өзінде мемлекет қарауында тұрган табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар.

2. *Археологиялық ескерткіштер және ортағасырлық қалалық орталықтар.* Бұл топқа қалашықтар, бекіністер, петроглифтер, қорымдар, халқымыздың қалыптасуында ерекше рөл атқарған, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылуына үйітқы болған ортағасырлық қалалар кіреді.

3. *Діни және гибадат орындары болып табылатын орындар.* Бұндай қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады. Түркі кезеңіне дейінгі дәуірдегі аттары азызға айналған, көне түркі дәуірі және ортағасырлардағы, сонымен бірге XIX ғасырдың аяғы-XX ғасырдың басына дейінгі тарихи тұлғаларды қамтиды.

4. *Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар.* Қазақстан тарихында елеулі орын алатын, бүкіл өмірін қазақ елінің бостандығы мен егемендігіне арнап, үш жұздің батыр-білерін жиып, елдік маңызды мәселелерді шешкен хандар, Қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін курскен қазақтың батырлары, ұлт-азаттық қозғалысының жетекшілері, қолбасшылар, ғылым мен білімге, мәдениетке үлес қосқан мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақындар, ғалымдар, ағартушылар туралы мәні зор орындар алынып отыр.

5. *Саяси, тарихи оқиғаларға байланысты қасиетті орындар.* Қазақ даласында қазақ халқының бірлігі үшін болған шайқастарды, ерлікті, батырлықты, қайсаарлықты насиҳаттайтын, елдің бірлігін білдіретін ескерткіштер мен ел

жадында өшпес із қалдырған қасіретті орындар мен қоғамның, мемлекеттің тарихында ерекше орны бар мемлекетіміздің жаңа нышандары еніп отыр.

*Берік Әбдігалиұлы, «Алматы ақшамы» газеті,
№36, 29 наурыз, 2018 жыл*



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Өздерің барып көрген киелі орындар жайлы әңгімелеп, интервью сұрақтарын дайындаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жапсырмадагы №2 суретте берілген «Арыстан баб» кесенесі жайында ізденіп, шагын очерк жазындар.

4-сабак

ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, ас беру дәстүріне өз көзқарастарыңды білдіріңдер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, ғылыми-көпшілік деректерге назар аударындар.

Ас

Қазақ халқының ертеден келе жатқан ең үлкен тойы – ас беру. Бұл – дүниеден өткен ең белгілі адамдардың жылы толғанда, оған жасалатын ақырғы зор құрмет және ұлы жиын, бас қосу. Аста жүздеген ордалар, киіз үйлер тігіліп, үш жүзге бірдей сауын айтылады. Бұған әр елден есімі белгілі ақсақалдар, батырлар, ақындар, палуандар, әнші, жыршылар, кекпаршылар, мергендер арнайы шақырылып, жүйрік аттар өкеледі. Асқа өте көп қаржы мен мал жұмсалған. Жеңімпаздарға қомақты бейге тиген. 1860 жылы Ерден Сан-дыйбайұлына Ерден көлінде ас берілгенде... 500 үй тігілген, 160 жылқы, 200 қой сойылған. Аттың бейгесі 100 жылқы болған... Осы Ерденге үш рет осынданай ас берілген. Үшеуіндегі



шығын барлығында 1860 жылқы, 600 қой... 1000 саба қымыз болған. 1861 жылы Байдәulet Құлбекұлына ас берген. Мұнда бас бәйгеге 100 жылқы, 100 қой, 1 ақ отау, 10 түйе берген... 1874 жылы Лабақ Қуат баласының асы болған. 300 жылқы, 500 қой сойылған. Жұз атқа бәйге болған. Асқа 700 үй тігілген. Мұның сыртында шақырылғандар аруаққа деп малын, сойысын, сабасын және өкеледі. Аста елдің бірлігі мен байлығы, мырзалығы, біліктілігі сынға түседі.

Ас беру дәулетті адамдардың, үйымшыл елдің гана қолынан келген. Абылай ханның асы, Құнанбайдың әкесі Өскенбайдың асы, Қанжығалы Шауыпкел батырдың асы, Керей Сагынайдың асы, Дулат Сыпарат батырдың асы бүкіл елге мәлім болып, ақызыга айналған той болды. Бұл тойда жұмсалған шығынның есебінде шек болмаған. Мысалы, «Сагынайдың асына кеткен шығын атақты Тәж-Махал кесенесіне жұмсалған қаржымен бірдей болған», – деп жазды ертеректе «Мәдениет және тұрмыс» журналы.

Сагынай асына 500 ақ үй тігіліп, оған 500 бұхар кілем ілінген, 5 тонна шай өкелінген, жаңа ыдыс-аяқ Ташкент пен Қазан қалаларынан алынған. 10 мың көрпе-жастық, қонақтарға сыйлауға 500 бұхар шапаны келген. Сібірден 500 аң терісі алынған. 20 мың қой, 1000 жылқы сойылған. 500 жігіт атпен табақ тасып, 300 қызы қонақтарға дастарқан жаіып, қызмет еткен. Бәйгеге 500 тұлпар қатысқан. Ақанның әйгілі Құлагері осы аста мерт болды.

Ас берудің белгіленген ережелері мен тәртіптері болады. Ас бірнеше күнге созылады. Бірінші күн «ошақ қазар» деп аталағы. Бұл – дайындық жұмыстары: үй тігу, ошақ қазу т.б. Екінші күн – «мал сояр», ал ушінші күн «ұстаган» деп аталағы. Бұл күні той басталады. Тәртінші күн – «ат шабар». Ат жарысы, балуан күресі, ақындар айттысы, кекпар және басқа ойын-сауықтар осы күні өткізіледі. Ас әдетте сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі күндері берілген...

Ең жоғары мемлекеттік-саяси рәсім – хан көтеру мәселесі де осы ас үстінде шешімін тауып отырған.

Ас беру дәстүрі қазір де жалғастырылып жатқанын айта кету керек. 1991 жылғы Торғайдағы Ахмет пен Міржақыптың асы, 1992 жылғы Кекшетаудағы Абылай ханының, Ақмоладағы Бөгенбайдың, Талдықорғандың Қабанбайдың аста-

ры қазынасы мол халықтың дәстүрлердің тәрбиелік, ұлттық, рухани байлығымыздың қайта оралғанының айқын көрінісі екенін тағы да дәлелдей берді.

Сейіт Кенжеахметұлы, «Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен әдем-ғырыптары» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, төменде берілген кестені толтырыңдар.

| «✓» | «—» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|---------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлаганымда қайшы, керегар | Мен үшін жаңа ақпарат | Білгім келеді |



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. БАҚ және энциклопедия материалдарын пайдаланып, өздерің тұратын өзір туралы таныстырылым дайындаңдар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Төменде берілген даналар сөзін пайдаланып, интервью жүргізіндер.

Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту.

Әбу Насыр әл-Фараби

Кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауга болмайды.

Мұхтар Әуезов

Шала білім, шалағай мәдениет бір құлатпай қоймайды.

Ғабит Мұсірепов

Мәдениеттің мәйегі – кітап.

Шерхан Мұртаза



5-сабак

РУХАНИ БАЙЛЫҚ

ТЫНДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тындаңдар. БАҚ және энциклопедия материалдарымен толықтырындар.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, жанрлық ерекшелігін түсіндіріңдер.

Жалпы, көшпелілер өнері – ғаламат өнер, өлемдік мәдениет қазынасында оның баламасы жоқ. Ол ғасырлар елегінен өтіп, қадім заманның, аңғал да қатал жалған дүниенің өз үйлесімі мен жөн-жосығының, уақыттың тұңғиық иірімдерінің, өмір мен өлімнің мәңгілік арпалысының жаңырығын бізге жеткізеді.

Оған сырттай зер салғанда-ақ өтміш¹ заманалардың біртіндеп тіріліп, көшпелі өлемнің жасампаз да сарқылмас күш-куатын арқалап, өзіңе жақындаі түскенін сезесің: кешкі мұнарга көмілген көкжиеқ, мың шақырымдық ұзын сонар сокпақтар, сағымдар, ырдуан² арбаларының сықыры, балалардың жылауы, ұлкендердің күлкісі, атты сарбаздар дүбірі, соғыс көліктерінің дұрсілі, тәбелер, түйелер, салт аттылар, бақсылар, кезбе дәруіштер, жарқылдаған кіреуке³ сауыттар, жаландаган семсерлер, сұсты наизалар, ыскырған жебелер, ұрандар, ен-таңбалар, тұңғиық сырлы обалар, тұз құландары, көк пен Тәңірі...

Мұның барлығы біздегі құндылықтар жүйесінде өлі де өзінің тиесілі бағасын алғып, орнын таба қойған жоқ, әйткенмен де өткен құбылмалы заманаларға, сонда өмір сүрген адамдар мен олардың жетістіктеріне жіті зер салу Еуразия көшпелілері мәдениетінің терең қатпарларын аша түсуге септігін тигізеді, ал ол болса, ез мұрагерлерінің рухани мәдениетінің негізгі құрамдас бөлігі екені анық.

*Имангали Тасмагамбетов,
«Ат жалындағы өркениет» кітабынан*

¹ Өтміш – өтіп жатқан.

² Ырдуан – арбаның екі доңғалақты, қорабы биік түрі.

³ Кіреуке – торлы темір сауыт.

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, төменде берілген кестені толтырыңдар.

| «✓» | «—» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|---------------|
| Бұрыннан білемін | Мениң ойлаганымда қайшы, керегар | Мен үшін жаңа ақпарат | Білгім келеді |

ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңді ауен, ауез, тембр, қарқын, кідірісті сақтап, мәнерлеп оқыңдар.

Бұл – менің Қазақстаным

Таулары кекті тіреген,
Басында бұлты түнеген.
Бағында сайрап бұлбұлы,
Даласы қайта түлеген.
Тыңдаған өлем күшті өнін –
Бұл – менің Қазақстаным!

Шағала шаңқан ауылдар –
Көңілді дарқан қауымдар.
Жандары жарқын, жайдары,
Баршага бірдей бауырмал.
Бойында жігер, күш-жалын –
Бұл – менің Қазақстаным!

Төрт түлік малы қаптаған,
Теңсeltіп жорға баптаған.
Қымыз бен майын кілкітіп,
Қоюлап шайын баптаған.
Жоғалтқан жоқтық қыспағын –
Бұл – менің Қазақстаным!

Кектемде түскен түйір дән
Мың болып күзде жиылған.
Тоқшылық тойын тойлатып,
Қамбаға қаптап құйылған.



Тамсантқан дос пен дүшпанын –
Бұл – менің Қазақстаным!

Алатау, Алтай, Атырау...
Байлықта тұнып жатыр-ау.
Тимеген тұлпар тұяғы
Қыраттар қанша, япыр-ау!
Ақтарған алтын, мыстарын –
Бұл – менің Қазақстаным!

Қайда да бүгін құбылыс,
Қайда да бүгін шүғыл іс.
Қала мен дала ұласып,
Қанатын жайған құрылыс.
Жаңартқан көне қыстағын –
Бұл – менің Қазақстаным!

Кешегі қазақ қой баққан,
Бүгінгі таңда ой баққан.
Мұхитты кезіп балықтай,
Зымыранын көкте ойнатқан.
Үштаған ғылым үшпәғын –
Бұл – менің Қазақстаным!

Фарышты кезіп шарлаған,
Қырандар ерен самғаған.
Үшса да, қайта қонса да,
Даламнан орын таңдаған.
Бұл – менің ғажапстаным,
Бұл – менің Қазақстаным!

Абдрабхман Асылбек



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Туган жер» тақырыбында әңгіме жазындар.

6-сабак

ТУҒАН ЖЕРГЕ ТУЫҢ ТІК



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Өлеңді тыңдалап, мәтінде көтерілген мәселеге көзқарастарыңды айттындар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, ғылыми-көпшілік деректерді зерделендер.

Кенесары үңгірі

Кенесары Қасымұлы – қазақ тарихында орны зор тұлға. Әйткені ол – XVII ғасырдың бірінші ширегінде патшалық Ресей жергілікті халықпен санаспай, сес көрсету мақсатында 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы», 1824 жылы «Орынбор қазақтарын басқару туралы» отарлау жарғысын қабылдап, осы арқылы қөшпелі жүрттың шабындық – жайылым алқаптарын зорлықпен тартып алғып, онымен шектеліп қалмай, қазақ қоғамының ежелгі басқару жүйесі хандық билікті жоюына байланысты, отарлаушыларға қарсы шығып, ұт-азаттық көтерілісті басқарған бірегей батыр.

Тарихи құжаттарда Кенекеңнің туған жері Бурабай өңірі деп көрсетілген. Демек, осы өлкеде қазақтың соғы ханына қатысты тарихи нысандар, азыз-әңгімелер көп. Соның бірі – жалпылттық қасиетті нысан тізіміне еніп отырган «Кенесары үңгірі».

Аталмыш орын Бурабай көлінен оңтүстік-батыста жарты шақырым жерде орналасқан. Фалымдар үңгірді гранитті сілемнің үгілуйінен пайда болған дейді. Оның іші дәңгелек пошымдас, аумағы 5-6 метр шамасында. Кіреберіс қуысының биіктігі 3 метрге жуық. Үңгір бір-бірімен тас қуыс арқылы жалғасатын екі бөліктен тұрады. Екінші бөліктे сыртқа шығатын ауыз-қуыс бар.

Бұл нысан – туристер өте көп баратын орынның бірі. Ел ішінде сақталған әңгімелерге қарағанда, Кенесары бала кезінен осы үңгірде қона тұнеп, аң аулап жүрген дейді. Кейін, яғни «1840 жылдары ресейлік отарлау саясатына қарсы шыққан тұста батыр сенімді серіктерін үңгірге жинап, алдағы стратегиялық жоспарларын ақылдасатын еді» деп топшылайды тарихшылар.

«Егемен Қазақстан» газеті, №22, 4 ақпан, 2019 жыл



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Өз мектептерінің тарихы мен туған жерлерің туралы интервью сұрақтарын дайындаңыз, шағын мәтін жазыңыздар.





АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Энциклопедиядан салт-дәстүр туралы мәліметтер жинап, таныстырылым дайындаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Туган тілім» тақырыбында аргументативті эссе жазындар.

7-сабак

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ МӘДЕНИЕТ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Өркениет тарихына қатысты терминдер мен ұғымдарға, тілдік оралымдарға талдау жасаңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтіннің жанрлық ерекшелігіне талдау жасаңдар.

«Жаңа әлемге» ашылған жол

Шынайы тарихи деректерге негізделген, әртүрлі елдердің түрлі ғылым салалары өкілдерінің қолынан шыққан, 1492 жылға дейінгі Америка тарихын қамтитын зерттеу жұмыстарын сараптай келе, нағыз шындықтың еуроцентристика «шындыққа» мүлде үқсамайтындығына толық көз жеткізуге болады. Мәселен, бұл күнде өзінің биік өркениетімен бүкіл әлемге ықпалын тигізіп отырған Батыс Еуропа 1450 жылдары әлемдік өркениет көшінің соңғы шебінде келе жатқан кезде, Үндістанда Могол империясы, Қытайда Мин династиясы, Орталық және Оңтүстік Америкада Ацтек және Инк империялары, Батыс Африкада Бенин корольдігі, Австралияда байыргыaborигендердің төл мәдениеті өз бетімен дамып, басқалардың ықпалынсыз-ақ шарықтап тұрғанығылымда белгілі жай.

Христофор Колумб «Жаңа әлемге» бірінші рет аяқ басқан кезде, бұл алып құрлықтар тек европалықтар үшін ғана жаңа әлем болатын. Ал бүкіл адамзат тарихы тұрғысынан қарағанда, Америка өркениеті мен мәдениеті ол дәуірге дейін-ақ шарықтау шегіне сан рет жетіп, сан рет қайта құлаған, қайыра өрлең,

қайта шегінген өркениет пен мәдениет ошағы болатын. Сансыз алмасқан есепсіз уақығалардың сахнасына айналып үлгерген Америка ол кезде қай жағынан да Ескі әлеммен терезесі тәң түспесе, кем түспеген, бірақ оған өз сырын әлі айқара аша қоймаған, құпиясы мол, нағыз көнекөз әлем еді.

Фылыми деректерге қарағанда, осыдан 500 жыл бұрын Америка құрлықтарында 75 миллионға жуық халық өмір сүрген. Олар 2000 тілде сөйлеген. Олардың бір-бірінен ерекшеленетін өзіндік мәдениеті мен өркениеті болған.

Әділ Ахметов, «Тұбі түркі өркениет» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, тәменде берілген кестені толтырыңдар.

| «✓» | «—» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|---------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлаганымда қайшы, керегар | Мен үшін жаңа ақпарат | Білгім келеді |



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Шумер өркениеті» тақырыбында сыныпта пікірталас үйымдастырыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ. АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. М. Өлімбайдың батасына тыныс белгілерін қойып жазып, мәнерлеп оқыңдар.



Өulet түбірлі болсын
 Үрпак ғұмырлы болсын
 Ұлың ұғымды болсын
 Қызың жұғымды болсын
 Жастар қанатты болсын
 Қарттар санатты болсын
 Еңбек тынымды болсын
 Жеміс шырынды болсын

8-сабак**ӨРКЕНИЕТ**

1-тапсырма. Мөтінді тыңдап, мазмұны бойынша парталасыңа интервью сұрақтарын дайындаңдар.



2-тапсырма. Мөтінді оқып, осы тақырыпқа қатысты өз жобаларынды сынып алдында қорғаңдар.

Ботай мәдениеті

Еуразия даласында бүкіләлемдік маңызы бар оқиға болды: адам жылқыны қолға үйретті. Бұл Ботай мәдениетінің бірқатар ескерткіштерін көп жылдар бойы зерттеудің нәтижесінде дәлелденді. Ерттеулі ат яки арбага жегілген ат уақыт жағынан ілгерілеуге жол ашып, байланыс жүйесінің жаңа - «донғалақ» дәуірін ашты. Өлем мәдениеттері бір-біріне жақындей түсті. Кешіп-қону, жаңа жерлерді игеру басталды. Адамның ең жақын досы жылқы болды. Жылқы көптеген өлем халықтары үшін уақыттың, кеңістіктің, жылдамдықтың, есімталдықтың, байлықтың нышаны деп танылды...

Энеолиттік Ботай қонысында 30 жыл бойы жүргізілген Солтүстік Қазақстан және Көкшетау археологиялық экспедицияларының ғылыми зерттеулері, сондай-ақ бірқатар галымдардың ізденістері жалпы Еуразия құрлығы мен Қазақстанның ежелгі тарихында ғылыми жаңалықтар ашуға мүмкіндік берді. Жылқы тұңғыш рет б.з.б. IV мыңжылдықта Солтүстік және Орталық Қазақстан даласында қолға үйретілді.

Виктор Зайберт, «Ботай.

Дала өркениетінің бастауында» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. БАҚ, энциклопедиялық, гылыми-көпшілік ақпарат көздерінен мәдениет пен өркениетке қатысты мәліметтерді «Уақыт тізбегіне» салып айтыңдар.



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқып, жаттап алыңдар.

Қазақтарды шетелдік қонақтарға таныстыру

Жайлауында жүрген жігіт бағып қой,
Дос келді деп,
Жасап жатыр анық той.
Тұңғыш рет көріп тұрсың сен оны,
Нағыз қазақ осы, міне,
Танып қой!

Сәйгүлікті қүйрық-жала таралған
Сүйетүғын қазақ осы,
Қараңдар!
Қазақ осы:
Күй шығарып,
Өн салып,
Кекпар тартып,
Қызы қууга жаралған.

Қазақ осы:
Дала дейтін,
Күн дейтін,
Қазақ осы:
«Өнер алды – тіл» дейтін.
Қазақ осы:
Қарасың ба,
Ақсың ба,
Қоңырсың ба,
Жатырқауды білмейтін.

Қазақ осы:
Ашық-жарқын қабагы
Қонақ келсе,
Шабылып бір қалады,
Байқа да тұр,
Саған да ол кетерде
Ат мінгізіп,
Жібек шапан жабады.

Қадыр Мырза Әли



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Өздерің тұратын өңірлердегі мәдени кешендер мен киелі орындар туралы жарнама мәтінін дайындаңдар.





ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалып, ақындардың тілдік оралымына талдау жасаңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Айтыстың жанрлық ерекшелігін көрсететін белгілерді талдаңдар. БАҚ беттеріндегі тыңдарман көзқарастарымен салыстырыңдар.

*Әбілқайыр Сыздықов пен Айнур Тұрсынбаеваның
айтысЫнан үзінді*

Әбілқайыр:

Елі шын күтіп отыр құлынынан,
Бата алса еken деп ұлы мыңнан.
Ақ батаң, ақ пейілің маған қымбат,
Сапалы сары алтынның сынығынан.
Алматы – қазағыма алтын бесік,
Бауырыңа бас мені де, ұлы тұлғам.
Сенсің – ұлы айтыстың астанасы,
Жүргегіңе ақынның жыры тұнған.
Ассалаумагалайкүм, армысыңдар,
Ыстық сәлем қабылда Сыр ұлынан!
Алматы, алтын орда, асқақтай бер,
Айтысты бес парызың бірі қылған.

Қайраттар қазағыма бақыт берген,
Батыр да туады елден, алып та елден.
Қасық қанын аямай қазақ үшін
Қараңғы қара түнекке жарық берген.
Тілейміз дінімізді қайта оятып,
Көгіне көк байракты тағып берген.
Елімізді еге қылып жерімізге,
Тәуелсіз баянды өмір салып берген.
Үкімет қимай Ербол мен Ләззаттарға,
Қанаңман деген атты халық берген.
Желтоқсан ерлігін ел ұмытпайды,
Қазақты қайта өмірге алып келген...

Айнұр:

Алматым, менің Алматым,
 Тарихта қалды мәңгі атың.
 Қазақта сені жырына
 Қоспаған, айтшы, бар ма ақын?
 Сахнага жеттіңіз,
 Тиісе сейлеп кеттіңіз.
 Соншама, аға, Айнұрда
 Атаңнан қалған бар ма ақын?

Тілімнің төгіп құнарын,
 Тарқатам елдің құмарын.
 Адамдық пенен адалдық –
 Бойыма таққан тұмарым.
 Алдымен, халқым, әрине,
 Сіздерге ізет қыламын.
 Содан соң барып, ағатай,
 Өзіңе мойын бұрамын.

Армысың, Алатауым, асқаралым,
 Ел-жұрты есенбісің астананың?
 Мен бүгін пейіліңден шабыт алсам,
 Елжіреп, мейлінше мас боламын.
 Армысың, Өбілқайыр – ақын жігіт,
 Сенің де жарқырасын баста бағың.
 Айбынды өзіңіздей азаматқа,
 Мен қатты сейлеуден де жасқанамын.
 Азаннан кешке дейін бір жігіттің
 Қүзетіп үйрендік қой қас-қабағын.

«Қазіргі айтыс» кітабынан

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Үлттық өнердің бүгінгі майталмандарына өз ұсыныстарыңды білдіріп, хат жазындар.

**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Төменде берілген Елбасы пікірін басшылыққа алып, «Бабалар үні» тақырыбында эссе жазындар.

Үлттық салт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзben айтқанда, үлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс.



Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні – бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасыған.

Нұрсұлтан Назарбаев, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Өздерің тыңдаған айттыс ақындарының интонациясы мен мәнеріне талдау жасандар.

10-сабак

ӨНЕРПАЗ БОЛСАН АРҚАЛАН...



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді жалғастырып, өнер иесіне қоятын сұрақтарынды дайындаңдар.

«Тағы да ананың рөліндемін...»

Канн кинофестивалінде ең үздік әйел рөлін жеңіп алған қазақ қызы Самал Еслімова «Барымташылар» фильмінде басты рөлде ойнайды. Міне, фильмнің түсірілім алаңы. Қөптің көзайымына айналған Самал да осында. Өкініштісі, кең көсліп әңгімелесуге мұрша болмады. Тәңіртаудың етегінде ауа райы қысқа күнде қырық құбылады. Күн көзі жылт ете қалса, түсірілім басталады да, қызу жұмысқа кіріседі. Жаңбыр себелей бастаса, қуанып кетеміз. Себебі сол сәтте түсірілім тоқтайды да, сұхбат құрамыз. Сондай бір сәтте Самалдың айтқаны:

– Бұл фильмде де ананың рөлін сомдаймын. Екі күн бұрын Мәскеуден үшіп келдім. Жазда Венецияда болдым. Тұган күнімді сол жақта қарсы алдым. Тұган күн тойлау өзіме онша ұнамайды. Достарымның өтінішімен барып, қыдырып келдім. Түсірілім алаңына келгеніме екі күн болды. Бұл картина маган қарапайымдылығымен ұнады. Талап-тілегі аз, өзіндіғана сомдап шығасың. Жан-жақтан қысым болмағандағанда әртіс өзінің рөлін сәтті алғып шыгады.

«Улан» газеті, №38, 18 қырғызек, 2018 жыл



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Жапсырмада берілген №4 суреттегі ақындар айттысының жазбаларының біреуін ғаламтордан тыңдаң, әуені мен сөз сазына талдау жасап, шагын мәтін жазындар.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. БАҚ және энциклопедия материалдарын пайдаланып, ғылыми-көпшілік деректерді жинап, белгілі бір танымал өнер адамы туралы таныстырылым ұсыныңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. «Кім жылдам?». Ғұламалардың нақыл сөздеріндең керекті сөздерді, сез тіркестерін тауып, орнына қойып жазыңдар, айтылған ойдаң магынасын түсіндіріңдер.

- 1) ... жарасы бітпейді, ... жарасы біtedі.

Ахмет Иңгінеки

- 2) ... сез көңіл күйді идіреді,
... сез амалсыздан күйдіреді.
... сез пайдасы көп тебірентер,
Бәрі де қисық сөздің кері кетер.

- 3) Айтылады тілменен сез, сыр-ішін,
Жақсы сез де білсең – ..., тынысың.

- 4) Керексіз сез күйдірер

Жүсіп Баласагұн

- 5) Жақсы сез – дәмнің

Құтыл

- 6) Бұрын айтылмаған білімді жүрт ... таниды.

- 7) Алтын, күміс жиған бай емес, ... адам бай.

Жүсіп Баласагұн

- 8) Көп сейлеген ... сейлейді.

Бабыр

- 9) ... сырыңды тілің білдіреді,
Шіріген жаңғақты ... білдіреді.

Сайф Сараий

- 10) ... сез көп үтады.

Ахмет Иңгінеки

Керекті сөздер: жақсы, қыңыр, әділ, тіл, ок, бедел, ойлы, тұзы, сезіңнен, сез, дәмсіз, ішкі, жеңілдігі, от сияқты.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мектебіндегі өнерлі оқушылар туралы портфолио дайындаңдар.



IV
бөлім

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ - БҮГІНГІ КҮННІҢ ДАМУ ҮРДІСІ

Тілдік жүйе және норма

1-сабак

НАРЫҚ ЖОЛЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұқият тыңдаңдар. Онда айтылған мәліметтерге талдау жасандар.

1. «Экономикалық интеграция» дегенді қалай түсінесіндер?
2. Қазақстан қандай елдермен белсенді интеграциялық қатынаста деп ойлайсындар?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Оқылымның ізденімдік стратегиясын пайдаланып, мәтінді толықтырындар.

Міне, осы кезде «Мен, халқым, осы нарық жолын таңдадым, бұл сапарда қыншылық көп болады, төзуге тұра келеді. Ал нәтижесінде біз тиімді экономикалық жүйе жасаймыз, соның негізінде тұрмысты жақсартып, өркениетті елдердің қатарына қосыламыз. Мен сіздерді осы жолмен жүргүре шақырамын» деген Елбасының жалынды сөздерін естідік. Бұл Тұңғыш Президенттің ой-толғанысы мен танымталқысынан күш алған тебіреніс еді. Сол кездегі орасан сілкіністерден туған ойы болатын. Осындаі алдағы қауіп-каторге төуекелі мол тебіреніс біздерді, қазақ қоғамын, нарық жолына шығарды. Отан тарихында бұл – орны өшпес оқиға.

«Саяси басшының баршага керек үлken бір қасиеті – алдын болжай білу және алға қойған мақсатын орындау ісінде табандылық көрсету» деген екен Аристотель. Реформалардың алғашқы сатысында да, кейінгі жалғасында да осы саладағы мақсатын орындауда Елбасы тарарапынан көрсетіліп отырған табандылықты атап айтпауға болмайды.

*Кенжегали Сагадиев, «Нұрсұлтан Назарбаев:
«Алдымен – экономика...» мақаласынан*



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Жоғарыда айтылған мәтіндегі ойды бүгінгі күнгі мәліметтермен толықтырып, «Жасампаз Қазақстан» тақырыбына мақала дайындаңдар.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. БАҚ материалдарын пайдалана отырып, Қазақстан-ның экономикалық дамуын диаграммама салып түсіндіріңдер.

ТІЛДІК БАҒДАР



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мекеменің негізгі құжаттары мен жеке адамға қатысты құжаттарды белгілеңдер. Аталған құжаттардың біреуін таңдаң алып, үлгісін дайындаңдар.

| | Ісқағаз түрлері | Мекеме құжаттары | Жеке адам құжаттары |
|---|-----------------|------------------|---------------------|
| 1 | Куәлік | | |
| 2 | Жарғы | | |
| 3 | Арыз | | |
| 4 | Бұйрық | | |
| 5 | Өтініш | | |
| 6 | Хаттама | | |
| 7 | Сенімхат | | |
| 8 | Мекеме есебі | | |
| 9 | Өмірбаян | | |



| | | | |
|----|-------------------|--|--|
| 10 | Анықтама | | |
| 11 | Келісім | | |
| 12 | Мәлімдеме | | |
| 13 | Шарт | | |
| 14 | Міндеттеме | | |
| 15 | Түйінсөз | | |
| 16 | Ақпараттық хаттар | | |

2-сабак**ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ****ОҚЫЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінде берілген мәліметтерді кестеге түсіріп, талдандар.

Қазақстан–Жапон қарым-қатынастары

Сауда-экономикалық үнтымақтастық. Жапониямен экономикалық үнтымақтастық, негізінен, дамуға ресми кемек бағдарламасы арқылы іске асып жатыр. Барлық жылдар бойынша Қазақстанға көмек 102,1 млрд йенаны қурады (1 млрд доллардай), оның ішінде, ұзақмерзімді несиeler – 88,8 млрд йена (880 млн доллар шамасында), техникалық үнтымақтастық – 8,7 млрд йена (87 млн долларға жуық) және гуманитарлық көмек – 4,6 млрд йена (46 млн доллар шамасында). Йенамен алған несиelerді Жапон үкіметі жеңілдіктермен берген: қарыз ұзак мерзімде қайтарылады және пайызық мөлшерлемесі онша жоғары емес.

«Қазақстан және әлем елдері» кітабынан

**ЖАЗЫЛЫМ**

2-тапсырма. Өздерің тұратын өңірдің экономикасы жөнінде топтық мақала дайындаң жазындар.

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Өздерің тұратын өңір бойынша көсіпкерлер жөнінде мәлімет жинап, сыйыпқа таныстырындар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндерден экономикаға қатысты сөздерді ірікten алып, түрлендіріп, шағын мәтін дайындаңдар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Экономикалық өсудің факторлары» кестесіне қарап, қоғамдағы жағдай жөнінде болжам ұсыныңдар. Нәтижесін диаграмма түрінде көрсетіңдер.

| Экономикалық өсудің факторлары | |
|---|--|
| Тікелей факторлар | Жанама факторлар |
| <ul style="list-style-type: none"> - Еңбек ресурстарының саны мен сапасының өсуі. - Негізгі капитал көлемінің өсуі және сапалық құрамының жақсаруы. - Өндірісті үйымдастырумен қатар технологияның жетілдірілуі. - Пайдаланатын табиги ресурстардың саны мен сапалылығының артуы. - Қоғамдағы көсіпкерлік қабілеттің өсуі. | <ul style="list-style-type: none"> - Сұраныс факторлары – тұтыну, инвестициялық, мемлекеттік шығындардың өсуі. - Ұсыныс факторлары – бөсекенің дамуы, ресурстар бағасының төмендеуі, несие алу мүмкіндігінің өсуі. - Бөлу факторлары – қоғамдағы барлық ресурстарды тиімді пайдалану. |

3-сабак ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Тұжырымдар мазмұнын талдаңдар. Өз топтарында талқылап, таныстырылым дайындаңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, мәліметтерді кластерге түсіріңдер.

**Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н. Назарбаевтың
Ұлытау төріндегі сұхбаты**

...Картага қарайық, Қазақстан құрлықтың дәл ортасында орналасқан. Теңізге шығатын жолымыз жоқ. Қазақстанда екі қабатты бір үй салу бағасы Малайзияда сондай 10 үй салу құнымен бірдей. Неге? Біздің елдегі сұық 40 градусқа дейін



жетеді. Істығымыз да солай. Ал Малайзияда да, Сингапурда да ауа райы біркелкі. Бізде зауыт, фабрика салу Малайзиядан 5-6 есе қымбат. Ал енді олар тәңіздің, мұхиттың жағасында отырған соң, тауарын кемеге тиейді де, арзан жолмен жібере салады. Біз мына Қарағандыдан, Жезқазғаннан мысты пойызга тиеп, анау Қара тәңіздің жағасына жеткізгенше әр шақырымына ақша төлейміз. Қытайға, Ресейге жеткеншे ақы береміз. Анау Еуропага барғанша қыруар ақша жұмсаймыз. Сонда біздің «теңізіміз» не болды? Біздің «теңізіміз» – Ресей аумағы. Біздің «теңізіміз» – Қытай аумағы. Осы екі мемлекетті тәңіз деп санасақ, біз солардың жағасында тұрмыз. Енді біз осылармен сауда-саттық жасамасақ, онда экономикамыз қалай өседі? 17 миллион гана халқымыз бар. 250 миллиардқа жақын өндіріс өніміміз бар. 17 миллион халықты қамтамасыз етіп болғаннан кейін ары қарай қалай өсеміз? Егер біздің шыгарған тауарларымызды біреу сатып алмаса, ол қоймада тұрып қалады.

«Өнегелі өмір» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, тәменде берілген кестені толтырыңдар.

| «✓» | «-» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|---------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлаганымда қайшы, керегар | Мен үшін жаңа ақпарат | Білгім келеді |



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Бірінші қанатты сөзді тақырып етіп, сынып алдында өңірдің экономикалық ахуалы жөнінде баяндама жасаңдар.

Жер тағдыры – ел тағдыры.

Адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жалғастырап ең берік дәнекер – мұдде жақындығы.

Адамзат өркениеті экономикада – шаруашылық жүргізудің нарықтық тәсілінен, саясатта – демократиядан, идеологияда – пікір алуандығынан тиімді еш нерсе тапқан жоқ.

Нұрсұлтан Назарбаев



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінде көлтірілген деректерді талдан жазыңдар. Сыныптастарың интервью сұрақтарын дайындаңдар.

4-сабак

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӘРІПТЕСТІК



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтіндегі терминдер мен тілдік оралымдарды пайдалана отырып талдандар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мазмұны бойынша диаграмма дайындаң, сыныпта хабарлама эссе ұсыныңдар.

Сауда палатасы өкілдерімен кездесті

Үкімет үйінде Қазақстан Республикасының Премьер-министрі «Франция–Қазақстан» сауда-өнеркәсіптік палатасының президенті, «КАТКО» ЖШС бас директоры Жерар Фриес бастаған «Франция–Қазақстан» сауда-өнеркәсіптік палатасының өкілдерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында инвестициялар, ауылшаруашылығы, энергетика және цифрландыру салаларындағы екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Бұдан өзге, Қазақстан–Франция қарым-қатынасын одан әрі кеңейтуге қатысты бірлескен жұмыстардың жоспары қаралды.

Қазақстан мен Франция арасындағы тауар айналымы 2018 жылғы қаңтар-қараша айлары аралығында 4 млрд АҚШ долларын құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндеңі көрсеткіштен (3,1 млрд доллар) 27,3%-ға жоғары. Қазақстаннан Францияға экспорт 2018 жылғы қаңтар-қараша айларында 27,7%-ға өсіп, 3,4 млрд долларды құрады.

«Егемен Қазақстан» газеті, №13,
22 қаңтар, 2019 жыл



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Өздерің тұратын өңірдегі кәсіпкерге жолығын, интервью алу үшін сұрақтар дайындаңдар. Баспасөзге мақала ұсыныңдар.





ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндердегі экономикалық терминдер мен тілдік оралымдарды пайдалана отырып, келісімшарт үлгісін дайындаңдар.

5-сабак

МӘҢГІЛІК ЕЛ МУРАТТАРЫ



ТЫНДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тындаңдар. Онда берілген мәліметтерді жүйелеп, ой бөлісіндер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, шетелдік экономистерден алатын интервью сұрақтарын әзірлеңдер.

Маңызды келіссөз

Алматыда Қазақстан Республикасының Премьер-министри мен Еуразиялық үкіметаралық кеңестің отырысына катысу үшін келген Ресей Федерациясы Үкіметінің тәрағасы Дмитрий Медведев арасында екіжақты кездесу етті.

Кездесу барысында сауда-экономикалық, транзиттік-көлік, отын-энергетика салаларындағы, сондай-ақ гарышты игеру мен цифрландыру саласындағы өзара іс-қимылды одан өрі тереңдетуге және кеңейтуге бағытталған екіжақты қарым-қатынастардың мәселелері талқыланды. «Байқоңыр» бойынша ынтымақтастық әлеуетін дамыту перспективалары қаралды. Аймақаралық және шегара маңындағы ынтымақтастық мәселелеріне ерекше көңіл белінді.

2018 жылдың қаңтар-қараша айларында екіжақты тауар айналымы 2017 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6%-та үлграйып, 15,7 млрд долларды құрады.

Қазақстанның сыртқы сауда айналымында Ресей үлесі шамамен 19%-ды құрайды, бұл ел Қазақстан өнімдерін экспорттау бойынша 4-орында.

«Егемен Қазақстан» газеті, №13, 22 қаңтар, 2019 жыл



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Берілген тұжырымдарды салыстырыңдар, топта шағын мақала дайындаңдар.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі.

Бізге ұлттық буржуазия керек. Ұлттың қалталы адамдары қалыптаспайынша, көп істің қиуы келмейді. Ұлттық буржуазия пайда болса, мемлекет мүддесін ойлайтын адамдар көбейер еді.

XXI ғасыр қазақ халқының жүлдізы жанатын ғасыр болатынына сенемін.

Нұрсұлтан Назарбаев



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндерге сүйеніп, экономикалық терминдерді қолдана отырып, нұсқаулық дайындаңдар.

6-сабак

ТАБЫСТЫ ДАМУ ЖОЛЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдал, «Қазақстан өлемдік аренада» тақырыбында хабарлама дайындаңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Шетел басшысының сөз әдебіне назар аударындар.

Достықта негізделген байланыс

Кездесу барысында Тұрақты комитет төрағасы Ли Чжаньшу Қытайдың Бүкілқытайлық халық өкілдері жиналышының атынан Қазақстан Президентіне ілтират білдіріп, мемлекеттік сапар аясында жүргізілген келіссөздердің жемісті болғанына тоқталды және солардың нәтижелері бойынша қол қойылған құжаттар қазіргі кезеңдегі екіжақты қатынастардың нақты даму жоспарын айқындағанын атап өтті.

– Сіз – біздің халқымыздың нағыз доссызыз, ал мен үшін ең құрметті мемлекет қайраткерлерінің бірісіз. Сіздің басшылығыңызben Қазақстанда нарықтық экономика қалыптасып, халықтың жағдайы жақсара түсті, қоғамда тұрақтылық бар. Елініздің өлемдегі және өңірдегі беделі әрдайым артуда. Өздеріңіз «Нұрлы жол» деп атағандай, Сіздің мемлекеттіңіз жарқын болашаққа жол ашты. Сіз халық



арасынан шықтыңыз, оның арман-мұддесін білесіз және үзак жылдар бойы Қазақстанды табысты даму жолына бастап келесіз. Сіз – қытай халқы үшін қаһарман тұлғасыз және біздер – басшылар үшін үлгі саналасыз. Сіздердің достарыңыз әрі көршілерің ретінде Қазақстанның жетістіктері үшін шын жүректен қуаныштымыз, – деді Бүкілқытайлық халық екілдері жиналысы Тұрақты комитетінің төрагасы.

«Егемен Қазақстан» газеті, №107, 11 маусым, 2018 жыл



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Төменде берілген мәтіндерді оқыңдар. Ондағы деректерді салыстырып, өз болжамдарынды ұсыныңдар.

Қазақстан және Араб Әмірліктері іскерлік қатынастары

Экономиканы дамытудың негізгі бағыттарының бірі – бизнес ортаны жақсарту және инвестиция тиімділігін күшету. Мәселен, 20 жылда Қазақстанға 320 млрд АҚШ доллары көлемінде қаражат тартылды. Атап айтқанда, БАӘ елінен Қазақстанға келген тікелей шетелдік инвестиция 2,1 млрд АҚШ долларына жетті. БАӘ қатысуымен 242 кәсіпорын жұмыс істейді, құны 1,73 млрд АҚШ долларын құрайтын бірнеше инвестиациялық жоба жүзеге асырылып отыр. Олар – көпфункционалды «Абу Даби Плаза» кешені мен астанадағы халықаралық мектептің құрылышы, экструзия әдісімен өнделген Алматы облысындағы құрама жем өндірісі және жеміс-жидектің өнделуі. Mubadala инвестиациялық қорымен бірге «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнаулы еркін экономикалық аймағы аумағында «А» санатындағы заманауи қойма орынжайларын салу жобасы жалғасып жатыр.

Қазақстанда қазір Үлттық инвестиациялық стратегия іске асырылып жатыр. Тартылатын тікелей шетелдік инвестиацияның 2022 жылға қарай 1,26 есе ұлғайтылуы – оның басты міндеті ретінде белгіленген. Айқындалған 6 басым сала: агронеркәсіп кешені, мәшине жасау, химия және мұнай химиясы, инфрақұрылым, тау-кен металлургиялық кешені сауда инвесторлары үшін салыққа, кеден салығынан босатуға, табиги гранттарға қатысты преференциялар қарастырылған.

«Егемен Қазақстан» газеті, №37, 25 ақпан, 2019 жыл

Вьетнам–Кытай–Қазақстан–Еуропа

Қазақстанның Вьетнамдағы елшілігі «Қазақстан Темір жолы» ҮК» АҚ-мен (ҚТЖ) Вьетнам–Кытай–Қазақстан–Еуропа бағыты бойынша алғашқы теміржол транзиттік–көліктік дәлізінің жұмысын іске қосқан көліктік–логистикалық жобаны жүзеге асырды.

Қазақстанның дипломаттардың қолдауы және ҚТЖ өкілдерінің белсенді қатысуымен 2017 жылдың наурызы мен шілдесінде Алматы мен Ханойда Қазақстан, Вьетнам және Кытайдың теміржол өкімшіліктерінің алғашқы үшжақты келіссөздері жүргізілді. Нәтижесінде тараптар тасымал көлемдері, бағыттар және логистикалық операторлар жөнінде келісті. Аталған форматтағы келіссөздердің келесі раундина Ресей мен Монголияның серікестері қосылды.

Белгілі болғандай, Вьетнам Еуразиялық экономикалық одақ (ЕАЭО) елдерімен Еркін сауда туралы келісімге қол қойған түнғыш ел болды. Қазақстан–ҚХР–Вьетнам транзиттік бағыты біздің еліміз бен өзге де ЕАЭО елдеріне Вьетнам нарығына ауылшаруашылық тауарларын, оның ішінде, ет-сүт өнімдері мен өзге де тез тасымалдауды қажет ететін тауарлардың жеткізілімін жасауға мүмкіндік береді. Иранға бидай жеткізілімі бойынша Қазақстан мен Ресей арасындағы бірлескен жобалар үлгі бола алады. Өз кезегінде, Вьетнам аталған дәліздің мүмкіндіктерін пайдалана отырып, теніз өнімдері мен тропикалық жемістерді Қазақстанға экспорттау мүмкіндіктерін алады.

2018 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан мен Вьетнам арасындағы тауар айналымы 467,2 млн АҚШ долларын құрады. Вьетнам–ҚХР–Қазақстан–Еуропа теміржол дәлізінің іске қосылуымен екі ел арасындағы тауар айналымы айтартылғатай артады деп күтілуде.

«Егemen Қазақстан» газеті, №45, 7 наурыз, 2018 жыл

ЖАЗЫЛЫМ. АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Шетелдік көспікерлермен кездесудің сценарийін дайындаңыз, диалог құрындар.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Табыстың даму көзі» тақырыбында аргументативті эссе жазындар.



V
бөлім

БІЛІМ. ФЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ

Тілдік жүйе және норма

1-сабак

БІЛІМ. ФЫЛЫМ. ИННОВАЦИЯ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мазмұны бойынша сыйыптастарыңа сұрақтар дайындаңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Астарлы ойды таратып айттыңдар. Жанрлық ерекшелігін талданадар.

Абай мен Өбіш

Наушабай атты кісі жол жүріп келе жатып, Абай үйіне түсіпті. Жайғасып отырған соң ол:

– Абайжан, өзіңе асыл сез, алғыр ой тауып айтқан кісі болды ма? – деп сұрапты.

Абай сөл ойланып отырыпты да, мына бір әңгімені айттып береді:

– Менің Өбдірахман деген балам бар еді. Он тоғыз жасында Семейдегі орыс мектебіне түсірдім. Оны бітірген соң, Петерборга жібердім. Қыс оқып, жазда демалысқа үйге келді. Баламның алымдылығын сынап білейін деген оймен әңгіме үстінде:

– Қалқам, Өбіш, осы әлемдегі жаратылыста ақ зат асыл ма, қара зат асыл ма? – деп сұраған едім. Ол іркілместен:

– Ақ зат асыл гой, – деді.

– Неге, қара зат асыл емес пе?

Өбіш бетімі қарап құліп:

– Қараны қалай асыл дейсіз? – деді.

– Біріншіден, адам баласы барлық дүниедегі жаратылысты көзben көреді емес пе? – дедім мен. – Бірақ көздің ағы көрмейді, ортасындағы кішкене қарашығы ғана көреді. Екіншіден, қағаз ақ, одан адам оқып білім ала алмайды, үстіне қара сиямен жазғаннан өнер-білім алады. Ушіншіден, жас шақта адамның сақал-шашы қара болады. Осыған байланысты жас күнде адамда ақыл, білім, қайрат көп болады. Қартайғанда адамның шаш-сақалы ағарады. Ал адамда

5-4392

ақыл, білім, қайрат та азаяды, сондықтан қараны асыл ма деп ойлаймын, – дедім.

– Оның бәрін қалай білдіңіз?

– Ақылмен білдім.

– Олай болса, ақыл мида болмай ма, ал ми ақ зат емес пе? Екіншіден, ақыл – нүр, жарық зат. Ал жарық о да аққа үқсамай ма? – деді Әбіш.

Ұлымның тауып айтқан сөзіне риза болып, маңдайынан сипадым.

«Шешендік шыырлары» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша Әбішке мінездеме беріндер.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Абай мен Әбіш арасындағы әңгімені негізге ала отырып, сынныpta пікірталас үйымдастырындар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Фылымның соңғы жетістіктері» тақырыбында кластер түзіндер.

2-сабак

БОЛАШАҚ ЭНЕРГИЯСЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Толгауда айтылған ойды әңгіме түрінде дайындандар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінде айтылған ойды дамытындар.

Болашақ энергиясы

Болашақ энергиясы – жалпы мағынада, үшінші индустріалды тәңкерістің негізін құрайтын, энергетикалық жүйенің дизайнын, сипаттамасын білдіретін термин.

Болашақ энергиясының келешегі бар бағыттарының бірі сутекті энергетика болып табылады. Бұл – энергетиканың дамып келе жатқан саласы, адамдармен, транспорттық инфрақұрылыммен және түрлі өндірістік бағыттармен энергияны



шоғырландыру, тасымалдау және тұтыну үшін құрал ретінде сутегін пайдалануға негізделген, адамзатпен энергияны шыгару және тұтыну бағыты. Сутегі Жер бетінде және ғарышта кең таралған элемент ретінде таңдалған, сутегінің жану жылуы анағұрлым жоғары, ал оттегіде жану өнімі су болып табылады (ол сутекті энергетиканың айналымына қайта енгізіледі). Сутекті энергетика энергетиканың дәстурлі емес турлеріне жатады.

«Терминологиялық анықтамалық»

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Теледидардагы, газет-журналдардагы білім-ғылым саласы бойынша жақалықтар негізінде мәтін дайындаңдар. Сыныпта ой бөлісіндер.

АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Еңбегімен еленген тұлғалардың өмір жолына ғылыми-инновациялық терминдерді қолдана отырып, зерделік стратегиясымен ізденис жұмысын жүргізіндер.

ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Табысты болудың басты факторы – жаңа инновациялық білім» тақырыбында эссе жазындар.

3-сабак БІЛІМДІДЕН ШЫҚҚАН СӨЗ...

ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Нақыл сездерді тыңдаңдар. Білім мен ғылымның маңыздылығына бағалау жасандар.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Интервью мәтінін оқындар. Өз топтарында мәтіннен алынған үлгімен интервью сұрақтарын дайындаңдар.

Ертай Нұсінжанов:

«Үш тіл білгеннің үтілғанын көргеміз жоқ»

– ...Осы орайда сұрағым келгені, көпшілігі ағылшын тілін үйренем деп Еуропага, АҚШ-қа кеткенде неліктен дәл осы Қытайды, қытай тілін меңгеруді таңдадыңыз?

– Рас, қытай тіліне ертеден қызықтым. Ойын бейнелеу арқылы жазу-сызуы ертеден қалыптасқан алғын елдің мәдениетін үйренуге іштей үмтүлұс болды. Қазір екі елдің қарым-қатынасы сан салалы дамып жатқан уақыт. Өз саламызда бізге де ол елді білудің өрі жан-жақты зерттеудің қажеттілігі сезіле бастады. Маган сондай ой келгені күні кеше ғана сияқты еді, содан бері он жылға таяу уақыт өтіпті. Бірауыз сөз білмей, тек төуекелге бел буып бардым. Таңдауымның қате болмағанына, еңбегімнің жемісті болғанына көзім жетті.

– Кеп тіл білу – заман талабы, өмірлік қажеттілік. Тіл үйренуде қандай негізгі талаптарды басшылықта аласыз?

– Кез келген жемісті істер оған қызығып кірісуден басталады деп есептеймін. Тіл үйренуге де, ең алдымен, қызығушылық қажет. Тілді дұрыс үйрене алмай, алтын уақытын жогалтқандардың көбі қызықтай кірісіп кеткендер болып жатады. Ал тіл үйренуге деген қызығушылықты қажеттілікпен үштастырса, тіpten ғажап болады.

Тіл үйренуде үялмау керек дейміз. Бұл жерде «үялу» сөзін қолданған дұрыс емес. Өйткені үят адамға ешқашан да зиян шектіріп, кедергі келтірмейді. Ал тіл үйренуге үлкен кедергі жасайтын үят емес, ол – адамның жасқаншақтық мінезі. Сол себепті, тіл үйренуді мақсат етіп қойғаннан кейін еш жасқанбау керек.

«Ақжелкен» журналы, №5, 2018 жыл



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен тіл үйренуге керекті кеңестерді жазып алыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдерді пайдаланып, «Оқығаның беті – жарық» тақырыбында эссе жазыңдар.

Өнер-білім жайындағы мақал-мәтелдер

Оқу – білім азығы,
Білім – ырыс қазығы.

Оқу түбі – тоқу.



Оқымаған – бір бала,
Оқыса – екі бала.

Оқығанның беті – жарық,
Оқымағаннның беті – көн-шарық.

Оқу – білім бұлағы,
Білім – өмір шырағы.

Оқу инемен құдық қазғандай.

Өнерлі қол – бақытқа жол.

Ілім – бұлақ,
Білім – шырақ.

Ілім – іштегі нүр,
Өнер – сыртқа салынған түр.

Наданмен дос болғанша,
Кітаппен дос бол.

Өнер көпке де жеткізеді,
Көкке де жеткізеді.

Әр нәрсеге асық болғанша,
Бір нәрсеге машиқ бол.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Елбасы тұжырымын дәйек ретінде алып, мақала жазындар.

Ең бастысы – адам факторы: оның еркі, күш-жігері, табандылығы мен білімі. Өркендер даму мен тәуелсіздікке аттар табалдырықтың алтын кілтін де осы шамадан іздеген жөн.

Нұрсұлтан Назарбаев

4-сабак

ДУНИЕНІҢ ЕҢ ҮЛКЕН ҚАЗЫНАСЫ – БІЛІМ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Білімнің маңызын бүгінгі күнмен байланыстырып айтындар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша мәліметтер жинап, сыйнапта қорғандар.

Жасыл экономика

Бүгінгі таңда жасыл экономиканың дамуы ерекше мәнге ие болды. Еуроадакта «жасыл экономика» секторы 2 трлн евроға жуық іскерлік айналымға ие және 22 млн-нан астам адамды немесе ЕО-ның еңбекке жарамды халқының 9%-ын жұмыспен қамтуда.

Аталған нарықта Германия мен Оңтүстік Корея көсіпорындары – көшбасшылар, бұл негізінен, осы елдерде «жасыл» секторға көрсетілетін ауқымды мемлекеттік қолдаумен шарттастырылған.

«Жасыл» технологиялар нарығындағы әлемдік көшбасшылардың бірі – Германия. Қазіргі кезде әлем бойынша патенттелеңтін бүкіл технологиялардың экология саласындағы 23%-ы және Күн мен жел энергетикасы саласындағы 30%-дан астамы неміс компанияларына тиесілі болып келеді. «Жасыл» сектор көсіпорындарында 2 млн-ға жуық адам немесе Германияның экономикалық белсенді бүкіл халқының 4,5%-ы жұмыс істейді және берілген көрсеткіш тұрақты есү тенденциясына ие. Соңғы жылдар ішінде, тек қайта қалпына келетін энергетика саласындаған 370 мыңға жуық жаңа жұмыс орындары құрылған.

«Терминологиялық анықтамалық»



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қараң, жасыл экономика саласының қатысты сөздерді іріктеп алып, «Мениң ел дамуына қосар үлесім» тақырыбына болжам ұсыныңдар.





ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жасыл экономика саласына қатысты сұрақтар дайындаңып, сыйыптастарыңынан интервью алып жазыңдар.

5-сабак**ТАЛАП ҚЫЛ АРТЫҚ БІЛУГЕ...**ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінде берілген ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырып, жоба дайындаңдар.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Берілген қагидаларды өз ойла-рыңмен толықтырыңдар. Осы үлгімен өздеріңе арналған нұсқаулық түзіндер.

Стив Джобс: жетістіктің 12 қағидасы

1) Сүйікті ісіңмен айналыс. Өзіңе шын керектіні тап. Өмірде ұлылық жасаудың бір ғана жолы бар, ол – жасаған нәрсенді жақсы көру.

2) Өзгеше бол. Басқаша ойла. «Батыл жігіт жол бастар ...».

3) Шамаң жететінніңдең жақсысын жаса. Бастаған өр ісіңе барынды сал. Қалғыма! Жетістік одан да зор жетістікке есік ашады. Жетістікке талпын! Кемелдікке ғашық адамдарды жұмысқа тарт.

4) SWOT-сараптама жаса. Өзің компаниянды аша салысымен бір параққа оның ұтымды және ұтылатын тұстарын тізіп жаз. Шірік алмаларды компаниянан шыгару үшін еш мүдірме.

*Стив Джобс*

5) Пысық бол. Өр кез зор мақсат қоя біл. Мындаған ойдың ішінен тез арада, тиянақты түрде жүзеге асыратынын таңда. Бірінші қадам – ең күрделі нәрсе. Еш ойланбай атта! Жүргегің мен түйсігіңе сенетіндей батыл бол!

6) Кішкентайдан баста, ұлы мақсатты арманда. Қарапайым бір-екі істен бастасаң, күрделісіне де жетесің. Ертеңгі күнді ғана ойлап тоқтама. Келешекті де ойла. «Бүкіл әлемге не бере алам?» деп ойла.

7) Нарықтың көшбасшысы болуга талпын. Соңғы технологияға ие бол. Қызметінің бар саласын қадағала. Ең мықты технология бар болса, оны ешкім қолданбаса да – соны пайдалан. Бірінші бол! Өндірістік стандартты өзің ұсынып отыр.

8) Нәтижеге мән бер. Адамдар өрекетіңе қарай бағалайды. Сондықтан нәтижені назардан тыс қалдырма. Сапаның таразысы бол. Көп адам сапаның не екенін білмейді. Оларға соны ескерту керек. Сапасын білмесе, өнімді сатып алмайды. Безендіруіне мән бер. «Дизайн, образ не сезінгенінді білдірмейді, ол ыңғайлылығымен жаулап алады».

9) Ақыл сұра. Өр саланың мамандарынан ақыл сұра. Өрбірі өзінің пайдалы кеңесін айтады. Егер сен істің мәйегі болсаң, онда кей кезде саған шынайы жауап бермейтініне өкпелеме. Олар қорқады. Бетперде ки, басқа ақпарат көздеріне жүгін. Сенің өнімінді қолданатын тұтынушыларға назар сал. Олардың дегеніне құлақ тұр.

10) Өзгерт. Инновация көшбасшыны ізінен ілесушілерден өзгешелейді. Адамдарыңды жұмсап үйрен. Өзге басшылықта отырғандарға сенің ісіңдің 50 пайзын бер. Қалған 50-ын өзіңе қалдыры. Дұрыс жолдан тайып кетпеу үшін мындаған кедергілерге жоқ деп айт. Тек маңызды нәрселерге мән бер. Инновацияға ұмтыл. Әлем үшін ең керектіні, ең жақсыны жасағысы келетіндерді жұмысқа ал. Тіпті техникалық компанияда да өнімге барын салатын адамдардың мәдениетін қалыптастыру керек. Көптеген компанияларда талантты инженерлер мен ақылды адамдары бар, бірақ нәтижесінде солардың басын біріктіретін ұлы күш керек.



11) Өз қателіктерінен үйрен. Жаңаны жасап жатқан адамның қателік жасауы қалыпты. Ең маңыздысы – дер кезінде қателігінді тауып, оны тузеу.

12) Үздікесіз оқып, білім ал. Өр кезде оқитын, тануга түрарлық нәрсе табылады. Өзгелермен ой бөліс. Өз компанияндагы адамдармен, компаниядан тыс адамдармен сейлесіп жүр. Тұтынушыдан, бәсекелестен, серіктестен үйрен. Егер серіктесің сен үнатпайтын адамдармен сейлессе, оларды жақсы көріп үйрен. Мақта, мадақта, өзіңе пайдалының бөрін жаса. Дұшпаныңды сына. Бірақ ашық сына. Ақиқатты мойындап сына.

*Стив Джобс, «Abaikz» сайтынан
Аударған Шынар Әбілдә*



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, төменде берілген кестені толтырып, көшіріп жазындар.

| «✓» | «—» | «+» | «?» |
|------------------|----------------------------------|-----------------------|---------------|
| Бұрыннан білемін | Менің ойлағанымда қайшы, керегар | Мен үшін жаңа ақпарат | Білгім келеді |



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жоғарыдағы мәтінде берілген қағидалар бойынша Стив Джобсқа өз сұрақтарыңды дайындаңыз, хат жазындар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Адамзат қол жеткізген игіліктер» деген тақырыпта білім мен ғылымның жетістігіне арнап кластер құраңдар.



ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтіндегі ақпараттарды іріктең, керекті мәліметтерді жазып алындар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Берілген мәліметті болашақтағы жоспарларыңмен байланыстырып, дәптерге түсіріңдер.

Шетелге өзін мойыннатқан Дархан

«Улан»: Шетелде оқу туралы ой қалай, қашан туды?

Дархан Құралханов: «Қараышғанақ» компаниясында жұмыс істеп жүргенімде магистратура оқуым керек екенін түсіндім. Өндірістегі міндеттерімді күнделікті атқара бергенен мен жалықтым. Жан-жағымдағы қызметкерлерге қарасам, маған қараганда көп нәрсе біледі. Жиналыстарда бір мәселе туындаса, менен гөрі жылдам әрі дұрыс шешім қабылдайды. Олардың менен несі артық деп ойладым. Сейтсем, білімі артық екен. Бакалаврдың білімімен алысқа бара алмайтынмызды түсіндім. Өзіме жаңашылдық қажет деп шештім. Сейттім де, оны қайдан іздеу керек деген ойға қалдым. Әрине, шетелден! Осылайша 4 бірдей шетелдік университетке өтініш жібердім. Нәтижесін ұзак уақыт күттім. Ақырында төртеуіне де грантқа түскенімді білдім. Алайда Стэнфорд университетін таңдадым.

«Улан»: Америкада ғана емес, басқа да мемлекеттерде білім алып, тәжірибе жинап келгеніңізді білеміз. Осы жағында толығырақ айтып берсөңіз...

Дархан Құралханов: АҚШ-тағы оқуымды аяқтаған соң, екі жыл сонда қалып, жұмыс істедім. Үйренгім келді. Себебі онда расымен үйренетін нәрсе көп. Америкада жүріп INSEAD MBA деңгейін алдым. Оның не екенін біле бермейтін шығарсыздар, Financial Times-тің айтуынша, бұл өлемдегі №1 бизнес-мектеп. Америкалық компанияның өндірісін толық менгеріп болған соң, жаңа деңгейге өткім келді. Мені коммерциялық жобалар мен өндірістегі бизнес саласы қызықтырды. Алайда INSEAD-ті менгерменім үшін компания мұндай мүмкіндік бермеді. Ал INSEAD-ті менгерген соң, мені Германияның Siemens компаниясы CEO бағдарламасы бойынша дайындықтан өтуге шақырды. CEO бойынша Сингапурда және Францияда оқыдым.

Қарап тұрсам, мені алға жетелеген сөз – «Сенің қолыңнан келмейді!». Мектеп бітірген тұста мұнай-газ саласы бедел-



ді еді. Оған тұсу әркімнің қолынан келмейтін. Ал менің «әркім» болғым келмеді. «Қолымнан келеді!» дедім де, грантқа түстім. «Егер сен Батыс Қазақстаннан болмасаң, мұнай-газ саласында ағаң немесе «көкең» болмаса, жұмысқа орналаса алмайсың» дегендеге ерегескенде «Қарашығанаққа» жұмысқа тұрдым. Менің қолымнан келді. Шетелде оқимын дегенде әріптерім тағы да сол «қолынан келмейдін» алға тартты. Мен тағы да өз дегенімді істедім. АҚШ-та да маған: «Бизнес саласында жұмыс істеу үшін жоғары білім керек, ал бұл сенің қолыңдан келмейді», – деді. Мен адамның мүмкіндігі шексіз екенін, қолынан бәрі келетінін дәлелдеп келемін. Қазір маған ешкім «қолыңдан келмейдін» айтпай жүр. Егер айтса, не істейтінімді білмеймін.

«Улан» газеті, №9, 27 ақпан, 2018 жыл



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Жоғарыдағы интервью мәтіні бойынша сыныптастарыңмен болашақтағы жоспарлары жөнінде ой бөлісіндер.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Тыңдалым мәтіні бойынша миллиардердің кеңестеріне мән беріп, топта талқылаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Қазіргі таңдағы дүниежүзіне танымал өнертапқыштар мен кәсіпкерлердің біреуіне жоспарлап жүрген жобаларың жөнінде хат жазыңдар.



1-сабак ЕҢБЕК ЕТСЕҢ ЕРИНБЕЙ ...



тыңдалым және айтылым

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, қазіргі әлеуметтік мәселелермен салыстырып айттыңдар. Мәтін бойынша сұрақтар дайындалап, сыныптастарыңмен ой бөлісіндер.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтінде айтылған идеяга өз болжамдарыңды ұсыныңдар.

Кедейлігінді неге Құдайдан көресің?

Віз шай ішіп отырғанда, еңгезердей бір қара кісі сөлем беріп кіріп келді. Басында тысы жыртылған елтірі тымағы бар, үстінде жыртық, қой жұнді шекпен, аяғында киізден сырған башмақ, алқам-салқам, өзі тоңған сияқты. Абай өлгі келгенге тесірейіп қарады да, Өйгерімге:

– Мынау кім? – деді.

Өйгерім:

– Бұл – менің қойшым, өзі Қекше, қыстай қой жаюға жалдап алып едім, – деді.

Абай:

– Өй, Өйгерім, сен қойды жақсы көресің, қой бақсан кісіні жалаңаш қоясың. Тоңған, ашыққан адамда ақыл, қайрат бола ма, бұл да өзіндей адам емес пе?! Мен осында үш қонып, Семейге жүремін, мен жүргенде мына қойшының күімін бүтінде, – деді.

Өйгерім қатты қысылып:

– Жарайды, өзім де киім тіккізіп жатыр едім, тез бітір-тейін енді, – деді...

Қойшы шайға тойып, терлеп, кейін барып отырған соң Абай:

– Ей, Қекше, енді ертегі айтшы, – деді.

Қойшы:

– Абай аға, кедейде ертегі бола ма? Не айтамын?

Абай:

– Сені кім кедей қылды?

Қойшы:

– Мені кедей қылған Құдай дағы.

Абай:

– Не, Құдаймен бұрыннан араздық, өштігің бар ма еді?

Қойшы:

– Жоқ.

Абай:

– Ендеше, неге Құдайдан көресің?

Қойшы:

– Мал бермеген соң, айтқаным ғой.

Абай:

– Құдайдың елге үлестіріп жатқан малы бар ма еді?

Қойшы үндемеді.

Абай қойшыға қараган көзін аударып, біз жаққа қаралды да:

– Міне, біздің қазақтың көбінің сөзі осылай келеді. Бұл – зор адасқандық. Жас шағынан жалқаулыққа салынып алады да, талап қылып, талпынып, алысқа барып, еңбек қылып мал таппайды. Мұндай адамдар ішсе тамаққа, кисе киімге жарымайды, жоқшылықтан арылмайды. Ол жоқшылықты, кедейлікті Құдайдан көреді. Құдай оған еңбек қып, мал таппа деп пе? Осы уақытта үлкен қалаларда, зауытта жұмыс істеуші жұмысшылар бастарын қосып, байға акымызды жегізбейміз десіп жатқандар бар. Олар Құдайдан мал сұрамайды. Аянбай еңбек қылып, оны күш қосып бірігіп жоқтап алады. Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей, – деді.

«Шешендей сөздер» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

З-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, «Көс жазба» күнделігін толтырындар.

| Үзінді | Түсініктеме |
|--------|-------------|
| | |



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен сөзжасамдық және синтаксистік нормаларға сай мысалдарды тауып, көшіріп жазыңдар.

Тағы да бір асқынған проблеманың бірі – жұмыссыздық. Әлбетте, бұл мәселе ауылды жерде асқынып тұр. Сондықтан мемлекет жұмыссыз ауыл тұрғындарына жеңілдікпен микронесие беру мәселесін жандандырмак.

Откен жылы осы мақсатта жалпы құны 30 млрд теңге тұратын 7 мыңдан астам несие бөлініпті.

– Устіміздегі жылы жалпы микронесие мөлшерін 62 млрд теңгеге дейін молайтып, қосымша тағы да 20 млрд теңге бөлуді қарастырып отырмыз. Соның нәтижесінде шағын несие алушылардың саны 14 мың адамнан асады деп күтілуде. Ал еткен жылғы мөлшер будан екі есе төмен болатын. Әрі үкімет бұл жұмысты одан әрі де жалғастырады, – деп атап көрсетті Нұрсұлтан Назарбаев.

«Алматы ақшамы» газеті, №35, 27 наурыз, 2018 жыл

ТІЛДІК БАҒДАР





АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. 2-тапсырмадагы және 4-тапсырмадагы мәтіндердің күрылымын, стилін, тілдік ерекшеліктерін салыстырыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Әлеуметтік қарым-қатынас турлері бойынша нақыл сөздерді тауып, өз ойларыңды мақала түрінде жазыңдар.

2-сабак

ӘЛЕУМЕТТИК ОРТА



ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Берілген суретке қарап, «Еңбек етсең ерінбей» тақырыбында мақала жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Төменде берілген даналық сөзді пайдаланып, эссе жазыңдар.

Адамдар кедейліктен және белгісіздіктен қорқады; егер де екеуінен де құтыла алмасаңыз, намысты жоғалтпай, оларды қабылдаған жән.

Конфуций

Азгантай дүниесі бар адам кедей емес, көп дүние қалайтын адам – кедей.

Сенека Луций Анней






АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мөтін бойынша БАҚ ақпараттарын пайдалана отырып, ауызсу мәселеңін диаграммама түсіріндер. Сыныпта қорғаңдар.

2001 жылы күшіне енген «Ауызсу» бағдарламасының жүзеге асырылуына байланысты, 2011 жылы 1 қаңтарда қаланың сумен қамтылуы 82%-ды құраса, ауылдық аймақтарда бұл көрсеткіш 42,5%-ды құрады.

ТІЛДІК БАҒДАР



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Үзінді бойынша негізгі ойды анықтап, мөтінді жалғастырындар. Сөзжасам тәсілдеріне мысал келтіріндер.

Қарааш-Қарааш оқиғасы

– Қайран тектім-ай!.. Алпамсадай арысым едің... Қаңбақтай жеп-женіл болып қаусап қалғаның-ау! Қолыма салмағың білінсеші, – деп ауру жігітті қолына көтерген ағасы енді төсекті жайғап салған әйелі Қатшаның қасына алыш келеді. Ауру жанды Қатша мен ағасы жертесекке оң жақ қырынан жатқызыды.


Көтергенде қатты демігіп, өңі қуарып, әлсіреп қалған ауру жігіт ерні қыбырлап, сыйырлай сейлейді. Аға мен жеңге оның жүзіне қатар үңілгенде: «Ер арыса – аруақ...» – деп, зорғағана басын изегендей белгі етті.

– «... Ат арыса – тулақ», – деп Қатша қайнысын үққан жай білдіріп, бас изеді де, шерлене күрсініп алды.



№1 сурет

Жұмақын Қайранбай. "Көктар"





Арыстан баб кесенесі

№2 сурет



Халықаралық кездесу

№3 сурет



Серікзат Дүйсенгазы мен Серік Қалиевтің айтысы



Жандарбек Бұлғақов пен Айнур Тұрсынбаеваның айтысы



Жансая Мусина мен Шұғайып Сезімханұлының айтысы

№4 сурет



Домалақ ана кесенесі



Үкаша ата құдығы



Бекет ата жерасты мешіті

№5 сурет




Нұр-Сұлтан қаласының мәдени орындары

№6 сурет

№7 сурет

Ақтоты Смагұлова. "Саят"





Табиғат көріністері

№8 сурет



Құстар

№9 сурет

Бірі – ауру, бірі – сау екі ерек ағайынды Бақтығұл, Тектіғұл болғанда, Қатша – жаңа арман айтқан қара мұрт Бақтығұлдың әйелі.

Мұхтар Әуезов, «Қараши-Қараши оқиғасы» повесінен



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жазушының стилінен кедейшілік тақырыбына жататын сөздерге талдау жасаңдар. Мәтіннен сөздердің байланысу тәсілдеріне мысал келтіріндер.

Тектіғұлдың да есіне бір күйік түскендей. «Кескен тे-ректей құлатты гой мені. Қу жоқшылық бір құлатты. Аяmas дүшпан соққы жазасы құртты, міне, бар дәрменімді... Нем қалды?.. Тектіғұл ініңің орнына кімің қалды сенің?!» – деп әлсіз жүзін Бақтығұлға зорға дегенде бұрып, ага-женге – екеуіне бірдей кезек көз тастап, соңғы ғана бір, қара өзекті қақ жарғандай шынын айтты. Сыры да – сол. Шерлі шыны:

– «Кегім... кегім кетті!..» – деді де, екі танауды қусырылып, кемсендеп тұншыға жылады. Қатты қинала жөтеліп, іргеге қарай құлай аунады.

– Қыс отарында, жаз күзетінде. Қасындағы бес-алты Жамантай, Қоқай сияқты бірі үлкен, бірі құрбы жыл-қышылармен үздіксіз өмір кешті. Інің Тектіғұл болса, қойшылықпен он шақты жыл қыршын жас күнін кешіріп еді. Кейін биеші етісті. Құндіз сауында, кешке қой күзетінде оның да тынымсыз, толассыз бейнет өмірі зая кеткен. Өзге-өзгесінен бұрын, өз малы көзіне көрінбей, Қозыбек ауылы «барымташы», «жортуылшы» деп, малай жігіттерін кей жаздарда неқілды пәлеге де салатын.

Мұхтар Әуезов, «Қараши-Қараши оқиғасы» повесінен

З-сабак

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТИК ҚОРҒАУ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Даналық сөздерді тыңдаңдар. Бұғінгі қогамның әлеуметтік жағдайымен байланыстырып, ойларыңды дәлелдендер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін бойынша проблемалық сұрақтар дайындаңдар.

Халықты өлеуметтік қорғау саласындағы үйлестіру кеңесінің көшпелі отырысы үкіметтік делегацияның қатысусымен Өскеменде өтті. Барлық облыс пен Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалалары әкімдерінің өлеуметтік салаға жауапты орынбасарлары қатысқан бейнережімдегі жыында 2025 жылға дейінгі жаңа Үлттық жоспардың жобасы талқыланды. Үкімет басшысының орынбасары елімізде мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау бағытында біршама жұмыс қолға алынғанымен, түйіні тарқамаған мәселелер бар екенін, азаматтардың аталған санаты қоғамдық көліктеге мініп-түсуде, түрлі ғимараттарға кіруде, жоғары қабаттарға көтерілуде өуре-сарсаңға түсіп жүргенін тілге тиек өтті. Б. Сапарбаев 2025 жылға дейінгі Үлттық жоспар 7 бағыттан тұратынын, осы уақытқа дейін азаматтардан 400-ге жуық ұсыныс түскенін, өтініш-тілектер министрліктің ресми сайтында қабылданатынын атап өтті.

*Азамат Қасым, «Егемен Қазақстан»
газеті, №76, 22 сәуір, 2019 жыл*



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен терминдер мен ұғымдарды теріп жазып, түсіндіріңдер. Сөзжасамдық және синтаксистік нормаларға сәйкес келетін бірліктерді жазындар.




АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген диаграмманы талдап, өз өңірлерің бойынша болжам ұсыныңдар.

Статистикалық деректер бойынша 2015 жылы ауыл тұрғындарының 4,2%-ның табысы күнкөріс минимумынан төмен болса, қала тұрғындары үшін бұл көрсеткіш 1,9%-ды құрады.

| жылдар | қала | ауыл |
|--------|-------|-------|
| 2015 | 1,90% | 4,20% |
| 2016 | 1,70% | 3,30% |
| 2017 | 1 % | 3,00% |





АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі ақпараттар бойынша өз пікірлерінді дәлелдендер.

Бірінші сөйлем. «Менің ойымша,».

Екінші сөйлем. «Себебі мен оны ... деп түсіндіремін».

Үшінші сөйлем. «Оны мен ... деген деректермен, мысалдармен дәлелдей аламын».

Соңғы сөйлем. «Осыған байланысты мен ... деген шешімге келдім».

4-сабак

КЕҢ БОЛСАҢ, КЕМ БОЛМАЙСЫҢ...



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Жанрлық ерекшелігін түсініріндер.

«Мектепке жол» қайырымдылықтан басталады

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитеті әдette жаңа оқу жылының басталуына бір ай қалғанда «Мектепке жол» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясын өткізеді. Биылғы акция 1 тамыздан 30 қырғайекке дейін «Менің таңдаудым – балаларға кемек көрсету!» ұранымен өтеді. Екі ай бойы жүргізілетін ауқымды шараның мақсаты – әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар мен қараусыз қалған балаларды мектепке дайындал, қажетті құрал-жабдықтарын алыш беру. Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ЕР Білім

және ғылым министрлігі Балалардың құқығын қорғау комитеті тәрағасының орынбасары Мәншүк Әбдікәрім жылдан-жылға акцияның ауқымы кеңейіп, тұрақты демеушілер мен меценаттардың қатары артқанын жеткізді. Былтыр 320 мың балаға жалпы сомасы 2 млрд 468 млн теңгенің көмегі көрсетіліпті. Көмекке мұқтаж балаларға көмектесу жағынан Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Ақтөбе облыстары көш бастиған. Бұл өңірлерде 30 мыңнан астам бала «Мектепке жол» акциясына қатысып, мектепке қажетті керек-жараптармен қамтамасыз етіліпті. Ал акция аясында қаржы тарту жағынан Алматы, Қарағанды, Жамбыл облыстары алдыңғы лектен көрінген. Әр өңір шамамен 500 млн теңгеден астам қарожат тартып, көмекке зәру жеткіншектерге мектеп құралдарын алды берген.

Әлбетте, балалардың қуанышы – қуаныштардың төресі. Жағдайы төмен отбасылардың балаларына көмектесіп, сауап алғанға не жетсін?!

Кымбат Тоқтамұрат,

«Егемен Қазақстан» газеті, №145, 1 тамыз, 2017 жыл



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтіннің маңызды тұстарын талдаң жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінде көтерілген мәселе бойынша эссе жазыңдар.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен сөзжасамның синтаксистік тәсілі арқылы жасалған сөздерге мысал келтіріңдер.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Өзің тұратын өңірдегі немесе мектеп бойынша үйымдастырылған әлеуметтік көмектің мәліметтерін диаграммага түсіріп, талдаңдар.



5-сабак**АДАМЗАТТЫҢ БӨРІН СҮЙ...**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде берілген мәліметтерге сүйеніп, қогамның өлеуметтік жағдайына талдау жасандар.

**ОҚЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Тақырыпқа қатысты сөз таңдау ерекшелігіне талдау жасандар.

Тұлектердің тартуы

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» – Абай атамыз айтпақшы, адам әрқашан да мейірімділік пен ізгілікті серік ете жүріп, жақсылыққа құштар болуы керек. Сонда ғана өзара сыйластықты «Адам адамға дос, бауыр, жолдас» деген қағидамен уштастырады.

Осы мақсатта Жетісу ауданы №110 мектеп-гимназиясының 11-сынып түлектері адамгершілік, қайырымдылық және алғыс білдіру акциясы аясында 1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күнінде №2 қалалық мамандандырылған балалар үйіне барып, кішкентай сәбілерге көмектерін көрсетіп қайтты. Іс-шараның мақсаты – ата-анасының қамқорлығының қалған балаларға материалдық және моральдық қолдау көрсетеу, еліміздің озық ойлы жастарымен араласуға мүмкіншілік беру.

Аталған балалар үйінің ұжымы түлектерімізді аса жоғары ілтипатпен қарсы алды. Түлектер балалар үйінің тәрбиеленушілеріне түрлі сыйлықтар апарып, ізгі ниеттерін білдіріп, мерекемен құттықтады.

Шара балаларға да, мектеп түлектеріне де жарқын көңіл, қызықты сөт сыйлады. «Жетім көрсөн, жебей жүр» деген тәрбиені бойларына сінірген оқушыларға балалар үйінің ұжымы үлкен алғыстарын білдірді.

Лайым, барлық сәбілердің жүзінде нүрлі күлкі тұрсын!
Барлық бала бақытты болуға лайықты!

«Алматы ақшамы» газеті, №65, 7 маусым, 2018 жыл

**ЖАЗЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтінге сүйеніп, «Көс жазба» күнделігін толтырындар. Берілген мәтіндерден сөзжасамның аналитикалық

тәсілі арқылы жасалған сөздерге, сөздердің байланысу түрлеріне мысалдар келтіріндер.

| Үзінді | Түсініктеме |
|--------|-------------|
| | |



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Шешенниң астарлы ойын таратып айтындар.

Анық жомарт, ер кісі

Өзін ғана ойлаған –
Жамандықтың белгісі.
Өзгені де ойлаған –
Адалдықтың белгісі.

Улгілі сөз білмеген –
Надандықтың белгісі.
Бар-жоғына қарамас –
Анық жомарт, ер кісі.

Шагырай шешен



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жоғарыда берілген мәтін негізінде «Ел үмітін ақтаған...» тақырыбында аргументативті эссе жазындар.

6-сабак

ТҮРМЫС ТАУҚЫМЕТИ



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтіннің сөз таңдауы мен сөз қолданысына талдау жасап, кейіпкерлердің өлеуметтік жағдайына сипаттама беріндер.

Біз қайтуға бет алғанда медбике менің кішкентай дос-тарым туралы әңгімелеп берді. «Никола мен Жакопоның әпкесі Люсиядан басқа тұган-тысқаны жоқ. Бұлардың шешесі ерте кез жұмған. Әкесі әйгілі опера әншісі еді. Соғыс басталып, Веронаны бомбалаган кезде қаза тапты. Содан бері екі бала әпкесімен бірге көшеде жүр. Өйткені олардың үйіне бомба түскен. Жау қаланы басып алғанда балалар Веронаны азат ету үшін күрескен әскердің қолбасшысына шұғыл мағлұмат жеткізіп тұрды. Ол кезде тауда жүретін. Ал әпкесі қалада болды. Соғыс аяқталғанда балалар Веронаға қайтып келіп, әпкесін тауып алды. Қызы қатты ауырды. Оны осында жеткізген де – сол бауырлары. «Енді қашан әкетеміз?» деп сұрап қояды. Қазір науқастың беті бері қарады. Ол да әкесі сияқты, дауысы жақсы.



Балалар аптасына бір рет келіп, бізге ақысын төлең тұрады. Олардың қандай жұмыс істейтінін де білмеймін. Өйтепеір, бауырмал, еңбеккөр екеніне күмәнім жоқ», – деді.

*Ағылшын тілінен аударған Срайыл Смайл,
«Жас қазақ» газеті, №37, 28 қырғызек, 2018 жыл*



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіннің жанрын анықтаңдар. Сөздердің байланысу түрлеріне мысал келтіріңдер.

Жетім

Жақын, жанашыр туысқаны жоқ болса да, маңайындағы ел өжесінің өлігін үйден алып шығарда, кішкентай Қасым үлкейген кексе кісі айтатын зардың бөрін айтып, өжесінің үстінен жығылып, айырылғысы келмей құшақтап:

– Өжетай, мені кімге тастап кеттің?! Мені неге ала кетпедің, менің қаңғып қалғаным ба? Менің шынымен сорлы, шынымен жетім болғаным ба? – деп зарлаганда, елдің сайсүйегін босатып, көрі-жастың жүргегін еріткен болатын.

Исаға Қасымның малын берерде жүрт:

– Жетімнің малына қиянат қылма! Өзін адам қыл, күт, асыра, жылатпа! – деп тапсырған болып беріп еді...

– Мені мұндай сорлы қылғандай не жазып едім?.. Ненді жеп едім?! Жазығым – қуарып қалған жетімдігім бе? – деп, жерде жатқан үлкен тасты ала салып, төніп келіп қалған Исаны тізесінен періп жіберіп, далаға қарай қаша жөнеліп еді.

Мұхтар Әуезов, «Жетім» әңгімесінен



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Қогамдағы әлеуметтік теңсіздік мәселелерін оқыған мәтіндеріңмен байланыстырып айтыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Өздерің тұратын өңір бойынша әлеуметтік талдау жасап, «Ауылниң қарап, азаматын таны» тақырыбында сипаттама эссе жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Өздерің тұратын өңір (*қала, ауыл*) бойынша халықтың әлеуметтік жағдайы жөнінде баспасөз мәліметтері негізінде жоспар құрындар немесе бағдарлама дайындаңдар.

1-сабак

ХАЛЫҚ СӘУЛЕТКЕРЛІГІ


ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде көтерілген мәселе жайында ой бөлісіндер. Негізгі ойды ғаламдық мәселелермен байланыстырып айттыңдар.


ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, алдыңғы мәтінмен салыстырыңдар. Ой желісін дамытып, құрылымына мән беріңдер. Сөзжасамның синтетикалық және аналитикалық түрлеріне мысал келтіріңдер.

Құрастырылып-ажыратылатын тұргынжайдың түркі-қыпшақ ұлгісіне жататын қазақтың киіз үйі құрылымдық жағынан осы уақытқа дейін көшпелі халықтардың бірде-біреуі асып түсे алмаған, жылжымалы баспананың ең жетілдірілген түрі болып табылады. Моңғолдың гәрімен салыстырғанда керегесі биіктеу, уығының тәменгі жағы иіңкі болатындығынан күмбезі көтеріңкі, келбеті сымбатты болып келеді.

Киіз үй қазақпен көршілес Орта Азия халықтарында да кездеседі. Олардағы киіз үй де құрылымында немесе кескінінде ішінара кездесетін, бұрын көшпелі, жартылай көшпелі өмір кешкен қыргыз, түрікмен, қарақалпақ елдерінің тарихи дамуы арқылы енген кейбір ерекшеліктер ғасырлар бойы қалыптасқан құрылғыны тубегейлі өзгерістерге түсіре алмағандықтан, түркі халықтарына тән бірегейлік сақталып қалған.

Қазақ – қадім заманнан бастап-ақ өзінің ататегін құраган ежелгі тайпалар мен халықтардан киіз басуды, тері үқсатуды, алаша тоқуды, ши орауды, алтынмен аптап, күміспен құптеуді өзіне мұра етіп қабылдаған ел. Дәстүрлі өнердің осы түрлерінің барлығы киіз үйден көрінетіні хақ.

Киіз үй – қазақтың өзімен бірге жасасып, тарих белестерінен бірге асқан заттық, тұрмыстық мәдениетінің көрінісі.

Өзбекәлі Жәнібеков, «Жолайрықта» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Қосымша еңбектерді пайдаланып, кесте бойынша киіз үй тұрларі туралы «Алты қанат ақ орда» тақырыбында аргументативті әссе жазындар.

| Киіз үй тұрларі | Күрылымы |
|---------------------------|---|
| Орда | салтанатты, жогары мөртебелі адамдар басын қосып, елдік мәселе шешетін немесе аса құрметті хан, би, сұлтандар отыратын үй |
| Алтын орда | 30 қанаттан (керегеден) тұратын ханың мәжіліс ордасы |
| Алтын үзік | 24 қанаттан тұратын аса лауазымды хан отбасы тұратын үй |
| Ақ ала орда | 8 қанатты дәүлетті бай үйі |
| Ақ үй | 6 қанатты дәүлетті бай үйі |
| Боз үй, қоңыр үй | 4-5 қанатты орташалар үйі |
| Қараша үй | кедей үйі |
| Отау | жас жұбайлар үйі |
| Жолым үй, абылайша, жаппа | уақытша гана отыратын шагын немесе жартылай тігілетін үйлер |
| Күрке, қос | ас сақтайтын, далада малшылар немесе кедейлер тұратын үйлер |

Сейіт Кенжеахметұлы, «Жеті қазына» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Киіз үй құрылышына қатысты атауларды жіктеп айтындар.

| № | Атаулары | Сүйектері | Киіздері мен шилері | Арқан, баулары | Есік құрамы |
|---|----------------|-----------|---------------------|----------------|-------------|
| 1 | шаңырақ | | | | |
| 2 | туырлық | | | | |
| 3 | сықырлауық | | | | |
| 4 | шенбер (тогын) | | | | |
| 5 | түндік бау | | | | |

| | | | | | | |
|----|-----------------|--|--|--|--|--|
| 6 | көгі | | | | | |
| 7 | ұзік | | | | | |
| 8 | кулдіреуіш | | | | | |
| 9 | қазық | | | | | |
| 10 | кеңілдік | | | | | |
| 11 | таңғыш | | | | | |
| 12 | дәдеге | | | | | |
| 13 | кереге | | | | | |
| 14 | бақалак, босага | | | | | |
| 15 | сағанақ | | | | | |
| 16 | бақан | | | | | |
| 17 | ұық | | | | | |
| 18 | аяққұр | | | | | |
| 19 | ши | | | | | |
| 20 | азаткөз | | | | | |
| 21 | белдеу | | | | | |
| 22 | ерісі | | | | | |
| 23 | желкөз | | | | | |
| 24 | жіп | | | | | |
| 25 | торкөз | | | | | |
| 26 | құр | | | | | |
| 27 | балашық | | | | | |
| 28 | ұзік бау | | | | | |
| 29 | шымши | | | | | |
| 30 | басқұр | | | | | |
| 31 | түндік | | | | | |
| 32 | ұықбау | | | | | |
| 33 | ұшбау | | | | | |
| 34 | табалдырық | | | | | |
| 35 | жел арқан | | | | | |
| 36 | белдеу арқан | | | | | |
| 37 | бау | | | | | |



2-сабак**ЕЖЕЛГІ ҚАЛА СЫРЫ****ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Мәтінде берілген мәліметті да-
мытып, сыйыпта пікірталас өткізіндер.

**ОҚЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінде айтылған ойдың құрылымына талдау
жасандар.

Сауранның бай базарлары Шығыс пен Батыстың саудагерлерін өзіне тартты. Дала жолымен керуендер Қытайдан Қырымға және кері қарай жүрді. Жол жақын емес еді. Он айға жуық! Тауарлар әртүрлі болатын: фарфордан фаянс, паршаға дейін, зағызыран мен күріш. Сауран ірі тауар таситын елді мекен болды. Дегенмен саяхатшылар мен көпестерді қызу саудағана тартып қоймады. Міне, он алтыншы ғасырда Рузбиханның жазғандарынан: «...Таңғаларлық сүйкімді қала. Жазық далага салынған. Ерекше жарқын, жұмсақ, дененді сергітетін ауасы санаңа қуаныш пен күш береді. Айналаның барлығы өсіп түрган түрлі әдемі ағаштар».

Айналасында бір өзені жоқ Сауранның қалай тіршілік еткенін қазір түсіну қын. Су тек ағаштарды суару үшін ғана емес, халыққа да қажет болатын. Тереңдігі үш, ұзындығы он бес метр шұңқырды да сумен толтыру қажет еді! Сауранды жандандыратын суды қайдан алған? Бұл сұрақтың жауабы табылды. Бұл жерде тамаша көрізді су жүйесі салынған. Жерасты каналдары арқылы келетін су жүйесінің ұзындығы бірнеше шақырымға созылған. Васифидің айтуынша: «Орта ғасырда бұған үқсас кереметті құрлық пен теңіз арқылы бүкіл әлемді аралаган адамдардың өздері де көрмеген». Суландыру жүйесі құрылышын жүздеген үнділік құлдар салған. Жергілікті магнат және діни жетекші Мир-Араб демеушілік көрсеткен. Көріздің бастауы қаладан бір фарсах қашықтықта болған. Осы жerde үлкен құдық қазылыш, суды шығыр арқылы өгіздің күшімен қозғалысқа келтіріп айдаған. Сауранның айналасында ауқатты адамдардың жер меншігі, гүлденген бақтар,

жүзімдіктер, көгөністер мен бақшалар, дәнді дақылдар еgetін алқаптары болған.

Әнур Мамраимов, «Ұлы Жібек жолындағы киелі жерлер» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіннен сөзжасамдық тәсілдер арқылы жасалған сөздерге, сөздердің байланысу түрлеріне мысалдар теріп жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннің маңызды тұстарын сыныпта талдау, дискуссивті эссе жазыңдар.

3-сабак

ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕР



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, түсінгендерінді өз сөздеріңмен жеткізіңдер. Жаңа атаулардың мағынасын ашыңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінде берілген сөulet өнеріне қатысты үгымдар мен түсініктерді талдау жазыңдар.

Мешіт – сөulet өнерінің керемет туындысы. Оның әр тетігінен нағыз шеберлердің алақан жылуы сезіліп тұрған-дай. Қабыргаға салынған нәзік өрнектерге қараған адамның бойы жеңілдеп, ерекше бір сиқыр күшті сезеді. Бұнда өсімдік тектес өрнектер ғана емес, құстардың, балықтардың, қиял-гажайып жануарлардың сюжеттерін де кездестіруге болады. Ағаштан ойып салынған ою-өрнектер ернеулерін көркемдей түскен.

Мешіттің ішкі жиһаздары көз тартарлық. Тәуап жасайтын орын – михраб Аспан асты елінің фонарлары стилінде жасалған.

Қабыргалары мен ернеулерінде, жиһаздарында қызыл, сары, жасыл түстер басым.

Үәлибайдың мешіті Қытаймен шегаралас ауданда орналасқан. Сондықтан өзімізге таныс шығыстық күмбездің



жанында көкке қанатын жайған будда ғибадатханасының шатыры орналасуы сияқты архитектура стильдерінің араласып кетуі таңғаларлық нәрсе емес. Бұған «Доу» және «Гүн» деп аталатын кронштейндердің қабыргаға бекітілген қығаш тіреуіштердің көмегімен қол жеткізілді. Осылар ернеулерді әдемілеп қанат тәрізді иіп түр. Ағаштар шабу әдісімен қиуластырылып жалғанған.

Екі қабатты мұнаралы ғибадатханаға сирек кездесетін суреттер салынған. Суретtelген бейнелер табиғаттың өзінен алынған: аспан, бұлт, жапырактар, ғұлдар.

Мешіт құрылышы 5 жылға созылғанымен, ғасырларға жететіндей дүние болды! 1892 жылы негізгі жұмыстар аяқталған. 1910 жылы жойқын жерасты дүмпуі болып, ғимараттың беріктігі сыналды. Жаркент түгелге жуық қирап, кейбір ғимараттардың үйінділері ғана қалды. Сәулет өнерінің жаунары да бүлінді: кіреберістегі мұнаралар құлап, күмбездерде жарықшақтар пайда болды. Бірақ діни орталық табиғат күшіне төтеп берді.

Әнвар Мамраимов, «Ұлы Жібек жолындағы киелі жерлер» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Жапсырмады №5 суретте берілген тарихи-мәдени ескерткіштер туралы білетіндерінді айтыңдар. Қазақстан аумағындағы басқа да тарихи-мәдени ескерткіштер туралы мәліметтер жинап, кестеге түсіріңдер.

| Тарихи-мәдени ескерткіштер | Ерекшеліктері |
|----------------------------|---------------|
| | |



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Елбасының қанатты сөзін басшылыққа алып, мақала дайындаңдар.

«Салтанаты жарасқан қаласы бар, байтағы үшан-теңіз да-ласы бар, аруақ қолдаған бабасы бар ел екендігімізді мақтан етейік!»

Нұрсұлтан Назарбаев

4-сабак

ФАЖАЙЫП МУРА



ТЫНДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тындаңдар. Мәтінде берілген мәліметті да-
мытып, сыныпта пікірталас өткізіндер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінде айтылған ойды ғаламдық ескерткіш үлгілерімен байланыстырып айтыңдар.



Айша бибі кесенесінің бас-
қа тарихи ескерткіштердің қа-
тарында орны бөлек. Ол – қазақ
халқының зиярат ететін орны.

Сөүлет өнері жаунарының
«жасын» новосібірлік ғалымдар
анықтаған. Ескі тақтатастар мен
ағаш құрылымның нұсқалары
ресейлік әріптестерге жіберіліп,
осы материалдың көмегімен

анықталғаны: мың жылдан кем емес! Ендеше, мазар он
бірінші ғасырда салынған.

Айша бибі кесенесінің пішіні шаршыланып біткен, сырт-
қы беті түгелдей бедерлі ұсақ плиткалармен, геометриялық,
өсімдік әлемін бейнелейтін оюлармен әшекейленген. Олар
бір-біріне ұқсамайтын әр алуан. Бізге жеткен қазіргі жүрна-
ғында 20 түрі сақталған. Тақтатастар көне дәуірде де, қалпы-
на келтірілгеннен кейін де қолмен жасалған.

Қабырғалары мен бағана тіректердің оюлары көз алды-
ңызға Шығыс кілемін елестетеді. Бұл әсерді тудырып тұрған –
қоңырқызылт түсті тақтатастар. Мұндай кесене Қазақстан
аумағы мен Орталық Азияда біреуған.

*Әнур Мамраимов, «Ұлы Жібек жолындағы
киелі жерлер» кітабынан*



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Келесі бетте берілген қолданыстағы жаңа сөздерді
қатыстырып, сөйлемдер құрандар.



Дара, обыр, сауал, үрдіс, кежеуіл, әлеует, нысан, бопса, сұхбат, сарашы, үнқағаз, үналғы, төлкүжат, женіскер, сараптама, оқылым, қойылым, сынама, баспагер, бітімгерлер т.б.

ТІЛДІК БАҒДАР



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Өздерің тұратын өңірдегі сөзлел ескеерткіштері бойынша ізденімдік стратегиясын пайдаланып, нұсқаулық дайындаңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Елбасы пікірін дәйексөз ретінде алыш, эссе жазыңдар.

«Уақыт пен кеңістіктің көкжиегі тоғысқан кезде ұлт тарихы басталады».

Нұрсұлтан Назарбаев

5-сабак

ӘЛЕМ КЕРЕМЕТТЕРІ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Сөulet ескерткіштері жайында сыныпта ойталқыға түсіндер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндерді салыстырыңдар. Ондагы мәліметтерді талдаң, үқастықтары мен ерекшеліктерін ажыратыңдар. Тақырыпқа қатысты жаңа сездерді түсіндіріңдер.

Фарфор пагодасы (ғибадатханасы)

Нанкин қаласы (қазіргі Нанjing) – Янцзы өзенінің оңтүстік жағалауындағы қала, бір кезде Қытайдың астанасы болған. 1412 жылы император Юнг өзінің өлген әкесі император Хунг-вудың құрметіне фарфордан пагода салдырады. Ол биіктігі – 79 м, сегіз бұрышты, тоғыз қабатты болған. Келушілер ғибадатханаға сүйсініп, қаланы көру үшін жоғарғы жағына шыққан. Пагоданы орта ғасырдағы әлем кереметтерінің қатарына қосады.

Эйфель мұнарасы

Әлемдегі адамдар көп баратын орынның бірі – Францияның астанасы Париждегі Эйфель мұнарасы. Ол 1889 ж. уақытша өмбебап көрме үйымдастыру мақсатында салынған. Мұнара жобасын Гюстав Эйфельдің қарауында жұмыс істейтін екі инженер жасаған, жобаға 300 құрыш қүшшілар қатысып, құрылыс жұмысы екі жыл, екі ай және 5 күнде аяқталған.



1930 жылға дейін Нью-Йорктегі Крайслер Билдинг салынғанша Эйфель мұнарасы әлемдегі ең биік ғимарат болып саналды. Мұнараны тамашалауға бүгінгі күнге дейін жылына 5 миллион саяхатшы келеді.

Рассел Эш, «Әлемнің ұлы кереметтері» кітабынан





З-тапсырма. Төменде берілген мәтіндердегі деректерді салыстырып, құрылышқа тән сипаттамаларды талдаң жазыңдар.

Тәж-Махал

Үндістандағы ең танымал Тәж-Махал кесенесі Аграның жанындағы Джамна өзенінің жағалауында орналасқан. Ол Шах Жаһанның сүйікті әйелі Мумтаз Махалға Могол империясы падишасының кесенесі ретінде салынған, екеуі де осында жерленген. Падиша кесене салуга таңдаулы сөүлетшілерді жалдаған, осылайша 20 мың шебер күшімен 1630–1652 ж.ж. салынған. Ислам дінінде адамдарды бейнелеуге болмайтындықтан, қабыргаларды қаптаған мәрмәр тастарға өсімдіктер суреті салынған. Тәж-Махалдың кейбір байлықтары тоналып, соынан қалпына келтірілген.



Рассел Эш, «Әлемнің ұлы көреметтері» кітабынан

Ұлы Қытай қорғаны

Қытайдың бірінші императоры Цин Шихуанди Ұлы Қытай қорғанының құрылышын б.з. 220 ж. елді солтүстік



басқыншылардан қорғау мақсатында бастаған. Бұл – әлемдегі ең ұзын қорған, оның негізгі бөлігінің ұзындығы – 3460 км. Қабыргасының қалындығы – 5,5 м, 10 әскер қатар жүре алатындағы етіп жасалынған. Биік қарауыл мұнаралары қорғанының бойындағы әскерлердің бір-бірімен хабарласу және сигналдар беру қызметін атқарды.

Рассел Эш, «Әлемнің ұлы көреметтері» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жапсырмада берілген №6 суреттегі Нұр-Сұлтан қаласының сөүлет өнері туындылары – мәдени орындарына саяхат жасауға арналған нұсқаулық дайындацдар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Жеріңің аты – еліңің хаты» тақырыбында аргументативті эссе жазындар.

6-сабак

АСТАНА ФАЖАЙЫПТАРЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдацдар. Нұр-Сұлтан қаласының даму жолы жайында ой бөлісіндер. Сөзжасамның аналитикалық тәсіліне мысалдар келтіріндер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Осы сабакта берілген мәтіндерді салыстырындар. Нұр-Сұлтан қаласының басқа да сөүлет ескерткіштері жайында пікірталасқа түсіндер.

«Астана Опера» театры

«Астана Опера» театры – дәстүрлі қазақ колоритімен безендірілген классикалық және неоклассикалық сөүлет өнерінің эталоны. Фимараттың сырт келбетіне көз тастаған барлық адам мұны бірден байқайды.

Театрдың кіреберіс есігінің екі жағында мусіншілер Мұрат Мансуровтың «Қобызышы» және Тоқтар Ермековтің «Жетігенші» атты мусін композициялары көзге бірден түседі. Ал фимараттың дәл тәбесінде мусінші Қанат Нұрбатырдың жасаған күйме үстіндегі сақ патшайымы Томиристің бейнесі берілген квадрига түр.

«Астана Опера» театрының бас залы таға пішіндес. 1 250 көрермен орындығы бар залда жалпы аумағы 3 000 шаршы метр болатын төрт деңгейлі сақна орнатылған. Оркестр үрасы 120 музыканттың жайғасып, орналасуына есептелген. Ал камералық музыка залында барлығы 250 орын бар.

*Зәуре Төреканова, «Ел жүргегі – ажарлы қала.
Астана» кітабынан*





З-тапсырма. Мәтінде берілген мәліметтерді талдаң, «Орта Азия аймагының жаунары» тақырыбында дискуссиянда эссе жазыңдар. Сөзжасамдық талдау жасаңдар.

«Әзірет Сұлтан» мешіті

Бұл мешіт Орта Азиядағы ең үлкен ғибадатханалардың бірі болып табылады және әлемдегі ең әдемі мешіттердің ондығына кіреді. Жаз бен қыс, бұлтты құндері, Құннің шығуы мен батуы – қай мезгіл болмасын, мешіттің келбеті ертеңідей әдемі көрінеді.

Мешітке аяқ басқан сәттен-ақ ерекше рух сезінесін. Биіктігінен бас айналады, ою-өрнектері мен үлттық нақыштагы сәндік элементтері құдды бір ертеңідей Шығыс қорғанында жүргендей ерекше сезімге бөлейді.

Мешіт Орталық Азия сөүлет өнері үлгісімен, қазақстандық сөүлетші Сағындық Жанболатовтың жобасымен, айбынды ұтындары мен аркалары Мединадағы Әулие Мұхаммед мешітінің үлгісімен салынды.

Мешіт құрылышына қажетті материалдар Түркия, Италия, Қытай және Ресей сияқты әлемнің 11 елінен өкелінді. Мысалы, 3 тонналық алып шамдал тапсырыс бойынша чех хрусталинен жасалған, ал кілемдер таза жұн өнімінен тоқылған.

Михраб Мекке (Қағба) бағытын көрсетіп тұр, ол үлттық ою-өрнектер бедері тәсілінде алтынмен сәнделген.

Мешіттің жалпы аумағы 18 мың шаршы метрді құрайды, 11 гектар аумақты алып жатыр. Мұнда 7 мың көлікке арналған автотұрақ бар. Қазақстандағы ең үлкен мешіт күмбезінің биіктігі – 51 метр, диаметрі – 28 метр. Мешіттің әртүрлі көлемдегі 10 күмбезі бар.

Биіктіктері 77 метр болатын мешіттің төрт мұнарасы әлемнің төрт бұрышына қарап асқақтайды. Фимарат 20 бағанга қондырылған. Отандық дизайнерлер жасаған ғимараттың ішкі және сыртқы келбетінің 80%-ы қазақтың үлттық нақышында өрнектелген. Мешіт ғимараты техниканың ең соңғы жетістіктерімен жабдықталған. Ішіндегі температураның өзі диспетчерлік белімдегі пульт арқылы реттеледі.

*Зәуре Төреканова, «Ел жүргегі – ажарлы қала.
Астана» кітабынан*



4-тапсырма. Мәтіннен сөздердің байланысу төсілдері мен түрлеріне мысалдар келтіріп жазыңдар.

«Қазақ елі» тәуелсіздік монументі



Бейбітшілік және келісім сарайы мен Тәуелсіздік алаңында орналасқан «Қазақ елі» монументі ескерткіш кешенінің арасын Тәуелсіздік деп аталатын кең даңғыл бөліп жатыр. Алаң – еліміздегі ұлттық мерекелер өтетін орын, мұнда астаналықтар түркілердің жаңа жылы Наурызы, Халықтар бірлігі, Отан қоргаушылар, сондай-ақ Нұр-

Сұлтан қаласы күндерін атап өту үшін жиналады.

Бедер тақтаниң ұшар басына қонақтаған Самұрық қала үстінен қырағы қарап, елдің бейбіт өмірін қорғап отырғандай. Ал монумент тұғырында «Халық және Президент», «Ерлік», «Жасампаздық» және «Болашақ» деп аталатын қоладан құйылған төрт ойма бедер бар.

«Қазақ елі» монументі тәуелсіздік құрметіне жасалынған, биіктігі 91 метрге жетеді. Ал тарихи-мемориалдық кешенниң жалпы көлемі 5 гектардан астам. Монумент елімізді мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың бір-біріне деген ашық-жарқын көңілдерін, адалдықтары мен достық ниеттерін мензейтін ақ түсті мөрмөрдан салынған. Монументтің сыртқы бөлігі дода төріздес келген жалпы ұзындығы – 120 метр және 28 бағанадан тұрады. Бағаналардың дәл ортасында монументке кіреберіс ретінде Салтанат қақпасы орнатылған. Салтанат қақпасының алдында «Бірлесу» деп аталатын үйлесім бар.

Зәуре Төреканова, «Ел жүргегі – ажарлы қала. Астана» кітабынан



5-тапсырма. «Мен таныған кереметтер» тақырыбында ізденіс жасап, дискуссивті эссе жазыңдар.



VIII
бөлімҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ САЯСАТ ЖӘНЕ
ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Пунктуация

1-сабак

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. «Елім менің» әнін үнтаспадан тыңдаңдар. Мәтіннің идеясын таратып айттыңдар.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Өз білімдеріңе сүйеніп, мәтінді жалғастырыңдар.

Бодандықтан бостандыққа бастаған басшы

Нұрсұлтан Назарбаев – сынға төзімді саясаткер.
Төзімді болғанда да ете төзімді.

Оның «*Бұгінгі істің нәтижесіне ертеңгі үрпақ өз багасын береді*» деуі, Тұңғыш Президент ретінде өз атына айтылар сан алуан сынға қарсы оның өзіне деген сенімділігін де білдірсе керек. Бірақ бұл – «ол сынға немқұрайды қарайды» деген сөз емес...

Еуропа мен Азия сияқты екі құрлықтың арасында жатқан Қазақстанның көшбасшысы болу оған адамзаттың аманатын артқандай еді. Қазақстанның Еуразиялық құрлықта жатуы – оның геосаяси ерекшелігі. Сондықтан Тәуелсіздіктің алғашқы сөтінен бастап Назарбаевтың: «*Қазақстан өзгелерге үқсамайтын өз даму жолын іздестіруі, жасауы керек*», – деп үзбей қайталап отыратыны тегін емес.

Абай Ескендеріров,

«Жаһан таныған жеті тұлға» кітабынан

АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіндегі ақпаратты «Төрт сөйлем» тәсілін пайдаланып айттыңдар.

Пікір. Оқыған мәтін бойынша өз пікірінді бір сөйлеммен жаз.

Дәлел. Өз пікірінді бір сөйлеммен дәлелде.

Мысал. Пікірінді өмірмен байланыстырып, мысал келтір. **Корытынды.** Тақырып бойынша қорытынды жаз.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннен курсивпен берілген сөйлемдерді галамдық мәселелермен байланыстырып айтыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жапсырмада берілген №3 сурет бойынша «Әлем таныған Қазақстан» тақырыбында салыстырмалы эссе жазыңдар.

2-сабак

МӘҢГІЛІК ЕЛ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Ф.Оңгарсынова өлецін тыңдаңдар. Өз білімдеріне сүйеніп, тақырыпты жалғастырып айттыңдар.

1. «Мәңгілік ел» ұғымын қалай түсінісіндер?
2. «XXI ғасыр Қазақстаниң» қалай елестетесіндер?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтінде берілген ақпараттардың ішінен негізгі ойды анықтаңдар.

Кеңестер Одағының қабырғасы қақырап, он бес республика қирандының үстінде қалған кезде, тез арада етекжеңін жинаған шын мәнінде барыс сияқты секіріс жасаған Қазақстан болатын. Барыстың табиги сипаты – ол жүрісі жұмсақ, ың-шыңсыз, аса сақ, секірісі серпінді әрі нақ, дәл. Шеңгелі де темірдей, одан сау қалу – екіталай нәрсе. Қазақ даналығында ырымдаپ ат тағу бұрыннан бар қасиет десек, қазақ сияқты халықтың ырымы қырын кетпесі және анық.

Тұтас бір империяны құрдымға кетірген жоспарлы экономикадан соң, баяулау немесе атусті асығыс шешім жасау – енді ғана Тәуелсіздік алған Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін қатермен тең болғаны анық.



Тек ақылга багындырылған секіріс қажет еді және нартәуекел, еш нарсеге алаңдамай, ешкімге жалтақтамай, тек алдагы нақты мақсатқа деген секіріс!

*Абай Ескендеров,
«Жаһан таныған жеті тұлға» кітабынан*

Сұрақ-тапсырма:

- 1) Қазақ елі барысты не себепті символдық белгі етіп алды деп ойлайсындар?
- 2) Қазақ елінің болашағы жайында «Мәңгілік ел» тақырыбында өз жобаларынды ұсыныңдар.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Қарамен берілген сөйлемді таратып айтыңдар. Мәтінде қойылған тыныс белгілерінің себебін түсіндіріңдер.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. БАҚ ақпараттарын пайдалана отырып, Қазақстанның әлемдік саясаттагы беделіне бага беріп жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Ел үмітін арқалаган перзенттерден не күтеміз?» тақырыбында дискуссияті эссе жазыңдар.

З-сабак

ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, ондагы ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырып айттыңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, Қазақстанның сыртқы саясатта атқарған істеріне бага беріп, жаңа мәліметтермен толықтырыңдар.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті осы уақытқа дейін көптеген халықаралық бастамалар жасады. Осы негізде елде ірі халықаралық форумдар, ТМД, ШОС, ЕуроАзЭО және т.б. үйымдардың саммиттері өткізілді. Қазір бұл халықаралық

құрылымдар өте танымал және сапалы жұмыс істеуде. Енді осы аталған халықаралық құрылымдардың барлығы дерлік не Назарбаевтың бастамасымен, не оның қолдауы бойынша құрылып, жұмыс істеп тұрганы жасырын емес.

Қазақстанның 2010 жылы ЕҮКҰ-ға, 2011 жылы Ислам үйімі конференциясына төрағалық етуі де Қазақстанның халықаралық қауымдастықтың мойындағанын танытса керек.

Ал, ең бастысы, Назарбаев қазақстанның Ұлт көшбасшысы ретінде, тәуелсіздік тарихының бүкіл барысында Қазақстан қоғамын біріктіруші тұлға болғаны даусызы.

Озгелерге қызықты болатын тағы бір жай – адамзат тарихындағы ұлы көшбасшылар тарихын қатарластыра салыстырар болса, Назарбаевтың Ұлт көшбасшысы ретінде өзіндік ерекшелігі де көзге түсер еді. Айталақ, XX ғасырдың саяси көшбасшылары өз мемлекеті мен ұлтына қатысты аса маңызды стратегиялық мәселелер шешкені және осы арқылы танымал болғаны белгілі. Рузвельт АҚШ-ты аса үлкен дағдарыс пен күйзелістен шығарды; Ататурк Түркияны жаңаша даму жолына бұрды; Ли Куан Сингапурдың өзгелерден қара үзіл, дара шығуы үшін модернизациялауды жедел турде енгізді. Дэн Сяопин Қытайды қаракөлеңке заман құрсауынан шығарды.

Енді Қазақстан дамуы мен Назарбаевтың қызметін салыстыра қарастырганда, саяси-экономикалық, әлеуметтік, мәдени-тарихи кешенді стратегиялық тапсырмалар жүзеге асып жатқанын көреміз.

*Абай Ескендеров,
«Жаһан таныған жеті түлға» кітабынан*



ЖАЗЫЛЫМ

З-тапсырма. Берілген пікірді басшылыққа ала отырып, «Қазақстанның сыртқы елдермен саясаты» тақырыбында мақала жазыңдар.

«Қазақстан ТМД елдері арасында саяси тұрақтылық, экономикалық дамуымен ерекшеленеді. Бүгін Қазақстанда тұрғылықты үлттан өзге үлт өкілдері мен ұлыстар тату-төтті тұрып жатыр. Ал Қазақстанның ядролық қарудан бас тартуы БҮҮ құрылған кезден бастап, оның алға қойған басты мақсаттарының бірі үшін үлкен қолдау болып отыр».

*Кофи Аннан, Біріккен Ұлттар Ұйымының
Бас хатшысы (1997–2006 ж.)*





ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Оқылым және тыңдалым материалдары бойынша негізгі ақпаратты іріктеп, көшіріп жазыңдар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Қазақстанның шетелдермен байланысы жөнінде таныстырылым дайындаңдар.

Қазақстан – Өзбекстан,
Қазақстан – Ресей,
Қазақстан – Қытай,
Қазақстан – Түркия,
Қазақстан – Жапония,
Қазақстан – АҚШ т.б.

4-сабак

ЖАҢАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаңдар. Берілген пікірді басшылыққа алып, өз болжамдарынды айтыңдар.

1. Бұғынгі жаһандық мәселелерге нелер жатады?
2. Жаһандану мәселелері жөнінде ой бөлісіндер.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, көтерілген мәселеге баға беріңдер. Ақпарат көздерінен лаңкестік туралы мәліметтермен толықтырыңдар.

2017 жылы әлемде 10 900 лаңкестік оқиға орын алды. Олардың басым бөлігі ғаламшарымыздың ыстық өңірлеріне тиесілі: Сирія, Ауғанстан, Сомали және Пәкстан. Олардың жауапкершілігін 369 топ өз мойнына алды. 26,5 мың адам қаза тауып (соның ішінде, 8 мыңы экстремистер болуы мүмкін), 33 мыны жаракат алды.

Лаңкестік әрекеттер бірінші кезекте бейбіт түргындарға бағытталғанына қарамастан, үйымдастыруышылар инфрақұрылымды құртуға да қарсы емес. Террористер түрлі байбалам шақырып, билікті одан туындаған ысырапты жою жолында есепсіз шығынға батыруды көздейді.

Мысалы, Нью-Йорктегі Бүкіләлемдік сауда орталығындағы шабуыл адам шығынынан бөлек 639 млрд доллар залял келтірді, сондай-ақ 2 млн жұмыс орнының жойылуына ықпал етті (2001 жылдың соңындағы дерек).

«Oyla» журналы, №5, 2017 жыл



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінде берілген ақпаратты ғаламдық мәселелермен байланыстырып айтыңдар.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, хаттың тақырыбы мен құрылымын, тілдік ерекшелігін түсіндіріп айтыңдар.

Альберт Эйнштейннің хаты

...Кейін Эйнштейн өз хатының зардабын түсінді де, төмөнделгінше түсініктеме берді:

«Менің ядролық бомбаны жасауға атсалысусым бір ғана өрекетіммен шектелді. Мен президент Рузвельтке жазылған хатқа қол қойдым. Онда ядролық бомбаны жасауды зерттеуге байланысты ірі көлемдегі тәжірибелер жүргізу керектігі туралы айтылған еді.

Мен бұл іс-шараның сөтті аяқталуы адамзат баласына қаншалықты қауіп-қатер әкелетінін жақсы түсіндім. Алайда аталған мәселені шешуде нацистік Германия жетістікке қол жеткізуі мүмкін деген ой мені осы қадамға итермеледі.

Өрдайым өзіне сенімді пацифист¹ болғаныма қарамастан, менде басқа таңдау болған жоқ».

«Oyla» журналы, №5, 2017 жыл



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. А. Эйнштейннің хатына өз көзқарастарынды білдіріп, жауап жазыңдар.

¹ Пацифист – бейбітшілікті жақтаушы.



5-сабак**АЙНАЛАҢ – АЯЛЫ АЛТЫН БЕСІГІң****ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, өз білімдеріце сүйеніп, тақырыпты жалғастырыңдар.

1. «Экологиялық ахуал» дегенді қалай түсінесіндер?

2. Өздерің тұратын өңірдің экологиясын ғаламдық экология мәселелерімен байланыстырып айтыңдар.

**ОҚЫЛЫМ**

2-тапсырма. Мәтінді оқып, автордың пікірі мен келтірген мәліметтерін өңдеңдер.

Онсыз да экологиялық онтайлы қонысқа орналаспаған республиканың бар болғаны он пайыздық таулы аймагы кен өндіру, түсті металлургия, химия өнеркәсібінің еншісіне тиі. Теріскейіндегі мал өсіруге таптырмайтын шүйгін жазықтарды түп-түгел жыртып салып, бүкіл құнарын желге ұшырдық. Азғантай өзендердің алқабын бірыңғай техникалық дақылдар егіп, гербицид¹ пен пестицидке² бектірдік. Әуелден де өсімдік жамылғысына кедей шөл мен шөлейт алқаптарда кен қазып, қара металлургия өркендетіп, шаң мен тұтінді бүркүрраттық. Жиырма миллионнан астам гектар жерді беталды соқаға тырнатсақ, сонша жерді өскери полигондарға беріп, ең қатерлі қаруларды сынайтын Қазақстанның көп жері күкірт, сынақ, кадмий, таллий, литий, уран, хлор сынды улы химикаттардың молдығынан онсыз да денсаулық үшін қатерлі аймақ екендігі аз болғандай, көмір мен бокситті, темір кенин мен фосфоритті ғана емес, радиоактивті стратегиялық шикізаттардың өзін ашық карьер қазу жолымен өндірдік. Бұның бөрінің табиғи ортаны мекендейтін халықтың денсаулығына тигізіп жатқан әсері қандай? Ол жайында қам жеген ешкім болған жоқ. Қайта оның орнына бізден өндірілген кен, астық, мұнай, шикізат тиелген эшелондар тізбегінің Жер шарын қанша рет орап алуға жететінін айтып мақтандық. Ештеңенің есебі бар деп білмедік. Бөрін тау-

¹ Гербицид – егістіктегі арамшөпке қарсы қолданылатын химиялық зат.

² Пестицид – мәдени өсімдіктерді зиянкестерден қорғау үшін қолданылатын химиялық зат.



сылмластай, сарқылмastaй көрдік. Сейтіп жүргенде кеше көл-көсір көсіліп жатқан Аралдың айдыны жоғалып, Балқаштың шалқары тартылып бара жатқанын бір-ақ көріп, есімізді өзер жинағық.

Әбіш Кекілбаев, «Заманмен сұхбат» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіндегі мәліметтерді негізге ала отырып, «Кос диаграмманы» толтырып жазыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Оқылым мен тыңдалым мәтіндеріндегі ақпараттарды іріктең, мақала жазыңдар.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мақалада тыныс белгілерінің қолданылуын түсіндіріп айтыңдар.

6-сабак

БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – БЕЙБІТШІЛІК



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаң, бүгінгі қоғам өмірімен байланыстырып айтыңдар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаң, көтерілген мәселелеге бага беріңдер.

Бүтінгі бейбітшілік

Адамдардың көбі қазіргі бейбіт уақытты бағаламайды.
Ешқайсысымыз мың жыл бұрынғы ахуалды көрген жоқпыз,

сол кезде дүниенің қаншалықты қауіпті болғанын ұмытып та кеттік. Бұған қоса, қазір енді сиреп кеткендіктен, соғыс атаулыға елең ете қаламыз. Ауганстан мен Ирактағы соғысқа бола қаншама адам көңіліне алаң тұтады, ал Бразилия мен Үндістандагы бейбітшілікке қуанған біреу бар ма арамызда?

Тағы бір маңызды нәрсені айтайын: бүтін бір халықтан төрі жекелеген адамдардың шеккен азабына көбірек жаңымыз ашиды. Ауқымды тарихи оқиғаларды түйсіну үшін жекелеген оқиғаларға емес, ауқымды сандардың астарына үзілуге тұра келеді. Мәселен, 2000 жылғы соғыста 310 мың адам қаза тапса, зорлық-зомбылықпен жасалатын қылмыстардан 520 мың адам құрбан болды. Әрбір өлген адам – көктей солған қайталанбас ерекше өлем, ойрандалған отбасы, туғантыстары мен дос-жаарандарының айықпастай қайғы-мұңзы. Ал жаһандық өреден қарағанда, 830 мың құрбандық – 2000 жылы қайтыс болғандардың жалпы санының (56 миллион) 1,5%-ы ғана.

Ювал Ноа Ҳарари,

«Адамзаттың қысқаша тарихы» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінде берілген мәліметтер мен пікірлерді жіктең түсіндіріңдер.

Империялар орнына құрылған тәуелсіз мемлекеттер соғысқа үмтүлды. Жалпы алғанда, 1945 жылдан кейін ешбір мемлекет жауласп алыш, жұтып жіберу мақсатында екіншісіне енді баса-кектек кірмейтін болды. Мұндай жауласп алу деректері есте жоқ есکі заманнан бергі тарихтың негізгі сюжетін құраган еді. Ұлы империялардың құрылу тарихы өзгеріссіз қаларына патшалар да, халық та сенген еді. Алайда римдіктер, монголдар, османдардың жауласп алу соғыстары бүгінгі күні еш нәтиже әкелмейді. 1945 жылдан кейін БҮҰ мойындаған бірде-бір тәуелсіз мемлекет карта бетінен жоғалған емес. Иә, әлі де ара-тұра кейбір жерлерде соғыс өрті бүрк ете қалып, миллиондаған адам соғыста жан тапсырып жатады. Бірақ соғыс қалыпты жағдайға айналған емес.

Ювал Ноа Ҳарари,

«Адамзаттың қысқаша тарихы» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ақпаратты ірікten жазып алындар.

Көптен бері бір байқаганым, халық бостандық пен тәуелсіздікке жетер жолында неғұрлым көбірек тар жол, тайғақ кешуден етсе, оның өзгелер қасиretіне жаңы ашып, бірге қиналу сезімі көбірек болады. Қазақтардың «біреудің қиналысын сезгің келсе, жаңың бірге ауырсын» дейтіні тегін емес.

Жұздең саналатын ядролық және термоядролық жара салған Жұмыр Жердің бүкіл қиналысын, оның орнына өзінді қоймай, болған нәрсенің бәріне Жер көзімен қарауға тырыспай, түсіне алармысың...

Ежелгі Шығыс даласы. Қазақ ұлтының ар-ұжданына айналған алыштарды әлдилеген дала... Ұлы Абай, Шекерім Құдайбердіұлы, Мұхтар Өуезов. Заманында шегара мен қашықтық деңеді білмеген дала кеменгерлігі мен адамзат рухының кіндігі болған жер.

Біздің мемлекетіміздің бір бастауы осы арада. Абылай хан билеген даланың бір пүшпағы да – осында...

Нұрсұлтан Назарбаев, «Бейбітшілік кіндігі» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіндегі тыныс белгілерінің қойылуын түсіндіріндер.

Бәрі бітті... Жалғыз туп шөп қалмаған, тұтігіп қарайып кеткен даланың тұл жамылғысы. Жаңа жұмыртқа жарған балапандай, қайда, неге баратынын білмейтіндей әнтек-әнтек басқан соқыр бүркіттер. Жан төсілім алдында жанталасқан тышкаңдардың, қарсақтардың, қасқырлардың, түндеған тынымсыз жортқан кесірткелердің денесі. Олардың жанталағынан кімге қаратып айтылғаны белгісіз «неліктен..?» деген үнсіз сұрақ сезілетіндей. Ал зәресі үшып, ақырган адамдар «ол не?» деген сұраққа жауап таба алмай, беймәлім құрсаудан босана алмай түр. Бұрын-соңды көрмеген бұл құбылыш оларды үн-түнсіз қатып қалуға мәжбүр етті, олар өздері де байқамай, дала өрістері мен тау бектерлерінің бұрынғы шешек атқан, гүл жайнаған рақат күндеріне, бәлкім, енді қайтып оралуы көдік күндеріне тағзым еткендей еді.

Нұрсұлтан Назарбаев, «Бейбітшілік кіндігі» кітабынан



IX
бөлім

СӨЗ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Пунктуация

1-сабак**АСЫЛ СӨЗ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, шешендікке қатысты терминдер мен тілдік үгымдарды анықтандар.



2-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтіннен жай сөйлем түрлеріне қарай бірнеше мысал тауып, талдаңдар. Қарамен берілген нақыл сөзді талдап, сыныпта пікірлеріңмен белісіндер.

Ұлылар өнегесі

М. Өуезов 1910–1911 жылдары Семейде орыс мектебінің екінші класында оқыған. Оның алғашқы ұстаздары қаршадай балаға сол кездің өзінде-ақ үлкен үміт артса керек. Солардың бірі озық шәкірттің таза жазу дәптерін қырық жыл бойы архивінде сақтап келген де, бұрынғы бала Мұхтар дана атандып, Мемлекеттік сыйлық алғаннан кейін жазушыға тарту етіп жіберген.

Он үш жасар бала, бірақ ойлы шәкірт сол 1911 жылдың 11 қазан күні түңғыш рет тұтас сөйлем жазған екен. Алғашқы сөйлемнің өзін Өуезов «Қара күш ақылға төтеп бере алмас» деген ақылды сөздерден бастапты.

Иә, өмір ұлы жандардың ұлес-сыбагасын кейде осылай о баста-ақ белгілейтіні бар-ау!

Мұзатар Әлімбай, «Біздің Мұхтар» кітабынан

Сұрақтар:

- 1) «Көркем сөз» деген тіркесті қалай түсінесіндер?
- 2) М. Өуезовтің ана тілі жайында айтқан қандай нақыл сөздерін білесіндер?



3-тапсырма. Берілген көркем ойды таратып айтындар.

Адамның ғазизлігі сөзбен болды. Қоңыр – бір жатқан кеннің дариясы. Соңан шыққан сөз – жауғар. Ауыздан шыққан сөз – көмір. Тіл – бір болаттан жасалған өткір қанжар. Оның майдалап, уақтап жасап шығарып жатқанының бәрі – інжу.

Мәшіндер Жұсіп Көпееев



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Төменде берілген нақыл сөздерге сүйеніп, нұсқаулық дайындаңыз жазындар.

Шешендік – кісінің көркі.

Гораций

Пікірге, сөзге екпін дарыту үшін қысқалық қажет.

Гораций

Шешеннің ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айтуда емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау.

Цицерон

Сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ.

Бэкоң

ТІЛДІК БАҒДАР





АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтіннен курсивпен терілген сөздердің стильдік қолданысына талдау жасандар. Тыныс белгілеріне мән беріңдер.

1) Дәл осы тұста ай астынан күміс ағыс төгілгендей қылаң атын сылаң қақтырып келе жатқан жалғыз жүргінші кілт тоқтап, аттан түседі де, шеткі үйден үрлана шығып, шолпы сыңғырын қамзолымен тұншықтыра өзіне қарай үргедек басқан жас сұлудың жолын тосады.

2) Мен Мергенді түсінемін: бағана бұл Мұқаңа *кермал* келіп қалған тұстагы біздің ыңғайсызданғанымыз секілді енді өзінен-өзі қысылып, «Ағаға осынша тымық түкпірін қопартып, тұндырын лайлағандай несіне сұңқылдай қалып едім» деп өкініп отыр.

3) Бейнелі сөзді, образды ойды бұлай ежіктеуге болмайды. Сен енді мұндай сауатсыз сұрақтан *аққұла* бесесің.

4) «*Адам сөйлескенше, жылқы кісінескенше*» деген емес пе, Тұрагұл өзі бұрыннан білетін Қасымбекті ғана емес, енді Мұхтарды да етene іш тартты.

5) «Ораздының он қонағы бір келеді» дегендей, көршілер дәм-тұзының үстіне ойда жоқта қашаннан қадірлес, сыйлы Өуез ауылының екі жігіті келіп қосылғанына қонақжай, әкесіне тартқан ақылды, тіпті, ақындығы да бар *ақжелен* Тұрагұл қатты қуанды.

6) Үй тігіп жүрген әйелдердің ішінде бұл келіншектің *бедені* бөтен: сырғасы мен шолпысы қосыла сыбырласқан көдімгі қигаш қас, бұраң бел сылқымның өзі екен.

Зейнолла Қабдол, «Менің Өуезовім» роман-әсессінен

2-сабак

СӨЗ СЫРЫ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұғалімнің оқуында тыңдалып, курсивпен берілген тілдік тұлғалар жөнінде ой бөлісіңдер.

Асқан психолог (М. Өуезов) әлеуметтік топтың, адамның қандайымен жолығысып отырғанын қатты ескеруші еді, ортамен санасып, орайлы тіл тауып, ой толғауға тым икемді болатын. Бөрінің де өз тілін тауып, теңдесіндей еркін тілдесер еді.

8-4392

113

Халық жазушысы халықтың тілін тауып сөйлесе білетін де еді, шығармаларында кейіпкерлерін халықша ұтымды, өрнекті сейлете де білетін еді.

Алдабергенов Нұрмұлданың Тәлеген деген бес жасар баласымен есік алдында тілдескенде:

- «Қошақаннан қорықпайсың ба?»
- «Бұзауқанга міндің бе?»
- «Тайга шауып көрдің бе?»
- «Менімен, ана біздің Ернармен қақпақыл ойнайсың ба, асығың көп пе?», «Өкен сақаца қорғасын құйып бере ме?» – деп отырғанын да есіттім.

*Мұзғафар Әлімбай,
«Біздің Мұхтар» кітабынан*



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Төменде берілген тұрақты сөз тіркестерінің мағыналық сәйкестігін тауып, көшіріп жазыңдар.

| | | | |
|----|-------------------|---|--------------------------|
| 1 | қан кешті | A | бір келіп көрініп қайтты |
| 2 | мойнына артты | Ә | батылы бармады |
| 3 | төбе көрсетті | Б | жанын құрбан қылды |
| 4 | аузынан дүр шашты | В | ықтиярынан айырылды |
| 5 | бата алмады | Г | теуіп таstadtы |
| 6 | бетінен басты | F | сөз айтты, сейледі |
| 7 | ғилман болды | Д | кескілесіп соғысты |
| 8 | душар болды | E | үні өшті |
| 9 | еркі кетті | Ж | үялды, қысылды |
| 10 | жагы қарысты | З | мәжбүр етті |
| 11 | зарп ұрды | И | назары ауды |
| 12 | көзі түсті | К | кезіге кетті |



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Екі бағанга бөлінген сөздердің әдеби тілдегі және диалект нұсқаларының сәйкестігін көрсетіңдер.

Фонетикалық ерекшеліктер түрінде

| | | |
|-----------|--|-----------|
| үгей | | қорытынды |
| күміскі | | құдаги |
| құрытынды | | малшы |
| дұмалау | | тыңда |



| | | |
|----------|--|---------|
| маңлай | | доғару |
| тыңла | | шаңырақ |
| полат | | бұл жақ |
| тогару | | көмескі |
| малчы | | мандай |
| бұяқ | | өгей |
| шанғырақ | | домалау |
| құдагай | | болат |

Морфологиялық ерекшеліктер түрінде

| | | |
|-------------|--|-----------------|
| малдаршылық | | әшкереле |
| кішірт | | кел |
| әшкерт | | бар |
| пойызбынан | | алашақ |
| атпан | | келді |
| барулы | | малшаруашылығы |
| келулі | | барайық |
| алажақ | | барғым келеді |
| бережақ | | берешек |
| келелі | | кішірейт |
| баралы | | айтқым келмейді |
| барғым бар | | барды |
| айтқым жоқ | | келейік |
| барың | | атпен |
| келің | | пойызбен |

Лексикалық ерекшеліктер түрінде

| | | |
|------------|--|----------------|
| ақыр | | бүршак, жұгері |
| бойлай | | кенже |
| жамбарласу | | күн бату |

| | |
|-----------|--------------|
| көдек | қуатты |
| бейсөубет | күдер узу |
| жар | ұлкен, дәу |
| жарын | ықтимал |
| сой | ауылшылау |
| шалт | нагашы |
| рабайда | жарамсақтану |
| кейінжі | күкірт |
| күн баю | тебен ине |
| баз кешу | біз |
| жуалдыз | келер жыл |
| кеуірт | анда-санда |
| тага | ақ шыт |
| етмал | ұнемі |
| бақуат | қабырга |



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. 1-тапсырмадагы кездесетін тыныс белгілерінің колданылуын түсіндіріңдер.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Таза мінсіз асыл сөз – ой түбінде жатады» тақырыбына әдеби эссе жазыңдар.

3-сабак

ТАУЫП СӨЙЛЕУ – ӨНЕР



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалап, сөйлеу әдебі мен көркем сөйлеу жөніндегі көзқарастарынды білдіріңдер.



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтап, қойылған сұрақтарға өз ойларыңмен жауап беріп көріңдер.



Жерден ауыр не?!

Бала би қартайған шағында халқын жиып:

- Жерден ауыр не?
- Судан терең не?
- Оттан ыстық не?
- Көктен биік не? –

деп, төрт сұрақ берген екен. Ешкім шеше алмапты.

Сонда Бала би өзі айтқан сұрақтарын өзі былай деп шешкен екен:

- Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім.
- Судан терең дегенім – оқу, ғылым.
- Оттан ыстық дегенім – фәни жалған, адамның өмірі.
- Көктен биік дегенім – тәқаппардың көзілі.

«Шешендей сөздер» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Кестеде сөз дәлдігіне орай түрлі қолданыс үлгілері берілген. Дұрыс, бұрыс қолданыс үлгілерін анықтаңдар.

| Қолданыс үлгілері | Дұрыс | Бұрыс |
|--------------------------|-------|-------|
| Күнге, Айға сыйыну | | |
| Күнге, Айға табыну | | |
| Жерге, отқа, суга сыйыну | | |
| Жерге, отқа, суга табыну | | |
| аң мен құсты пір тұту | | |
| аң мен құсты кие тұту | | |
| көк түсті кие тұту | | |
| көк түсті пір тұту | | |
| қобыз шабу | | |
| қобыз жасау | | |
| астық егілді | | |
| астық бастырылды | | |
| астық жиналды | | |
| егін жиналды | | |
| жауын-шашын жаумайды | | |
| жауын-шашын болмайды | | |

| | | |
|------------------------------------|--|--|
| әкеміз 76 жасқа толып отыр | | |
| әкеміз 76 жасқа келіп отыр | | |
| 100 жасаған қарт тұрғын | | |
| 100 жасқа келген қарт тұрғын | | |
| келесі кездескенше күн жақсы болын | | |
| керіскенше күн жақсы | | |
| жарғақ басы жастыққа тимей | | |
| жарғақ құлагы жастыққа тимей | | |
| 20 жасар жігіт | | |
| 90 жасар қария | | |



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген сөздерді «қызыл» сөзімен тіркестіріп, сөз тіркестерін жазып жарысындар. Сөздердің мағынасын айтыңдар.

Кім қанша тұрақты тіркес жасай алады?



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Асыл сөз» тақырыбында бүтінгі қоғамдағы тіл мәселесі жайында шыгарма жазындар.



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдалып, аталған әндердің мазмұнына өз көзқарастарыңды білдіріп, сұрақтар дайындаңдар.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін мазмұнымен танысып, өз ойларыңды ұсыныңдар.

Не тәтті?

Жиренше шешен бір күні жолда келе жатып алдынан қарсы кездескен бір баладан:

– Дүниеде бәрінен не тәтті, балам? – деп сұрайды. Сонда бала:

- Бал тәтті, – деген екен.
- Ал жұмсақта не жұмсақ?
- Мамық жұмсақ.
- Қаттыда не қатты?
- Тас қатты.

Бұл баланың жауабын тыңдал тұрған екінші бала: «Осы сұрақтарыңызға мен жауап беріп көрейін, рұқсат етіңіз», – деп етінеді.

– Ал, айта ғой, балам, не тәтті? – дейді Жиренше шешен.

- *Ananың сүті*, – деп жауап беріпті бала.
- Не жұмсақ?
- *Ananың қолы!*
- Ал не қатты? – деп сұрағанда.
- *Атанаң жүргегі*, – деген екен.

Шешен екінші баланың жауабына риза болып, батасын беріпті.

«Шешендік сөздер» кітабынан

Сұрақ-тапсырма:

- 1) Бірінші баланың жауабын неге жақтамады?
- 2) Курсивпен берілген сөз тіркестерін талдап айттыңдар.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Берілген сөзді дәйексөз ретінде алып, сыныпта ойталық өткізіндер.

Казакты жансыз ағаш қылып отқа жаққыларың келмесе, әнді сақтаудың қамын қылышындар.

Султанмахмұт Торайғыров



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқып, кестеге түсіріп жазыңдар.

Сөз мәдениеті – өз мәдениетің

Сөз сөзге жарығын да түсіріп тұрады, көлеңкесін де түсіріп тұрады. Біріне-бірі жарығын түсіріп тұратын сөздерден құралған сөйлем айтайын деген ойынды оқушыға дәл жеткізеді. Бұл арада ерекше ескеретін бір нөрсе – әр сөздің ой мен сезімге дәп тиіп жатуы, ең үлкен арман осында. Біріне-бірі көлеңкесін түсіріп тұратын сөздер өз мағынасын дәл баспай, екі оқты болып, ауытқып шығады. Жазба сөз – бір өңкей өскер легі де емес, қой-сиыры аралас шұбаган көш те емес, теңіз толқыны да емес, жайнап тұрған бақша да емес, өмірге түгел ортақ ой-сезімді дәлірек те толығырақ бере алатын тіл байлығы. Бұл байлықты қалай болса солай пайдалану – болашақ үшін үлкен қиянат.

Көркем сөзі бар болғырдың өзін орақпен орып, күрекпен күреп ала алмайсың: оларды бір-бірлеп тересің, бір-бірлеп тізесің.

Ғабит Мұсірепов, «Әдебиет тілі жайында» мақаласынан

| | | |
|--------------------------------------|--|--|
| Мәтіндегі негізгі ойды анықта | Көтерілген мәселені тауып, бага бер | Мәліметтер мен пікірлерді жіктең, қайта ондеп жаз |
| | | |



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жапсырмадагы №7 суретке қарап, картиналың мазмұны бойынша очерк дайындаңдар.



5-сабак

СӨЗ САПАСЫ

ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңдаپ, терминдер мен ұғымдарды жазып алыңдар.

ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқып, үлгілі сөз қолданыстары мен көркемдегіш құралдарды теріп жазыңдар.

Күздің таңы баяулап атып келеді екен. Қос аңшы құстарын үстап қостан шықты да, белдеудегі аттарын келіп шешті.

Мосқал жасты, бурыл сақал қарт бүркітші Бекбол жуан торы аттың шылбырын беліне қыстырып, енді үзенгіге аяғын сала бергенде, арт жағынан ат пысқырды. Сүр тонды, кеспелтек денесін шапшаң бұрып сырт айналғанда, Бекбол кезең асып келе жатқан қасқа атты жүргіншіні көрді. Мойнына мылтық асынған, мезгілсіз жүрген жолаушы асығып, жедел келеді екен.

Бекбол ерге мінбей, тор атты сулығынан тартып, жүргінші келе жатқан жаққа бұрды.

Жас аңшы Жөнібек Бекболдың неге ақырганын байқаган жоқ екен. Ол да сырт қарады. Бұл ұзын бойлы, сом денелі жігіттің бет ажарында тау күніне құйғен қою қызыл бар.

Осы кезде жуан торы аттың еріне мініп отырған Қызылбалақ оқыстар дүр-дүр сілкініп салды. Қек жасыл болаттың ажарындей ажары бар қат-қат қауырсындары бүркіт қатты сілкінген уақытта, құйын үйірген шоқ қамыстай су-су етіп судыр қақты.

Мұхтар Әуезов, «Бүркітші» әңгімесінен

ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тәмендегі андардың аталығын, аналығын, төлін сәйкестендіріп жазыңдар.

| Аң аты | Аталығы | Аналығы | Төлі |
|---------|--------------|---------|----------|
| Аю | Тұлкі | Ілбійн | Бөлтірік |
| Арыстан | Барыс, ілбіс | Борсық | Інсін |

| Жолбарыс | Борак (борсан) | Кірекей | Алан |
|---------------|---|--------------------------|--------------------------------|
| Барыс | Сырттан, ызақор | Қаншық, құртқа, шулан | Шенжік, сармақ |
| Сілеусін | Арлан, көкжал, бірішек, абадан, сырттан | Мыршық (қанжыр) | Жаутаң, мыртот, тұлкішек |
| Қасқыр (бөрі) | Сілеусін | Таутан | Әзборақ |
| Тұлкі | Мақат | Өлекшін | Конжық |
| Борсық | Шері | Қаншыр | Теңбілше, абадан |



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Өн мәтінін дамытып, сюжет немесе шагын әңгіме жазыңдар.

Бұлбұлым

Дүние-ау қарап тұрсаң, шолақ екен,
Адамдар бір-біріне қонақ екен, бұлбұлым.
Мың құніме тұрады-ау,
Осы отырган бір құнім.

Құлпырган қызгалдақтай қайран өмір,
Қар жаумай, қазан үрмай солады екен, бұлбұлым.

Қайырмасы:

Мың құніме татиды-ау,
Осы отырган бір құнім.
Жалған екен көргенім,
Арман екен көрмегім. 2 рет

Серінің серілігі елде қалар,
Аққудың арман өні көлде қалар.
Мың құніме татиды-ай,
Осы отырган бір құнім-ай.

Жігіттер, жас шагында ойна да күл,
Қадірлі алтын басың көрде қалар.



Қайырмасы:

Мың күніме татиды-ау,
Осы отырған бір күнім.
Жалған екен көргенім,
Арман екен көрмегім. *2 рет*

Өнің жақсы сайрашы-ау,
Бақшадары бұлбұлым.

**АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. Мәтіндегі негізгі ойды анықтаңдар. «Біздің қоғамның жастары» тақырыбында пікірталас үйымдастырындар.

Қыз тілімен түйілген түйін

Сыйқым елінде бір байдың үлкен баласы үрда-жық, даңғазалау екен. Көрші ауылдың өзі сұлу, ақылды қызын алмақ болады. Тәрбиелі қыз оның ниетіне қарсылық жасап, өзін аулақ үстап жүреді. Бір жолы оңашада қызды үстап алыш, мойнына қыл шылбырды салып, буындырмақ болады.

– Шылбырынды тарт әрі, мойнымың қытыры бар, – депті сонда қыз өзеттеніп.

Осы оқиға ауылга тараң кетеді. Жігіт әкесі намысқа тырысып Төлеге келеді. Бай қыздың қалай болған күнде де баласының тұзагына түсетінін айтады.

– Қыз тілімен түйілген түйінді жігіт тісімен шеше алмас, – депті сонда шешен.

«Шешендік сөздер» кітабынан

Сұрақ-тапсырма:

- 1) Жігіттің қылығын қалай бағалайсындар?
- 2) «Қыз тілімен түйілген түйінді жігіт тісімен шеше алмас» деген сөйлемде берілген ойды түсіндіріндер.

6-сабак**СҮЛУ СӨЗ****ОҚЫЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқып, өздеріңе керекті пікірлерді жазып алыңдар.

– Сен сөздің дертін қайта-қайта есіме сала бердің-ау. Бірақ көңіліце келмесін, сендер оның қадір-қасиетін жете түсіне бермейсіндер, – деп бір қойды да, кідірмей ойын жалғастыра берді. – Сөз шіркін де адам секілді гой. Оның да ала-құласы көп. Орнатқан жеріне қорғасындағы құйыла қалатын орнықты сөз бар да, қурайдың басында қылп-қылп етіп үшіп кеткелі түрган торғайдай үшқалақ сөз бар. Сіздің жақта арбага екі атты парлап жекпеуші ме еді?! Сонда желісті, күшті атты түпке салады да, ал басын садақша иіп, сөнді қырындағы отыратын сұлу жылқыны қасына жегеді. Сөздің де сондай жүк тартқыш түптегісі мен қигаштап сұлу жүретін маңайламасы болады. Халық соны біліп, сөз екеш сөзді де «одагай сөз, сүйкімді сөз, салқын сөз, жылы сөз» деп түр-түске бөліп жүр гой. Біз жазушы болғандықтан, осының барлығын білуіміз керек. Солай мәні мен әріне, әуені мен мүсініне қарап, електен өткізіп, сұрыптағын алмасақ, жазған шығармаларымыз әлдебірдемеге үқсан кетер еді. Халық арасында небір жаңа сөз, жаңа ұғымдар туып жатады, бұл – табиғи үрдіс. Солардың шала тұғандары өліп, мезгілін біліп тұған өміршендері қанаттанып, қажетке асады. Құдайға шүкір, сөздік қоры жағынан қазақ тілі ешкімнен кем де, кеңейде де емес, әдебиетіміздің қаулаپ өсүнің бір себебі осында жатқан сияқты.

Илияс Омаров, «Біздің Мұхтар» кітабынан

Сұрақ-тапсырма:

- 1) «Сөз шіркін де адам секілді гой. Оның да ала-құласы көп» деген сөйлемді дамытып айтындар.
- 2) Жазушының толғанысынан қандай ой түйдіндер?



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Энциклопедия, ақпарат қуралдарына ізденіс жұмысын жүргізіп, берілген жаңбыр атауларын толықтырып айтындар.

| Жаңбыр атаулары | Анықтамалары |
|-----------------|--|
| Жаңбыр | бұлттан бөлініп, жерге түсетін атмосфералық су тамшылары, тоасап |
| Ақ жаңбыр | бір қалыпта толассыз ұзақ жауатын жаңбыр |



| | |
|------------------------|--|
| Боз жаңбыр | атмосфералық су тамшыларының салғындықтан кішігірім бұршаққа айналып жаууы |
| Былғары бұрку | атмосфералық тосаптың тамшыламай бұркуі |
| Қара жаңбыр | күзгі қалың жаңбыр |
| Қарлы жаңбыр | ерте көктемдегі және күздегі қар аралас жауын |
| Нөсер | төгіп-төгіп жауып, тез аяқталатын будақ жаңбыр |
| Откінші жаңбыр | аспан күмбезі көшпелі алабұлттанып, тез жауып өтетін жаңбыр |
| Сылбыр жаңбыр | желсіз күнгі жай жаңбыр |
| Сіркіреу | өте баяу себезгілеп жауу |
| Сірлету | жаңбырдың бұркуден, сіркіреуден мол, нөсерден саябыр жаууы |
| Шық | сүйк түндерде және таңертең топырақ бетіне не шөп басына тұрып қалатын мөлтілдеген тамшы су, атмосфералық дымқыл |
| Кемпірқосақ | жаңбырдан кейін аспан күмбезінде түрлі түсті дуга түрінде көрінетін жолақ, атмосфераады оптикалық құбылыс |
| Қос кемпірқосақ | Күн сөулесі жаңбыр тамшысына белгілі бір бұрыш жасай түсіп, оның ішінде екі рет шагылышы нәтижесінде қабаттас түскен екі кемпірқосақ |

«Жыл – он екі ай» кітабынан



ЖАЗЫЛЫМ

З-тапсырма. Берілген тұрақты сөз тіркестерінің дәл мағынасын табыңдар. Сөйкестіктерді сызық бойынша ойша қосып, көшіріп жазыңдар.

| | |
|--------------------|---|
| Қанат берді | Қарқын алды, шабыттанды; демеп шабыт берді. |
| Қанат болды | Талпынды, алуға үмтүлды. |
| Қанат бітті | Ең жақын (аяулы) сүйеніштаянышынан айрылды. |

| | | |
|---|--|---|
| Қанат жайды | | Аяулысы, ең ардақтысы. |
| Қанат қақты (сермеді) | | Еш жәбір-жапа көрсеттірмеді, қиянат жасатпады. |
| Қанаты бүтін сұңқар жоқ, түяғы бүтін тұлпар жоқ | | Жігерлендірді, шабыт берді. |
| Қанаты қайырылды, қанаты сынды | | Сүйемелдейтін жақындары, ага-ині, баласы бар кісіні айтады. |
| Қанатында қияғы | | Серік, сүйеу етті. |
| Қанаттыға қақтырып, тұмсықтыға шоқытпады | | Мінсіз, кемшіліксіз ешбір нәрсе болмайды. |
| Қанатымен ұшып, құйрығымен қонды | | Етек алды, өрледі, дамыды, үдеді. |



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтіннің қандай тұлғага арналғанын айқындаңдар. Логикалық және стильдік түзетулер енгізіп жүйелендер.

Құрметті!

Қаумалаған қалың әлеуметтің бүгінгі басқосуы өбден-ак орынды. Бүгінгі той ардан туып, арман қуған, адам баласы кіслілігінің ең биік өлшемі – терең ой мен биік парасат иесі, сырлы да нұрлы тұлға – Ұстаздың тойы.

Мәдениет сузынының дәмін татқан өрелі елдің бәрінде ұстаз тәрбиесін көрмеген адам болмайды. Адам деген ұлы тұлғаны шетсіз-шексіз шындық тәсізіне жүздіріп, өмірдің бар мәнін жалықастаң үйрететін тәрбиешісіне әрбір адам-зат баласы өз көкірегінен мәңгілік орын беретіні ақиқат. Ал бір кісінің емес, тұтас бір ұлттың көкірегінен орын алатын кісіде арман бар ма?!

Замана тұлғалары үшін мынадай бір ақиқат бар: Заманның өз көкірегінен жомарттықпен туатын үрпақ бар да, заманды жасасар үрпақ бар. Қазақ елінің білім беру саласын жасасқан Сіздің қоғам қайраткері ретіндегі тер төккен еңбек жолының – киелі жолдың алтын парактары.





АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінді оқындар. Курсивпен берілген сөйлемді дамытып, өз ойларымен дәлелдендер.

Баланың бесігі – кең дүниенің есігі

Бейбіт жатқан ауылды жонғарлар шауып, қазактың ма-лын айдалап, егісін таптап кетеді. Жау қорлығынан тоз-тоз болған ел-жұрт таулы жерге қашып, жан сауғалайды. Босқын халық арасында екіқабат жас келіншек бесікті арқалап бара жатады. Қара жолда Төлемен үзенгі қағысып келе жатқан егде кісі:

- Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқанын-ай, – дейді.
- *Баланың бесігі – кең дүниенің есігі*, – депті сонда ақыл-тей Төле би.

«Шешендік сөздер» кітабынан

7-сабак

СӨЗ ДӘЛДІГІ



ТЫҢДАЛЫМ ЖӘНЕ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңданадар. Тілдік терминдер мен ұғымдарды ажыратындар.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіндегі сұлу сөз ұлгілерін және жапсырмада берілген №8 суреттегі табигат көріністерін пайдаланып, «Туган жер табигаты» тақырыбында шағын өңгіме дайындаңдар.

Ана бір жылы жазушы Әbdіжеміл Нұрпейісовтің ауылына барғаным бар. Сонда қарапайым қазақ балықшыларының аузынан небір асыл сөз маржандарын естідім. Бір ғана толқынның өзін олар оннан астам түрге бөледі екен: «сылқылдақ толқын», «ырпылдақ толқын», «ақбас толқын», «ақжал толқын», «бүйра толқын», «дәңбек толқын», «ереуіл толқын», «ексік толқын» деген сөздерді тек сол жолы ғана естідім. Қек жазира теңіз бетіндегі әр алуан толқындарды көргенде халықтың әлгі атауларының соншалықты дәл, соншалықты терең екендігіне көзім жетті.

Мұхаңмен бір кездескенімде осыны айтып, баяғы әңгіме түрткі болмаса, бұларға қоңіл аудара қоюым негайбіл еді деп шынымды айттым.

— Мұның дұрыс екен. Толқынның мен естімеген де тұрларі көп екен. Қанышпен сейлесіп, осындай ел түкпірлеріне экспедиция жіберу керектігін айтам, — деді Мұхаң.

Илияс Омаров, «Біздің Мұхтар» кітабынан

ТІЛДІК БАҒДАР

Сөз дәлдігі

Сөздің дәлдігі немесе айқындығы дегеніміз – сөздің реалды шындықтағы заттар мен құбылыстардың атауларына барынша дәлме-дәл келуі.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтіндегі сөз дәлдігінің ерекшеліктерін көрсетіп айтыңдар.

Дүниеде азбайтын байлық біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде тозбайтын байлық біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде қайтпайтын адал қолдаушың біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде таймайтын адал қорғаушың біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде жарығы тұтас елге түсетін қасиетті шырақ біреу,

Ол – ақыл.

Дүниеде асыл текті жел жетпес пырақ біреу,

Ол – ақыл.

Бөлтірік шешен



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Абай өлеңдерінен алынған ұзінділерден логикалық түбірлес сөздерді тауып жазыңдар.

Керенау, кердең, бір керім,

жақпайды маған сол жерің – ...

Саяламай, сай таппай – ...




Сарғайды жүзіміз, сарылды көзіміз – ...
 Ауыр ойды көтеріп ауырган жан – ...
 Өлсө өлер табиғат, адам өлмес – ...
 Тәңірі сақтар табандап, тап үрса да – ...
 Сендері алмай, сене алмай, сенделеді – ...
 Өлейін деп өлмейді өлерлік жан,
 Өсте өлмесін білгендей қылық қылған – ...



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жапсырмада берілген №9 суреттегі құстардың ұшу мөнерін жан-жақты сипаттайтын сөздерді тауып жазыңдар.



8-сабак

СӨЗ ӘДЕБІ



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқып, сөз әдебіне қатысты тілдік оралымдарды талдаңдар. Сыныптастарыңың сөз әдебіне қатысты «Сөз әдебі – ез әдебін» тақырыбында зерттеу жасаңдар.

Әңгімеге таңғалғаным сонша:

- Мұха, бұл менің ойыма да келмеген жайт екен, – деп шынымды айттым.

9-4392

129

– Бәлі, о не дегенің! Көрмейсің бе, жазып жүрген жігіттеріміздің біразының тілі сақау, баланың тіліндей: әрі шолжан, әрі жұтаң емес пе? – деп Мұхаң бір жымыш қойды. – Сен менің ақындар айтысындағы сөз жинарымды тышқан аңдып отырган мысыққа үқсатыпсың.

– Ол теңеу ғой, Мұха, көңіліңзеге, келіп қалып па еді? – деп ақталған болдым.

– Теңеуің дұрыс-ау, бірақ сөз тышқан емес те, мен мысық емеспін ғой. Сен сөздің қасиетін жетік білсең, әлгібір құрғырларға теңемес те едің-ау, – деп күліп жіберді.

Сасқанымнан: «Әрине, Мұха», – деп айыбымды мойныма алдым.

Сөз әлемі барынша қызық дүние, оның таңғажайып сырларын жете түсініп, қапысыз үғу үшін халық арасында болудың, сұңғыла қариялардың шалқар әңгімелерін тыңдаудың қаншалықты мән-маңызы бар екеніне де Мұханың мәслихатынан кейін ой жүгірттім.

Илияс Омаров, «Біздің Мұхтар» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Қазақ тілінде қалыптасқан теңеу сөздердің дәлдігін табындар. Жас аруды, жігітті сипаттайтын сөздерді сәйкестендіріп айтындар.

| Теңеу сөздер | Жас ару | Жігіт |
|---------------------|---------|-------|
| кербезім | | |
| арыстандай айбаттым | | |
| тотым | | |
| еркетайым | | |
| жолбарыстай жүректі | | |
| үкітайым | | |
| қабыландаі қайратты | | |
| асыл затым | | |
| үкілі қоңыр үйрек | | |
| пілдей қуатты | | |
| көк құрақ | | |
| құладыннан үшқыр | | |
| киіктің лагы | | |
| қудан жүйрік | | |
| құралай | | |





АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Берілген нақыл сөздерді пайдаланып, «Ақылды сөйлеу дегеніміз...» тақырыбында шікірталас үйымдастырыңдар.

Ақылды сөйлеу – қыннның қыны, ақыл безбеніне салып ұндемей қалу – онан да қын.

Кристиан Бауви

Нагыз шешендікті менгерудің жолына төуекел етсөніз, онда өте әділетті және істі шешуде білгір, білімді адам болуга міндеттісіз.

Платон

Шешеннің парызы – шындықты айту.

Платон

Шешендік – ақылмен билеу өнері.

Платон

Барлық заманда тіл байлығы мен шешендік өнер қатар жүріп келеді.

Антон Чехов

Шешендіктің тұп мақсаты – адамдарды иландыру.

Филип Честерфилд

Созбақтай берсе, ең тамаша сөз де жалықтырып жібереді.

Блез Паскаль



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің құрамындағы артық түрган тілдік бірліктерді алып тастан, ықшамдаң дұрыс жазыңдар.

- 1) Елдің ерлігі ерінен танылады,
Елдің байлығы жерінен танылды.
- 2) Ел үмітін ер ақтайды,
Ер атағын ел сақтайды.
- 3) Жеті жүрттың тілін біліп жүр,
Жеті түрлі білім біліп ал.

- 4) Білекті бірді жығып тастар,
Білімді мынды жығар.
- 5) Өзің елді сыйламасаң,
Ел де сені сыйламайды.
- 6) Жігітке жеті өнер аз болады,
Жетпіс өнер көп болмайды.
- 7) Өнерлінің өнерін үйреніп ал,
Жақпаса мінезінен жиреніп кет.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Мәтінге керекті тыныс белгісін қойып, қателерін түзеп, түсіндіріп, көшіріп жазындар.

Абылай мен қарғысшыл қалмақ

Абылай қалмақтың қарғысшылынан қарғыстың жамаңы қандай деп сұрағанда қарғысшыл бірінші Шебің жапырылмасын депті Мені кедей бол дегенің ғой бұл қарғыс емес Халқым бай болса бір менің кедейлігім кемшілік емес депті Абылай Екінші Құлің шашылмасын депті. Бұ да қарғыс емес балаң болмасын дегенің ғой өзім жақсы болсам халықтың бәрі менің балам депті Үшінші Өзің білме білгеннің тілін алма депті Міне жаман қарғыс осы депті Абылай.

«Шешендік сөздер» кітабынан

9-сабак**СӨЗ БЕДЕРІ**

ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқындар. Мәтіндегі дерексіз үғымды білдіретін сөздерді теріп жазындар.

Әрине, көктем далада ғана емес, қалада да көктем. Бірақ қаладағы көктем, Толстой бейнелегендей, бірнеше жұмың адамның бір аядай алқапқа жиналып, өздері үйлиға тығылған сол жердің астын үстіне шығара таспен бастырып, оның саңылауынан қылтанақ көрінсе отап, жұлып, қып тастап, орнына көмір мен мұнай жағып, түтінмен ыстап, талын



қырқып, малын қуып, құсын үркітіп, әбден өрін алып, ажарын кетірген көктем.

Сондықтан Мұхтар бүгінде қалада жүріп даланы сағынады. Түбінде Мұхтардың мұхтарлығы дәл осы далага деген сағынышта жататын шығар. Tipi кісі жыл өткен саиын ілгерілейді, өседі десек, Мұхтарды ілгерілететін, өсіретін осынау далага деген сағыныш болса керек. Даласын сағынып өсіп келеді Мұхтар...

Зейнолла Қабдол, «Мениң Өуезовім» роман-эссе сінен



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінге керекті тыныс белгілерін қойып, қателерін түзеп, түсіндіріп жазындар.

Ер намысына қарай шабады

Сырым бір жылы Орта жүзге барғанда Бала би шешенге кез келеді Сырым мен Бала би екеуі көп өңгімелеседі

Бала би Сіз ағайынды нешеу едіңіз дейді Сырым Мен ағайынды екеумін дейді

Бала би Сізді Даттан ағайынды он бір деп естуші едік дейді.

Сырым Сіз түсінбедіңіз мен Даттан он бір еkenім рас бірақ та олардың маған далада қанша керегі бар менің ағайынды екеумін дегенім біреуі өзім екіншісі көвшілік халқым еді дейді

Бала би Үгітті ақылды қандай адамға айту керек дейді

Сырым Үгітті үққанға ақылды жүққанға айту керек дейді

Бала би Ат пен ер қандай жерде не үшін шабады дейді

Сырым Ат шабысына қарай ер намысына қарай шабады дейді

Бала би Дүниеде не тәтті дейді

Сырым Аста тұз тәтті адамда дос тәтті дейді

«Шешендік сөздер» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің сәйкестігін тауып айттындар.

1) Сөз жүйесін тапса, ...

Уәде – ердің опасы.

2) Тілге шешен, ...

Атадан – нақыл.

- | | |
|----------------------------------|----------------------------|
| 3) Мақал – сөздің атасы, ... | Батырдың аты өлмейді. |
| 4) Агадан – ақыл, ... | Мал иесін табар. |
| 5) Қесір сөзде – қырысқ көп, ... | Іске мешел. |
| 6) Ақынның хаты өлмейді, ... | Оқпанға құйған сумен тең. |
| 7) Үқпас құлаққа айтқан сөз, ... | Кесір адамда – тыртық көп. |



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді абзацқа бөліп, тыныс белгілерін қойып жазыңдар.

Анау сүршә белден бергі ұлан-асыр Ойжайлау мынау Мұхтар тұрган Қектебеге дейін жұқа қызығылт нұрға балқиды Жайлауда ауыл-ауыл болып жағалай қонған Қектебенің іргесін көмкере ойдым-ойдым қотандасып тігілген ақ боз үйлер үйден үйге кіріп қарбаласқан ауылдан ауылға бара жатқан үлкенді-кішілі әйел-еркектер қызы-келіншектер ауыл сыртына алтыбақан орнатып өткеншек тепкен өн салып күй тартқан мың бұралып би билеген көңілді жастар одан әрі анау сарқырама бұлақ бойында мынау көк айдын қоғалы көл жағасында ат ойнатқан ит жүгіртіп құс салған шабандоз сері жігіттер бөрінен аулақ ошарылып бірақ жайлау шетін тегіс басқан түгел жапқан қарақұрым мал ауыл адамдарының өніне үн қоса жамыраған жас төл боздаған бота маңыраған қозы кісінеген құлыш бөрін ертегідей мұнарта кіреукеlegen торғын шымылдық тәрізді жұқа қызығылт нұр Әдемі, әсем

Зейнолла Қабдол, «Менің Әуезовім» роман-әссеңінен



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» тақырыбында дискуссиятті эссе жазыңдар.

10-сабак

СӨЗ СЫНЫ



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді мұқият оқыңдар. Негізгі ойды анықтап, көтерілген мәселе бойынша сыйныпта ойталқы үйымдастырыңдар.

Айтыс үш күнге созылды. Мұқаң болса: маңдайы жарқырап, блокнотын тастамай, үнемі бір нәрселерді түртіп алу-



мен болды. Әр ақын сөзін зор зейінмен тыңдал, қошеметшіл көбіктеу сөзді қабагымен тыйып тастаңқырап отырды. Асыл сөзді құлағы шалса, жадырап, жасап қалады.

Бір үзілісте, түстеп анық көру ниетімен қасына келдім де:

– Мұқа, ақындар сөзін саралау ойындасыз ғой деймін, қаламыңыз түспейді, – дедім.

– Жаңа сөзді, теңеулерді терем. Бұлардың әрқайсысын бір-бір жапырақ қағазбен нокталап, тілдерін байлан қойдық қой, еріктеріне жіберсек, сөздің не шұрайлысын естір едік, – деп өкініш білдірді. Осы пікірін кейінірек және бір есіне салғанымда:

– *Бәлі, сөз шіркінге шегара болушы ма еді, тере білсең байсың, термесең, ізdemесең, естімесең сөз екеш сөзге де жарымайсың.* Сөз дегеніміз – жазушының азығы рой, – деп масаттана сөйлемді.

Илияс Омаров, «Біздің Мұхтар» кітабынан



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіннің тілдік оралымдарына талдау жасаңдар. Мәтіндегі жазушының сөйлеу әдебіне назар аударыңдар.

«Есмагамбет Ысмайыловқа
18.06.1961 ж. Москва-Кунцево

Ең қымбатты інім, досым Есет!

Кеше хатынды алып ем, оқта-текте бір айтылатын көңілжүрек сөздері айтылған еken. Алғыс деген азгана. Орайына сондай шындық жүрек құшагы лайық та. Мен сені қазак әдебиетінің, әдебиет ғылымының айнымас, қажымас, жылдар жүрсе арымас жегіндісі – Еңбек торысы дейім. Сол үшін сүйем де, бек бағалаймын. Адамдығың, адалдық достырың өзінше бір дара. Мені көп айтыпсың, көп жүрген соң, жақсыжаман ұзақ өмір жолыма жамала беретін шығар. «Көп жүрген» дегеннен шығады. Бұрын жасы үлкеннің жақсыбелгісі есебінде «бір кейлекті бұрын тоздырганым рой» дейтін еді. Кейлекті бұрын тоздыра жүріп, өзін де қоса тоздыра жүретіні есепке алынбайтын.

Мен тегі өмірдің әрі-қыры, биігі мен ойпацы, қысталанацы, шатқалаңы дегенді көбірек көргенмін.

Бірақ бәрінен де үдайы сау, сергек кеудемен, өсіреке өмірді таза мол суюмен өтіп келемін. Солай топшыласам: күйгенімнен – сүйгенім көп, түңілгенімнен де – сенгіштігім көп, жиренгенімнен гөрі құмартқаным көп, бүгінгі өмірді шабыттана суюім, шексіз қызыға суюім анық мол.

ҮЙ ішіне тегіс сәлем, қош.

Мұхтар Әуезов».

*Мұхтар Әуезов, Шыгармаларының
елу томдық толық жинағы, 50-том*



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Шешендікке қатысты нақыл сөздерді пайдала-нын, шағын мәтін жазындар.

Ел бастау қыын емес,
Қонатын жерден көл табылады.
Қол бастау қыын емес,
Шабатын жерден ел табылады,
Шаршы топта сез бастаудан қыынды көргем жоқ.

Бұқар жырау

Бидің айтқанын құл да айтады, бірақ аузының дауасы жоқ.

Төле би



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Берілген мақал-мәтелдердің тиісті сөздерін қойып, көшіріп жазындар.

- 1) Өнер алды –
- 2) Басқа пәле
- 3) Піл көтермегенді
- 4) Сөз тапқанға
- 5) Шешеннің сөзі – мерген,



- 6) Өтірікшінің шын сөзі
 7) Жақсы байқап сейлер,
-



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөйлемді қойып жазыңдар.

Дүниеде не жетім?
(Шешендік сөздер)

Ел жағалай қонбаса,

.....

Ұлығы әділ болмаса,
 Тересін тұзу бермесе,

.....

Оз бетімен білмесе,
 Айтқан сөзге ермесе,

.....

Замандасы болмаса,
 Өңкей жастың ішінде

.....

Қара қасты, қыпша бел
 Сыландаста алдында,
 Сөзінді қабыл алмаса,

.....

Еңбегі еш, тұзы сор,
 Көргенсіз болса алғаны,

.....

Үқпасқа айтқан сөз жетім.

Құр қараған көз жетім.

Өмір бойы ер жетім.

Қария болар тез жетім.

Болады байтақ ел жетім.

Бетегелі бел жетім.

ГЛОССАРИЙ

Алаш партиясы – қазақтың тұңғыш ұлттық-демократиялық партиясы (1917–1920).

Аргументативті эссе – көбінесе қарама-қайшылық тудыратын тақырыптарда жазылатын шығарма. Аргументтер қолдайтын себептермен бірге берілуі тиіс. Қарсы ойларды көрсету немесе оларды жоққа шығару – бұл эссе типінің жалпы сипаттамасы.

Археологиялық ескерткіштер – халықтардың ежелгі тарихына қатысты материалдық мәдениетінің ескерткіштері. Олар: қалашиқтар мен қалалар; ежелгі қоныстардың қалдықтары; обалар, қабір үстіне орнатылған ескерткіштер мен салт-дәстүрлік құрылыштар; адамның еңбек қызметін сипаттайтын ескерткіштер; тасқа және цүгірде қашалған жазулар; табылған жекелеген қазбалардың орындары.

Асадал – тамақ және ыдыс-аяқ сақтайтын үй жиһазы, кебеженің бір түрі.

Ас беру – дүниеден өткен ірі тұлғаларды еске алу рәсімі.

Өдеби тіл – жалпыхалықтың тілдің белгілі жүйеге түсін, жазу дәстүрі мен әртүрлі жазба және ауыз әдебиетінің негізінде қалыптасқан тұрақты, орнықсан қалыптары, стильдік-жанрлық тармақтары бар, сол тілде сөйлейтін адамдардың бәріне ортақ, түсінікті тіл.

БҮҮ – Біріккен Үлттар Үйымы.

Диалектизм – белгілі бір аймаққа тараған тілдік ерекшеліктер мен сөздердің қолданысы.

Диаспора – ұлттың атажұрты болып табылатын елден тысқары әмір сүретін халықтың бір белгі.

Драматургия – көркем әдеби тек (драма, трагедия, комедия) жанрларының өнернамалық жүйесі.

Жасыл экономика – бұл адам өмірінің үдайы өндірісіне қажетті табиги негізді бұзбайтын, биосфераның шаруашылық сыйымдылығы шеңберінде дамитын экономика.

Жоралғы – әр адамның еңбегіне, ататегіне, туыстық қатынастығына сай жасалатын алыс-беріс, сый-сияпат ретінде берілетін тарту-таралғы.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір белгілі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай дағдаратын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.



Илон Маск – американалық кәсіпкер, инженер, өнертапқыш.

Инжиниринг – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды өндірістік деңгейге дейін жеткізетін, өндірістік, коммерциялық және ғылыми-техникалық сипаттағы кешенді қызметтер көрсету бойынша қызмет түрі.

Инновация – қазіргі ойлау үлгісі мен дәстүрлі таным ерекшелігіне үқсамайтын жаңа ойлау жүйесін тауып шыгару, кезектегі білім мен материалдық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, көнені өңдеу, бар нәрсені жақсарту, кем нәрсені толықтыру, жаңадан жаңалық табу.

Интеграция – бір үлкен ортақ нарық құру мақсатымен жекелеген елдердің әрқайсысының нарықтарын жақындату, экономикалық нысандарды жуықтасуы, өзара астасуы.

Кесене – қабір, бейіт, зират, мола басына салынған күмбезді мәдени-тариҳи ескерткіш.

Құндылықтар жүйесі – бір заттың маңыздылығы, пайдалылығы. Сырттай құндылық зат не құбылыстың қасиеті болып анықталады.

Лирика – адамның көңіл күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді. Лирикалық шығармалар елецмен жазылады, онда автордың немесе кейіпкердің дүниеге көзқарасы, оның сезімі, нақты ойы, көңіл күйін суреттеу әсерлеп бейнелеу арқылы көрсетіледі.

Михраб – мешіттің ішінде Меккеге қараган қабырғасында құбылаға қаратса салынған ішкі қуыс белігі.

Монумент – сөүлет-құрылым кешені.

Пагода – діни ғибадат орны.

Проза – қара сөзben жазылған шығарма.

Сал-серілер – дәстүрлі қазақ қоғамында ерекше өнер-паздықпен байланысты ұғым. Ірі өкілдері: Біржан сал, Ақан сері т.б.

Симфониялық оркестр – ішекті, ысқышты, үрлемелі және соқпалы музыка аспаптары тобынан құралған оркестр.

Сингармонизм заңы – үндестік заңы. Үндестік заңы – түркі тілдерінің дыбыстық жүйесіндегі басты заң.

Сингармонизм – тілдің бүкіл фонетикалық бейнесін, дыбыс жүйесі мен буын жүйесінің ерекшелігін, сөйлеу нормасын айқындастырып құбылым. Сингармонизм бойынша сөздер не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіцишке, не еріндік, не езуілік

болып айтылады. Түбірге жалғанатын қосымшалар да осы заңдылыққа бағынады.

Сопы – сопылық (діни) ағымның өкілі.

Стив Джобс – американлық өнертапқыш.

Сына жазуы – сына жазуы, шумер жазуы – б.з.б. 4–3-мыңжылдықтарда Алдыңғы Азияда кең тараған көне жазу түрі. Сына тәріздес сзықшалардың үйлесімді жиынтығы болып табылатын мұндай жазуларды шумерлер, аккадтықтар, эламдықтар, хурриттер қолданған.

Түркі өркениеті – түркі халықтарының ежелден келе жатқан бай өдеби, мәдени мұрасы.

Ұлттық буржуазия – елдегі капиталдың едөуір бөлігін иемденген әлеуметтік топ. Оның табыс көзін өндіріс пен саудадағы және қаржы-несие салаларындағы кәсіпкерлік қызметі құрайды.

Философия – адамзат баласының сонау көне замандардан басталған білімі, қоғамдық сананың формасы, болмыс пен танымның жалпы заңдылықтары туралы ілім.

Шошала – қазақ халқының көне асүйі.

Шумер ілімі – Месопотамия ойпатының оңтүстігінде орналасқан ежелгі тарихи аймақ. Өркениет көшінде қалдырыған мураларын зерттеу ілімі.

Экспорт – тауарды, капиталды, жұмыстарды, қызметтерді, зияткерлік қызмет нәтижелерін, соның ішінде, оларға айрықша құқықтарды сыртқы нарықтарға өткізу үшін шетелге өкету.

ЭКСПО көрмесі – дүниежүзілік көрмелер, онда дүние жүзінің елдері өздерінің ғылымдағы, техникадағы, мәдениеттегі және өнердегі жетістіктерін көрсетеді.

ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі үйымы.

МАЗМУНЫ

Алғы сөз 3

I бөлім. Тіл және Алаш идеясы

Сөз мәдениеті

| | | |
|------------------|----------------------------------|----|
| <i>1-сабақ.</i> | Тіл идеясы..... | 4 |
| <i>2-сабақ.</i> | Тіл – өнер..... | 5 |
| <i>3-сабақ.</i> | «Алаштың» тілдік мұрасы..... | 7 |
| <i>4-сабақ.</i> | Ана тілім – ардағым | 9 |
| <i>5-сабақ.</i> | Алаш ұраны | 11 |
| <i>6-сабақ.</i> | Алаш мұрасы..... | 12 |
| <i>7-сабақ.</i> | Үлтты сую тілден басталады | 13 |
| <i>8-сабақ.</i> | Тіл – үлттың жаны..... | 15 |
| <i>9-сабақ.</i> | Тіл – адам жанының тілмашы | 16 |
| <i>10-сабақ.</i> | Алаштың бас шығармасы | 18 |

II бөлім. Әлем жағалықтары: өнер және мәдениет

Сөз мәдениеті

| | | |
|-----------------|---------------------------------|----|
| <i>1-сабақ.</i> | Өнші Майра | 20 |
| <i>2-сабақ.</i> | Өнер дүлдүлі..... | 21 |
| <i>3-сабақ.</i> | Өнердің өрен жүйріктепері | 23 |
| <i>4-сабақ.</i> | Дәстүрлі ән дарабозы.. | 25 |
| <i>5-сабақ.</i> | Өнерлігे өріс кең..... | 26 |
| <i>6-сабақ.</i> | Ел іші – өнер кеніші..... | 28 |
| <i>7-сабақ.</i> | Үлттық өнерді ұлықтайық | 29 |
| <i>8-сабақ.</i> | Қазақтың күй өнері | 31 |

III бөлім. Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет

Тілдік жүйе және норма

| | | |
|------------------|-----------------------------|----|
| <i>1-сабақ.</i> | Құндылықтар жүйесі | 34 |
| <i>2-сабақ.</i> | Үлттық құндылықтар | 36 |
| <i>3-сабақ.</i> | Қоғамдық құндылықтар | 39 |
| <i>4-сабақ.</i> | Дәстүрлі мәдениет | 40 |
| <i>5-сабақ.</i> | Рухани байлық | 43 |
| <i>6-сабақ.</i> | Туган жерге туың тік..... | 45 |
| <i>7-сабақ.</i> | Тамыры терең мәдениет | 47 |
| <i>8-сабақ.</i> | Өркениет | 49 |
| <i>9-сабақ.</i> | Қазіргі айтыс | 51 |
| <i>10-сабақ.</i> | Өнерпаз болсаң арқалан... | 53 |

IV бөлім. Экономикалық интеграция – бүгінгі күннің даму үрдісі
Тілдік жүйе және норма

| | | |
|----------|----------------------------------|----|
| 1-сабак. | Нарық жолы | 55 |
| 2-сабак. | Экономикалық ынтымақтастық | 57 |
| 3-сабак. | Экономикалық өрлеу | 58 |
| 4-сабак. | Экономикалық әріптестік | 60 |
| 5-сабак. | Мәденилік ел мұраттары | 61 |
| 6-сабак. | Табысты даму жолы | 62 |

V бөлім. Білім. Фылым. Инновация
Тілдік жүйе және норма

| | | |
|----------|--|----|
| 1-сабак. | Білім. Фылым. Инновация | 65 |
| 2-сабак. | Болашақ энергиясы | 66 |
| 3-сабак. | Білімдіден шыққан сөз | 67 |
| 4-сабак. | Дүниенің ең үлкен қазынасы – білім | 69 |
| 5-сабак. | Талап қыл артық білуге | 71 |
| 6-сабак. | Инновациялық даму | 73 |

VI бөлім. Қазіргі қоғам: әлеуметтік тәсілдік
Тілдік жүйе және стиль

| | | |
|----------|---------------------------------|----|
| 1-сабак. | Еңбек етсең ерінбей... | 76 |
| 2-сабак. | Әлеуметтік орта | 79 |
| 3-сабак. | Халықты әлеуметтік қорғау | 81 |
| 4-сабак. | Кең болсаң, кем болмайсың | 83 |
| 5-сабак. | Адамзаттың бәрін сүй | 85 |
| 6-сабак. | Тұрмыс тауқыметі | 86 |

VII бөлім. Сәулет өнері
Стильдік ерекшеліктер

| | | |
|----------|----------------------------------|----|
| 1-сабак. | Халық сәулеткерлігі | 88 |
| 2-сабак. | Ежелгі қала сыры | 91 |
| 3-сабак. | Тарихи-мәдени ескерткіштер | 92 |
| 4-сабак. | Ғажайып мұра | 94 |
| 5-сабак. | Әлем кереметтері | 96 |
| 6-сабак. | Астана ғажайыптары | 98 |

VIII бөлім. Қазіргі әлемдегі саясат және жаһандық мәселелер
Пунктуация

| | | |
|----------|---------------------------|-----|
| 1-сабак. | Әлем және Қазақстан | 101 |
|----------|---------------------------|-----|



| | | |
|----------|------------------------------------|-----|
| 2-сабақ. | Мәңгілік ел..... | 102 |
| 3-сабақ. | Қазақстанның сыртқы саясаты | 103 |
| 4-сабақ. | Жаһандық мәселелер | 105 |
| 5-сабақ. | Айналаң – аялы алтын бесігің | 107 |
| 6-сабақ. | Басты құндылық – бейбітшілік..... | 108 |

IX бөлім. Сөз мәдениеті және шешендік өнер

Пунктуация

| | | |
|-----------|---------------------------|-----|
| 1-сабақ. | Асыл сөз..... | 111 |
| 2-сабақ. | Сөз сыры | 113 |
| 3-сабақ. | Тауып сөйлеу – өнер | 116 |
| 4-сабақ. | Сөз өрнегі | 119 |
| 5-сабақ. | Сөз сапасы | 121 |
| 6-сабақ. | Сұлу сөз | 123 |
| 7-сабақ. | Сөз дәлдігі | 127 |
| 8-сабақ. | Сөз әдебі | 129 |
| 9-сабақ. | Сөз бедері | 132 |
| 10-сабақ. | Сөз сыны | 134 |
| | Глоссарий | 138 |

Оқу басылымы
Балтабаева Жаңалық Қылышқызы
Арын Ержан Омарұлы
Әбдіраман Гүлнаز Ыбырайқызы

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағыттагы 10-сыныбына арналған оқулық

Редакторы *P. Райбаева*
Көркемдеуші редакторы *A. Бекқожанова*
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*
Корректоры *E. Амангелді*
Компьютерде беттеген *G. Тасыбаева*

ИБ № 049

Теруге 10.02.2019 берілді. Басута 11.06.2019 қол қойылды. Пішімі 60x90 ^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Мектептік қарп. Офсеттік басылым. Шартты баспа табагы 9,0.
Есептік баспа табагы 7,91. Тарапалымы 7000 дана. №4392 тапсырыс.

«Атамура» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамура» корпорациясы» ЖШС-нің
Полиграфкомбинаты, 050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

